

Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайпақ...  
АБАЙ.

ISSN 2410-6712



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**7/2015**

**МАУСЫМ**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,  
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

<b>Н.СҰЛТАНОВА.</b>	<b>Таным табиғатында</b> А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Әуезовтің әлеуметтік-қоғамдық идеяларының сабақтастығын оқу-тәрбие үдерісіне ендіру.....5 Ұлылар үндестігі.....17
<b>Р.БЕКМОЛДИНА.</b>	
<b>Р.ЖҰМАҒАЛИЕВА.</b>	<b>Көкейкесті көзқарас</b> Мемлекеттік тілді оқытуда ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз ету жолдары.....24
<b>Ү.НАСИЕВА.</b>	<b>Көмекші құрал</b> «Қазақ тілінің стилистикасы» колданбалы курсының бағдарламасы.....36
<b>Г.НУРМАНОВА.</b>	Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы.....49
<b>С.ҚАЛИЕВА.</b>	<b>Жас маманға жәрдем</b> Абай – дана, Абай – дара қазақта.....58
<b>Ә.ТҰРСЫНОВА.</b>	Шыңғыс Айтматов. «Найман-Ана».....74
<b>К.ТОҚТАРБЕКОВА.</b>	Абай қара сөздерін сатылай кешенді талдау.....78
<b>Ғ.БАЙНИЯЗОВА.</b>	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Қалқаман-Мамыр» поэмасы.....81
<b>А.ҚОҢҚАЕВА.</b>	Тахауи Ахтанов. «Күй аңызы».....90
<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
<b>А.САҚТАҒАНОВА.</b>	М.Әуезов. «Қараш-Қараш» оқиғасы.....95
<b>Ү.КӘРІБАЕВА.</b>	Қашаған Қуржیمانұлы.....98
<b>А.ТҰРДАЛИЕВА.</b>	Жамбыл Жабаев өмірі мен шығармашылығы.....102
<b>С.РАИМКҰЛОВА.</b>	С.Сейфуллин. «Дала» өлеңі.....107
<b>Л.ТҰРСЫНОВА.</b>	Бұқар жырау Қалқаманұлы.....110
<b>Э.САҒЫНДЫҚОВА.</b>	Ж.Аймауытов. «Әнші» әңгімесі.....113
<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
<b>Х.ІЛІЯСОВА.</b>	Үстудің мағыналық түрлері.....116
<b>Р.ЖҰМАШЕВА.</b>	Жинақтық, болжалдық сан есімдер.....119
<b>Н.ТОҚБЕРГЕНОВА.</b>	Анықтауыш.....123
<b>Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА.</b>	Эвфемизм мен дисфемизм.....126
<b>Ж.СӘКЕНОВА.</b>	<b>Сыныптан тыс шара</b> Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы.....130
<b>А.ИСИНА.</b>	Абайдың інілері, қазақтың ірілері – Сәкен, Ілияс, Бейімбет.....136
	Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің баспасөз қызметінің Баспасөз Хабарламасы.....140

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Н.СҰЛТАНОВА.</b>	<b>Познание</b> Введение в учебно-воспитательный процесс идеи духовно-нравственного воспитания в работах А.Кунанбайулы, Ш.Кудайбердиулы и М.Ауезова.....5 Созвучие Великих.....17
<b>Р.БЕКМОЛДИНА.</b>	
<b>Р.ЖУМАГАЛИЕВА.</b>	<b>Актуальный взгляд</b> Нормативно-правовое обеспечение для обучения государственному языку.....24
<b>У.НАСИЕВА.</b>	<b>Приложение</b> Программа прикладного курса «Стилистика казахского языка».....36
<b>Г.НУРМАНОВА.</b>	Организация самостоятельной работы учащихся.....49
<b>С.КАЛИЕВА.</b>	<b>В помощь молодому специалисту</b> Мудрый Абай .....58
<b>А.ТУРСЫНОВА.</b>	Чингиз Айтматов. Легенда о матери «Найман-Ана».....74
<b>К.ТОҚТАРБЕКОВА.</b>	Комплексный уровневый анализ слов назиданий Абая .....78
<b>Г.БАЙНИЯЗОВА.</b>	Шакарим Кудайбердиев. Поэма «Қалқаман-Мамыр» .....81
<b>А.ҚОҢҚАЕВА.</b>	Тахауи Ахтанов. «Күй анызы».....90
<b>Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе</b>	
<b>А.САҚТАҒАНОВА.</b>	М.Ауезов. «История Караш-Караш» .....95
<b>У.КӘРІБАЕВА.</b>	Қашаған Қуржیمانұлы.....98
<b>А.ТҰРДАЛИЕВА.</b>	Жизнь и творчество Жамбыла Жабаева.....102
<b>С.РАИМКҰЛОВА.</b>	С.Сейфуллин. Поэма «Степь».....107
<b>Л.ТҰРСЫНОВА.</b>	Бұхар жырау Қалқаманұлы.....110
<b>Э.САҒЫНДЫҚОВА.</b>	Ж.Аймауытов. Рассказ «Певец».....113
<b>Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе</b>	
<b>Х.ІЛІЯСОВА.</b>	Смысловые группы наречий .....116
<b>Р.ЖУМАШЕВА.</b>	Имя числительное: собирательные и приблизительные.....119
<b>Ж.УТЕШҚАЛИЕВА.</b>	Эвфемизмы мен дисфемизмы.....123
<b>Н.ТОҚБЕРГЕНОВА.</b>	Определение.....129
<b>Ж.САКЕНОВА.</b>	<b>Внеклассная работа</b> Трилогия И.Есенберлина «Кочевники».....130
<b>А.ИСИНА.</b>	Достойные преемники Абая, выдающиеся - Сәкен, Ілияс, Бейімбет .....136

## CONTENT

<b>Knowledge</b>	
N.SULTANOVA.	Introduction to the educational process of the idea of moral education in the works of Kunanbayuly, Sh.Kudayberdiuly and M. Aueyzov .....5
R.BEKMOLDINA.	Accord of Great people.....17
<b>At a Glance</b>	
R.ZHUMAGALIEVA.	Standard legal support for training the state language .....24
<b>Appendix</b>	
U.NASIYEVA.	Program of the applied course «Stylistics of the Kazakh Language».....36
G.NURMANOVA.	Organization of independent work of students .....49
<b>For the aid to the young specialist</b>	
S.KALIYEVA.	Wise Abay.....58
A.TURSYNOVA.	Chingiz Aitmatov. Legend about the mother «Naiman-Ana» .....74
K.TOKTARBEKOVA.	Complex-level analysis of words edifications of Abay.....78
G.BAYNIYAZOVA.	Shakarim Kudayberdiev Poem «Kalkaman-Mamy».....81
A.KONKAEVA.	Takhaui Akhtanov. «Kui anyz» .....90
<b>Kazakh literature: advanced technology</b>	
A.SAKTAGANOVA.	M.Aueyzov. The history of «Karash-Karash» .....95
U.KARIBAEVA.	Kashagan Kurzhimanuly .....98
A.TURDALIYEVA.	Life and works of Zhambyl Zhabayev.....102
S.RAIMKULOVA.	S.Seyfullin. Poem «Steppe».....107
L.TURSYNOVA.	Bukhar zhyrau Kalkamanuly .....110
E.SAGYNDYKOVA.	Zh.Aimauytov. Story «Singer».....113
<b>Kazakh language: advanced technology in training</b>	
KH.ILYASOVA.	Semantic groups of adverbs.....116
R.ZHUMASHEVA.	Numerals: collective numerals and approximate numerals .....119
Zh.UTESHKALIYEVA.	Euphemisms and disfemizm.....123
N.TOKBERGENOVA.	Determination .....126
<b>Out-of-class work</b>	
Zh.SAKENOVA.	I.Esenberlin's trilogy «Nomads».....130
A.ISINA.	Worthy successors of Abay outstanding - Sacken, Ilyyas, Beyimbet .....136

**Н.СҰЛТАНОВА,**  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент,  
Шәкәрім атындағы  
Семей мемлекеттік университеті

## **А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ, Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ, М.ӘУЕЗОВТИҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ҚОҒАМДЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ ЕНДІРУ**

Мақалада автор Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезовтің шығармаларынан үзінділер келтіріп, салыстырып, әлеуметтік-қоғамдық идеяларының сабақтастығын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мәселелерін қарастырған. Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларын зерттеген ғылыми жұмыстар мен диссертациялардан үзінділер, мысалдар келтірілген.

**Түйін сөздер:** қоғамдық идея, ақын-жазушылар, оқыту әдістемесі.

XXI ғасырға аяқ басқан Қазақстан күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңғырулар тұсында тұр. Қоғам дамуының тарихи жаңа кезеңі қоғамның барлық саласындағы уақыт тудырған күрделі әлеуметтік өзгерістермен айқындалады. Тәуелсіздікке ие болған 22

жыл ішінде Қазақстан мемлекеті жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, өзгермелі әлеуметтік жағдайда жана қазақстандық қоғам дүниеге келді.

Бүгінде өз тағдырын өзі айқындаған Қазақстан оның бүкіл халқы, экономикасы мен әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, ғылымы, білімі қоғамның жаңа даму белесінде. 20 жылдық тарихымызға көз жіберсек, қоғам мен экономиканың дамуы ашық сипатқа ие болды. Демократиялық бағыт кең өріс алып, адамға жан-жақты экономикалық, саяси, діни таңдау еркіндігі, құқығы, еркін ойлау, еркін сөйлеу құқығы жүзеге асырылды, десек те қабылданған қаулылар, ұсынылған әдістемелік немесе теориялық тағылымдық талаптар дәл қазіргі таңда, толыққанды қызмет көрсетіп отырған жоқ деп тұжырымдасақ қателесе қоймаспыз. Өйткені қаншалықты мемлекеттік мекемелерде теория жүзінде нақтылы ережелер тобы қабылдағанымен де іс жүзінде олар тек игілікті ынталандыру деңгейінде ғана қалып отыр. Оның себептері көп жағдайларда кейбір қалыптасып қалған ұйымдарға: экономиканың төмендеуі, өндірістің аздығы, жұмыссыздықтың қолданылып отырған мемлекеттік шараларға қарамастан өсе түсуі, жаңа әлеуметтік топтардың арасындағы алшақтықтың арта түсуі, осындай жалпыға ортақ әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани тоқыраушылықтарға байланысты болып отыр. Әлеуметтік жағдайды күшейту еңбек пен тұрмыс, білім мен мәдениет, кәсіби өсу мен қызмет бабында өсу, бос уақытты дұрыс пайдалану, тағы басқа қоғамдық мәнді мүдделерді дамытып, неғұрлым толық қанағаттандыру керек.

«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Елбасымыздың Жолдауында әлеуметтік қамту туралы:

«Әлеуметтік мәселелер мемлекет үшін басымдықтар қатарында болып келеді және болып қала береді. 2005

жылдан бастап «Міндетті әлеуметтік сақтандыру» туралы заң қабылданды.

«Әлеуметтік сала мен адам ресурстарын дамыту Қазақстан үшін шешуші ұзақ мерзімді басымдық болып табылады» деп айрықша баға берді [1].

Данышпан Абайдың «Адам бол» атты гуманистік ойы, сонау Қожа Ахмет Иассауиден халқымыздың бойына сіңген өзіндік философиясына тән. Иассаудің басты еңбегі «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы) рухани және гуманистік бағытта жазылған. Біздер тарихи сабақтастық тұрғыдан қарасақ, Абай шығармашылығына Қожа Ахмет Иассауидің сопылық және этикалық идеялары әсер еткен. Қожа Ахмет Иассауиға әл Фарабидің шығармашылығы негіз болған. Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов кезінде көптеген Шығыс халқының кемеңгер ойшылдарының (Физули, Шамси, Сейхали, Науаи, Саади, Фирдоуси, Қожа, Хафиз) шығармашылықтарымен жақсы таныс болған. Олар үш ұлы тұлғаға ғұлама, ойшыл болуға көмектесті. Қожа Ахмет Иассауи рухани мұрасының әсері Абай еңбектерінен анық сезіледі. Ендеше Қожа Ахмет Иассауидің Абай әлеміне қосқан өзіндік үлесі бар. Оны ақынның 38-қара сөзінен байқаймыз. Балаларды оқытып-үйретуде зорлық-зомбылықты негізгі қару ететін дүмше молдаларды сынап отырып, ол былай деген: «олардың адамшылығының кәмелет таппағаны – қиынның қиыны. Себебі, Алла тағала өзі – ақиқат жолы. Ақиқат пен растық – қиянаттың дұшпаны». «Әркім өзінің сенімінде құтқарушыны көруі тиіс», «Біздің ата-бабаларымыз айтып өткен – Алла тағала біреу және ол барлық жерде деген сөз дұрыс деуге болады». «Дінге деген сенім адамды Аллаға жақындата түседі, сондықтан ол адалдыққа, әділдікке, мейірімділікке ұмтылады», «Сопы Алаяр айтқандай, бәрінен де ең жоғары тұратын бір ерекше Ақиқат болады». Осындай тарихи

үндестік, сарындас ой-пікірлер Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылығында жиі кездеседі.

І.Р.Халитова «Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері» атты әдістемелік құралында жалпы әлеуметтік-педагогтарды даярлау мәселесі, ауылды жердегі әлеуметтік мәселелер, ата-ананың баланы әлеуметтендірудегі орны, қазіргі кездегі әлеуметтік педагогиканы зерттеу әдістеріне байланысты мәселелерін қарастырды [2.56-б.].

А.С.Елемесова “Абай шығармаларындағы рухани-адамгершілік мұралары” тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бұл ғылыми-зерттеу жұмысында “ақыл”, “иман”, “имандылық” ұғымдары мен рухани-адамгершілік тәрбиесіне түсінік беріліп, Абай Құнанбайұлының тамаша педагогикалық ойлары ғылыми айналымға түсуінің мүмкіндіктері негізделген [3. 45-50-б.].

Сонымен қатар 2001 жылы Р.К.Төлеубекова “Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік – мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері” тақырыбына жазған докторлық диссертациясында жеке тұлғаның адамгершілік дамуы мен жеке тұлғаның әлеуметтену мәселесін, Ж.Аймауытов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердиев, Ш.Уалихановты зерттеген [4.50-б.].

Н.С.Алғожаеваның “ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы” тақырыбында педагогика ғылымы бойынша кандидаттық диссертация қорғалған. Бұл ғылыми зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде қалыптасатын жеке тұлғаның “имандылық” қасиетінің педагогикалық аспектілері қарастырылған. Ұлы ағартушылар Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлының ертедегі жазу үлгілері бойынша айтылған пікірлері зерттелген [5.10-11-б.].

Мұстафа Хапач “Абай мен Бадиуззаман дүниетанымдағы адам проблемасы” тақырыбында диссертация қорғады. Бұл еңбекте Абай Құнанбайұлы мен түрік ойшылы Бадиуззаманның рухани мұраларындағы адамгершілік мәселелері зерттелген. Шығыс ойшылының шығармашылығына тарихи-философиялық талдау жасалған [6. 12-16-б.].

К.М.Науанова да философия ғылымының кандидаттығына “Абай мен Л.Н.Толстой шығармашылығындағы экзистенциалдық идеялар” тақырыбында диссертация қорғады. Бұл зерттеуде Абай мен Л.Н.Толстойдың дүниетанымына экзистенциалдық сипаттама; өмірде кездесетін қиыншылықтарды туғызатын ұқсас ой-пікірлері: өмір, өлім, қайғыға талдау берілген [7. 25-45-б.].

Д.Д.Кульбасова “Абай кара сөздеріндегі” және қазақтың рухани мәдениетіндегі сабақтастық мәселелері” тақырыбында философиядан ғылыми-зерттеу жұмысы қорғалды. Бұл еңбекте Абай кара сөздерінің мәдениетте, әдебиетте, философия мен қазақ тұрмысында алатын орны туралы баяндалады [8. 12-14-б.].

Б.Д.Жұмақаева “Қазақ тілінде оқитын 5-8-сыныптарда А.Құнанбайұлы шығармаларын оқыту әдістемесі” тақырыбында зерттеу жұмысын қорғаған. Бұл еңбекте Абай Құнанбайұлы шығармаларының әдістемелік, психологиялық, педагогикалық мазмұндары және оның оқу-тәрбиелік әлеуметі айқындалған. Абай шығармаларын оқып-үйренудің тиімді әдістері мен тәсілдері зерттеліп, педагогикалық үдерістің моделі құрылған [9. 25-27-б.].

Р.С.Қасымова «Студенттер арасындағы әлеуметтік қызметті ұйымдастыру» атты әдістемелік құралында әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтік қызметінің тәжірибесі негізінде студент жастардың әлеуметтік қызметін ұйымдастыру мәселелері қарастырылған [10. 46-б.].

Алайда, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Әуезов шығармаларындағы әлеуметтік-рухани көзқарастар тақырыбы іргелі ғылыми жұмыстарда арнайы педагогикалық проблема ретінде зерттелмегендіктен біз өз жұмысымызда осы мәселелерді қарастырмақпыз.

Қазіргі кезде адамдардың әлеуметтік жағдайы, бүкіл өркениетті әлем үшін ғаламдық сипатқа ие болып отыр. Адамдардың әлеуметтік жағдайы мен әлеуметтік тәрбиесі салауаттылық деңгейінің көтерілуі – бұл жеке жетістік қана емес, ол сондай-ақ еліміздің экономикалық қуатының өсуі, адам ресурстарының өсуі үшін де қажетті шарт.

Біздің көк байрақты қазақ елінің өзге жұрттар бір ғасырда жүріп өткен жолды 21 жыл ішінде өткергені ақиқат. Біз өзіміздің дербес мемлекет ретінде өмір сүре алатынымызды дәлелдеп қана қоймай, келер ғасырдың отызыншы жылдарына қарай Орталық Азиядағы тұңғыш барысқа айналатынымызға әлемнің көзін жеткіздік. Сонымен қатар, халықтың болашағы және оның бәсекелестікке қабілеттілігі тек білімділігімен ғана емес, өскелең ұрпақтың тәрбиелілігімен де анықталады. Сондықтан білім беру жүйесінде тәрбие мақсаты, формалары және құралдарын анықтау маңызды болып табылады. Ақиқатқа, әділетке бірлік пен талап қана апарады.

Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармашылықтары XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ даласының қоғамдық өмірінде болған үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тікелей байланысты.

Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов қарапайым халықтың ауыр да қараңғы өміріне немқұрайлы қарай алмады. Жоқшылық пен аш-жалаңаштыққа душар болған ауыл кедейлері тұрмыс-

тіршілігінің соншалықты ауыр екенін өз шығармаларында бейнелейді.

Ұлы ғұламалардың өлеңдері мен ғақлияларында, повестерінде сол кездегі қазақ қоғамында үстемдік құрған патриархалдық-рулық құрылысқа, сондай-ақ басқа да әр түрлі әлеуметтік топтарға өздерінің көзқарастарын айқын білдірген.

Абай өзі шонжар ортадан шыққанына қарамастан, феодалдық-рулық билеп-төстеушілердің зорлық-зомбылықтарына қарсы бітіспес көзқараста болды. Еңбекші бұқараның мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүруін әкім, би, болыс, бай атқамінерлер сияқты рулық билеп-төстеушілердің озбырлығы мен надандығынан деп түсініп, олардың рухани бейшарашылығын бірқатар өлеңдерінде өлтіре сынады: “Ынсапсызға не керек, Істің ақ пен қарасы. Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы ...”, 3-қара сөзінде ақын ел тағдыры, надан халық қамы дегенді ойламайтын үстем таптың өмір-тіршілігін аяусыз әшекерлейді [11. 120-б.].

Қазақтың көрнекті ақыны, көсемсөзшісі, ағартушысы, жазықсыз жазаға ұшыраған қажы бабамыз – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегімен салыстыру мақсатында қарастырғанымызда Шәкәрім жазған шежіре қазақ тарихын ғылыми тұрғыдан танып-білуге ұмтылған Абай ойының жалғастығы деп түсінеміз, өйткені, Шәкәрімнің шежіре кітабындағы «Қазақтың қайдан шыққандығы» деген тараушасында айтылған ой-пікір желісі үнемі Абай айтқан пікір негізінен туындап отырғанына көзің жете түседі. Сонымен Шәкәрімнің осы түркі халықтарының шежіресін жазғандағы мақсатын:

Жазғанда мақсатым көп менің тағы,

Қазақтың қараңғы еді ары жағы...

Қалжың емес, қам үшін жаздым мұны,  
Білсін деп кейінгілер түп атасын.

Атаны атағанмен білім артпас,

Сөйтсе де білген адам құры жатпас,- деп ой түюінде  
халқымыздың шайылып кеткен тарихи жадының қайта  
оралып түлеуін тілеген арманды ойы жатқандай.

Абай мен Шәкәрімнің ілімін жалғастырушы Мұхтар  
Әуезов байырғы қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік,  
әділетсіздік, озбырлық туралы, адамдар арасындағы қым-  
қиғаш қайшылық, әйел басындағы ауыр хал, айықпас мұң,  
қайғы хақында сол жиырмасыншы жылдардың жемістері  
«Қорғансыздың күнінен» «Қараш-Қараш оқиғасына» дейінгі  
екі аралықта тағы да бір алуан әңгімелер топтамасын жазды:  
«Оқыған азамат», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Ескілік  
көлеңкесінде», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы  
сұлу», «Жуандық», т.б. Өгейлік, өктемдік құрбаны болған  
қорғансыздар тағдыры бұл әңгімелерде де қатал реализм  
арнасында үлкен суреткерлік күшпен бейнеленеді.

Абайдың әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері көп, соның  
бәрінің негізгі ойы – қалың бұқараның «көзін қойып,  
көңілін ашу», қараңғы қауымды еңбекке, білімге, өнерге,  
адалдық пен адамгершілікке бастау, азаматтыққа тәрбиелеу,  
замандастарын өркениетті ортаның дамыған мәдениетіне  
әкелу. Бірақ, ұлы ақын осы жолда қолдау таппай, мынадай  
өкінішке келеді:

«Моласындай бақсының –

Жалғыз қалдым, тап шыным!»

Ал, Шәкәрім өлеңдерінің көпшілігі революциядан бұрын  
шығарылғандықтан, онда көбіне қазақ елінің келеңсіз  
көріністері, мұң-зары, толғағы жеткен ауыр ойлар, қоғам,  
бұқара үшін мәні бар тебіреністер айтылады:

Көп сөз айтқан бұрынғы білімділер,  
Пайдалансын, ұқсын деп кейінгілер.

Сынға салып талғамай талапты жас,  
Соның бәрін қатесіз жөн деп білер.

Олай емес, ойласаң, талай мін бар,

Бұрын шын, қаталы шын, анық шын бар.

У берді ме, сусын деп, су берді ме,

Көзің жұмда жұта бер деген кім бар? [12. 560-б.].

Ақын сөз жоқ өзі өмір сүрген қитұрқы қоғам туралы айтып  
отыр. Социализмді адамзат арман қылды. Бұл қоғам – нағыз  
шын қоғам, әділетті қоғам болып көрінді. Ал жеңіске жеткен  
социализм өзі туралы шындықты жоқ қылды. Бұл қоғам –  
қате қоғам, оның шындығы да қателі шындық. Сондықтан  
бұл шындық адамзатқа берілген у іспеттес. Жақсы деп, тура  
жол деп қате жолды таңдап отырмыз деп меңзейді ойшыл  
ақын.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы»  
повесінде ескі қазақ ауылының тіршілігіндегі ең өткір тартыс,  
әлеуметтік теңсіздік жайы баяндалады. Шығарманың басты  
кейіпкері Бақтығұлдың тағдарына талай-талай қайшылықтар  
тоғысқан. Елді билеп-төстеген жуандар мен қарапайым  
халық өкілдерінің мұрат-мүдделері бір арнаға сыймақ емес.  
Сондықтан да төзімі біткен, ашуға мініп ашынған Бақтығұл  
тәрізді жарлы-жақыбайлар ақыры күрес жолына түспек, қару  
сілтемек. Осындай іргелі ойды, идеялық түйінді жазушы  
авторлық емеурінмен ғана сездіріп қоймайды, сонымен  
бірге қым-қиғаш тартыс үстінде, оқиғалар тізбегі арқылы  
драмалық өткір шекке жеткізіп, реалистік түрде суреттейді.

Автор халықтан шыққан Бақтығұлды барымташы-  
қарақшы ретінде ғана емес, сонымен бірге жуандардан өш  
алушы, кек қайтарушы ретінде де бейнелейді. Бақтығұлдың  
жүректілігін, тақпырлығын, қайраттылығын, әсіресе, оның  
кек алар кездегі қимылдарын бейнелейді.

Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов те ертедегі грек ойшылдары Платон, Сократ, Аристотельден бастап, Батыс Еуропа мен Шығыстың ғұлама білімпаздарының еңбектерінен сусындай жүріп, ойларын дамытып, қиялдарын шарықтатқан, сонымен қатар, орыстың өздерінен бұрынғы ағартушы ойшылдарының, соның ішінде Л.Н.Толстой мен К.Д.Ушинский, т.б. шығармаларымен танысып, көзқарастарын, ой-пікірлерін көп оқып, зерттеп жалғастыра білген.

Үш алыптың қайсысы болсын елінің бүгінгі мен келешегіне қатты алаң болғаны сөзсіз. Олар келешек ұрпағының кісілік санатында жүруі үшін қазіргі өздеріне үстемдік құрған жұрттың өз тілінде білім алуы қажет деп білген.

Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезовтердің жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшеліктері – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын жаңа қасиеттерімен байытқандығы. Ұлы ғұлама ағартушылар халқына өрге бастайтын жол сілтеді.

Үздіксіз әлеуметтік білім беру бала-бақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін белгілі бір ой-пікірге бағытталып, жалғасын тауып отырса оң нәтиже береді. Біздің алға қойған мақсатымыз да – осы. Қазіргі заманғы жастар – өзінің болашағын өзі жасаушы, өзінің күнделікті алып жүрген білімін ерік-жігерімен, шығармашылық белсенділігін іс-әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағымына икемделе білетін, өз болашағына сеніммен қарайтын жеке тұлға деп айтуға болады.

Үш тұлғаның әлеуметтік ойының тереңдігі оның қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластығында. Олар халықты бүгінгі күнмен ғана өмір сүруге болмайды деп үйретті, өткен қиындықтардан сабақ алу арқылы бүгінгі күн мәселелерін шешуге тиістіміз, өткен шақ пен бүгінгі шақ келер шақтың мүмкін болатын қиындықтарын жеңетін жолды көрсетті. Осы мәселелерді ұйымдастыру – педагогикалық іс-әрекет екендігін айқын.

#### **Әдебиеттер:**

1 Назарбаев Н.Ә. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін», Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 19 наурыз, 2004.

2 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2006. 56-б.

3 Елемесова А.С. Абай шығармаларындағы рухани-адамгершілік мұралары. Алматы, 2000. 45-50-б.

4 Төлеубекова Р.К. Жоғары сынып оқушыларына жаңа әлеуметтік – мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми – педагогикалық негіздері. Пед.ғыл. докт. Автореф. Алматы, 2001. 50-б.

5 Алғожаева Н.С. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы. Алматы, 2001. 10-11-б.

6 Хапач М. Абай мен Бадиуззаман дүниетанымдағы адам проблемасы. Алматы, 2001. Б.12-16.

7 Науанова К.М. Абай мен Л.Н.Толстой шығармашылығындағы экзистенциалдық идеялар. Алматы, 2001. 25-45-б.

8 Кульбасова Д.Д. Абай қара сөздеріндегі және қазақтың рухани мәдениетіндегі сабақтастық мәселелері. Алматы, 2001. 12-14-б.



9 Жұмақаева Б.Д. Қазақ тілінде оқитын 5-8-сыныптарда А.Құнанбаев шығармаларын оқыту әдістемесі. Алматы, 2003. 25-27-б.

10 Қасымова Р.С. Студенттер арасындағы әлеуметтік қызметті ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. Алматы, Қазақ университеті, 2005. 46-б.

11 Абай. Қара сөздер. Алматы, «Өнер», 2005. 120-бет.

12 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құрас. М.Жармұхамедов., С.Дәуітов., (А.Құдайбердиев). Алматы, «Жазушы», 1988. 560-б.

**Введение в учебно-воспитательный процесс  
идеи духовно-нравственного воспитания в работах**

**А.Кунанбайұлы, Ш.Кудайбердиұлы и М.Ауезова**

В этой статье автор приводит отрывки из работ Абая Кунанбайұлы, Шакарима Кудайбердиұлы, Мухтара Ауезова, сравнивая рассматривает идеи духовно-нравственного воспитания в их работах и внедрение их в учебно-воспитательный процесс. Приведены отрывки из научных работ, диссертаций, в которых исследованы сочинения Абая, Шакарима, Мухтара.

**Ключевые слова:** социальные идеи, писатели, поэты, методика преподавания.

**Introduction to the process of idea of spiritually-moral  
education is in works of A.Kunanbaiuly, Sh.Kudaiberdiuly,  
and M.Auezova**

In this article an author brings fragments over from works of A.Kunanbaiuly, Sh.Kudaiberdiuly, M.Auezov comparing examines the ideas of spiritually-moral education in their works and introduction of them in a process. Fragments over are brought from the advanced studies, dissertations, in that investigational composition of Abai, Shakarym, Muhtar.

**Key words:** social ideas, writers, poets, teaching methodology.

## ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Автор өз мақаласында ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен мысалдар келтіріп, оларды жан-жақты талдаған.

**Түйін сөздер:** қара сөздер, ұлы ойшыл, Абай, талдау.

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының Кембридж бағдарламасы бойынша негізгі деңгей курсынан өтуім небір жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашу мүмкіндігіне жетеледі. Әлем мойындаған теоретик-ағартушылардың тың әрі күрделі идеяларын түсініп, санамда қорытуда өзіндік мнемоника қолдандым. Ол – ұлы Абай идеяларымен салыстыру. Мнемотехника – қажетті ақпаратты есте сақтауды жеңілдетіп, белгілі бір **ассоциациялар** (*байланыс*) келтіру арқылы жадының көлемін ұлғайтатын арнайы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы [3, 23-б.]. Мәселен, Шұльман құзырлы «мұғалімнің үш көмекшісі» деп атаған қасиеттерді Абай өзінің «Он жетінші қарасөзінде» адам бойындағы үш қасиет: ақыл, қайрат және жүрек – ғылымға жүгінгенде табанындағы топыраққа мандайынды сүртер нағыз қасиетті адам боларсың демей ме. Ғылымға жүгінген (ТПМБ)

технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білім (бас – ақыл) оқытудың тәжірибелік дағдыларына машықтанумен (қол-қайрат) әрі шын жүреппен кәсіби-өнегелілік тұтастықта әрекет еткенде құзырлы мұғалімге тән қасиетін айқындалады дегені ғой. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» [2, 1-том, 95-б.] өлеңінде де:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек...  
...Біреуінің күні жоқ біреуіңсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек,- деп сындарлы оқытатын рефлексивті практиктің сипатын айқындап берген.

«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулінде «Оқу дегеніміз не?» деген сұрақ қойылып, оқу нәтижелерінің бес санатын жіктеп береді. Әр ұстаз оқытудағы оқу нәтижелерінің бес санатын [1, 15-б.] толық меңгерсе, мұғалімдік міндетті атқаруға жол ашылады. Әлем ғалымдары тұжырымдаған осы бес санаттың: оқу білімнің сандық ұлғаюы; оқу есте сақтау ретінде; оқу ақпарат жинақтау ретінде,- деген үш тұжырымдамасын әлем ғалымдары оқушыға қатысты сыртқы фактор ретінде қарастырып, «дүкенге саяхат жасап қайтуға» теңесе, Абай «Базарға қарап тұрсам әркім барар» [2, 1-том, 40-б.] деп астарлайды:

...Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап ақшасына сонан алар.  
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар,- деп пәлсапалық ой толғайды. 4,5-тұжырымдаманы ғалымдар «ішкі» немесе жеке тұлғалық аспекті десе, Абай 38-қарасөзінде ішкі себеп,- деген. Тұжырымдалған осы бес санаттың: төртіншісі - оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретінде. Нәтижесі – оқушы пәннің құраушы бөліктері мен шынайы өмір

арасындағы өзара байланысты анықтай алуы, -десе - Абай я пайдалы, я пайдасызды анықтау,- дейді. Яғни, алған білімді дұрыс қолдану, талдау. Бесіншісі – оқу шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру ретінде. Нәтижесі - әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы танып-білу, -дегені Абайша «Сен де бір кірпіш дүниеге» тұжырымы. Яғни, алған білімді жинақтау, бағалаумен эвристикалық, шығармашылық өнімге қол жеткізу. Бұл деңгейге қол жеткізген оқушы тұлғалық өсу және өзін-өзі іске асыру қажеттілігі қанағаттандырылып, индивидуум – Абайша айтқанда единица тұлға болары хақ. Ғалымдар жер бетіне түскен қардың әр қиыршығы бір-бірін ешқашан қайталамайтынын дәлелдеген. Құранда Алла әр адамды өмірге бір-ақ рет келетін дара етіп жаратқаны айтылады. «Мен» (даралық) тұжырымдамасы бізді алға жылжытатын және біздің мінез-құлқымызды бағыттайтын, өзін-өзі өзгертуге жетелейтін әлеуметтік стимул болып табылған когнитивті және аффективті компоненттердің үйлесуі [1, 25-б.]. Осыған орай Роджерстің (1983) «Мен» тұжырымдамасы әлемді шарлап кетсе, Абай «Мені» мен «менікінің» айрылғанын, «өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес» деп «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде бір ғасыр бұрын әр адамның даралығын айтып кеткен.

Абайдың отыз сегізінші қарасөзінде [2, 2-том, 136-б.] айтқандай, адамның өсіп-жетілуіне ішкі және сыртқы болып бөлінетін екі түрлі себептің әсері болады. Сыртқы себептер екеу: біріншісі – ата тегінің әсері; екіншісі – қоршаған ортасының, яғни, өмірдегі алған тәрбиесінің әсері. Ал ішкі себепке адамның жан дүниесінің әсері жатады. Ішкі себептер (ерекше қасиеттері) – адам бойындағы когнитивтік, аффективтік, әлеуметтік-психологиялық кедергілер анықталып, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді»

меңгергенде ашылады. Роджерс «Дайын тәжірибе арқылы ешкімді өзгертуге болмайды, тек қана адамды дамытуға әсер ететін атмосфера жасау қажет» дей келе педагогтерге ішкі қозғаушы күшті оятудың түрткісі болатын ғылыми негізін айқындап берді. Сонда халық даналығындағы «дарындылық ананың сүті, әкенің қаны, туған жердің қасиетімен адамға дариды» деген сыртқы себепкер шарттар оянады. Сыртқы қозғаушы күштегі кедергіні жеңу жолы. Бағдарламаның өзекті ой-пікірлерінің бірі Джудит Харристің тұжырымдамасында нұсқалған.

Абай «Жетінші қарасөзінде»: -Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұл – тән құмарлығы. Біреуі – көрсем, білсем демеклік. Бұл – жан құмарлығы, - депті.[2,2-том, 103-б.] Әлем теоретиктері бұл үдерісті – танымдық даму (метасана) дейді. Ойлы адам жер бетіне шыр етіп түскеннен соңғы тынысы біткенше не нәрсені кәсіп етсе де, тыным таппай іздейтіні – рухани қанағат. Осы жолды адаспай табуда оқушыларды ынталандыра бағыттап, Райан мен Деки «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттерін ояту – парызымыз. Шанк пен Циммерман да баланың өз бетінше жұмыс істеу және даму ниетін метатанудың маңызды аспектісі ретінде таниды.

Тән қажеттілігі мен жан қажеттілігі егіз жаратылған адамзат толық қанағаттану жолына қалай жететінін анықтап, ынтаның иерархиялық моделін әзірлеумен Маслоу танымал болды [1, 24-б.]. Оппоненттерінен түрлі келіспеушілік пікір туындатқан модель мен Абай ілімі керемет үндес. Маслоу адамдардың дамуын бес деңгейге бөлсе, Абай «отыз сегізінші қарасөзінде» үш деңгейге: жарты адам (мал, тіршілік), *адам, толық адам* деп және өз ішінен тоғыз сатыға жіктейді (1-кесте). Американдық психологі төменгі деңгейге

биологиялық және физиологиялық қажеттіліктердің қанағаттандырылуын қояды. Абай да бұл сатыдағыларды төменгі деңгейдегі «жарты адамдар» деп сипаттайды:

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса,

Тіршіліктің несі сән,

Тереңге бет қоймаса,-деген оймен келесі сатыдағы жетілу жолына түсуге жетелейді [2, 1-том, 227-б.]. Маслоудың келесі үш деңгейі: қауіпсіздікке деген қажеттілік, *сүйіспеншілік әрі* жеке қарым-қатынасқа деген қажеттілік және өзін-өзі құрметтеуге деген қажеттіліктерін Абай «адам» (материалдық жетілу) деңгейі деп бағалайды. Бұл деңгейдегілер физикалық денесіне қанағат қажеттерін тапқан соң, сезімдерін қанағаттандыру үшін ғылым-білім іздеп, өзінің табиғи болмысын тануға ұмтылғандар тобы деп бағалаумен екі ойшылдың да пікірі бір арнаға тоғысқан. Дарын, қабілет және әлеуеттік шамасын толық көрсете алатын, өзін-өзі таныта білу қажеттілігі қанағаттандырылатын Маслоудың бесінші жоғары деңгейіндегілерін Абай «толық адам» деп атайды. Пенделігін жеңіп, рухани кемелденген толық адамдардың өзін: кәміл мұсылман, хәкім, әулие, пайғамбарлыққа дейінгі жетілу сатыларына жіктеген. Ең жоғарғы пайғамбарлық саты бір Алланың қалауымен. Әулиелікке өз метасаналық ерік-жігерімен жеткен қаншама ұлыларға бір тарихтың өзі куә. Мысалға, соңғылардан атасам – Толстой, енді біреуі – қазақтың қордалы ауылында жүріп-ақ әулиелікке жеткен Шәкәрім. Ал Абайды Мағжанның беріп кеткен бағасымен хәкім (рухани ғалым) ретінде танимыз. Теяр де Шарденнің пікірімен түйіндер болсам: «Рефлексияның арқасында адам жануарлар арасынан бөлініп шықты, назарын өзіне аударып, өзін меңгере алды, сонымен қатар жай танып қана қоймай,

өзін-өзі тануға, жай біліп қоймай, не білетінін анықтауға мүмкіндік алды» [4, 24-б.].

Маслоу иерархиясы

Абай ілімі (38-қарасөзден)

5) Өзін-өзі іске асыру (Дербес өсуі және өзін-өзі іске асыруы)		Толық адам(рухани жетілген): 9.пайғамбар 8.әулие 7.хакім (рухани ғалым) 6.кәміл мұсылман
4) Өзін-өзі құрметтеуге деген қажеттілік (Жетістік, мәртебе, жауапкершілік, бедел)		Адам: 5.өзінің жан екенін түсіну(рухани білім жолына түсу) 4.сезім қанағаты (өмір ләззатына тоятпап, рухани ләззатқа ұмтылу) 3.дәулетке жету (материалдық игілікке жету) 2.имандылық (өмірдің реттегіш тәртіптерін қабылдау)
3) Сүйіспеншілікке және қарым –қатынасқа деген қажеттілік (Отбасы, сезім, байланыс, ұжым және т.б.)		
2) Қауіпсіздікке деген қажеттілік (Қорғау, тәртіп, заң, шек қою, тұрлаулылық және т.б.)		
1) Биологиялық және физиологиялық қажеттіліктер (Негізгі өмірлік қажеттіліктер: ауа, тамақ, су, баспана, жылу, жыныстық қатынас, ұйқы және т.б.)		1.Жарты адам: төменгі деңгей, ретсіз бейберекет өмір (тән қажеттіліктерін ғана күйттеу)

Үңіле берсек үндестіктер Баласағұн, Қашқари, Ыбырай, Ахмет, Мағжандардан да мен мұндалап тұр. Бұл менің әлем таныған ағартушы-теоретиктер, психологтар және Абай ілімі арасындағы үндестікке өз аналогиялық пайымдауым. Ілімін қазақ қана емес, кез келген ұлт және мәдениет өкілдері оқып, рухани қанағат табатын хакім Абайдың эпистемиялық субъект (Пиаже) екенін неге мойындамасқа?!

**Әдебиеттер:**

1 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ,2012. Үшінші басылым.

2 Абай 1,2-том, Алматы, «Жазушы», 1986.

3 Глоссарий. Оқу-әдістемелік құрал. «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, Кембридж Университетінің білім беру факультеті, Қазақстан-Астана, 2012.

4 Бағдарлама. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. Үшінші басылым.

**Созвучие Великих**

Автор статьи анализирует «Слова назидания» великого мыслителя Абая. Его мудрые «Слова назидания» еще долго не утратят актуальности.

**Ключевые слова:** слова назидания, великий мыслитель Абай, анализ.

**Consonance of Great**

The author of the article analyses «Words of edification» of great thinker Abai. His «Words of wisdom of edification» yet long will not lose actuality.

**Key words:** words of edification, great thinker Abai, analysis.

ӘОЖ 81:1

**Р.ЖҰМАҒАЛИЕВА,**  
**С.Мендешев атындағы**  
**жалпы орта білім беретін мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы,  
Мәстексай ауылы.

## **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ**

Мақалада мемлекеттік тілді мектеп қабырғасында оқытуда ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз ету жолдары туралы, өз ойын анық, еркін жеткізе алатындай білім мен білік дағдыларын қалыптастыру жолдары туралы айтылған.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік тіл, оқыту әдістемесі, ұлт болашағы, ақпараттандыру, тілдік жүйе, шешендік.

Тіл – халықтың жаны да сәні. Егеменді еліміздің ертеңі жарқын болуының шарты – тілге құрмет көрсету. Тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің өсіп, өркендеуіне біраз жағдай жасалды. Соның бірі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы. Тіл – ұлттың ұлт болып қалыптасуының ең бірінші шарты. Жетпіс жыл бойы басқа тілдің көлеңкесінде қалып келген тіліміз алғаш рет 1989 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бірақ ата-бабамыздың мұрасы – қаймағы бұзылмаған қазақтың қара сөзін тек заң шығару арқылы ғана сақтап қалуға бола ма? Жоқ! Жүрегі «Ұлтым» деп лүпіл қаққан ұлтжанды әрбір

адамның үлкен әріппен басталатын азаматтық парызы – өз тілінің терезесін өзге тілмен тең ету, оны жан – тәнімен сүю, оны көзінің қарашығындай сақтау. Осы қасиеттердің барлығын ұрпақ бойына сіңіруші – ұстаз. «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қиял әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз, лаулаған жан иесі», - деді Я.А.Коменский. Осы нақылда келтірілген ұлы қасиеттерді бойына жинақтаған мұғалім ғана – нағыз ұстаз. «Ұстаз» деген ұлы есімнің бір ұшқыны менің де жүрегімде бар. Мен тілдің нағыз жанашыры – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін. Мақсатым – қасиетті ана тіліміздің өміршеңдігін насихаттау.

Менің және әріптестерімнің пайымдауынша мемлекеттік тілді оқыту мынадай бағыттармен жүру керек:

1. Тіл оқыту мектептегі оқушылардың күні ертең әр түрлі мамандық иелері болатынын ескеріп, бәрінің де өміріне керекті дүниені қамтитын болуы керек;

2. Егер әдебиетті «сөз өнері, тіл өнері» деп ұғатынымыз рас болса, олардың, яғни, тіл – әдебиеттің бір арнадан табылуын, өзара жақындасуын ойластырғанымыз жөн;

3. Тілдік оқыту, тілдің тыныс-тіршілігіне, оның нақты өмір сүруіне орай ыңғайластыра құрылуы керек;

4. Оқушылардың тіл, тілдік жүйе, құрылым негізінде өзіндік ізденіспен, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашуымыз керек;

5. Қарапайым тіл қатудан бастап, шешендікпен сөйлеу, түрлі сипатта мақала жаза білу деңгейлері осы пәннің оқу жылдары аралығындағы жүріп өтетін жолы, игеретін икем – дағдылары болуы керек;

6. Тілді қорғаудың, тілдік қорғанудың сан түрлі жолдарын мектеп қабырғасынан-ақ біліп өсуіміз керек.

Демек, біз мектеп қабырғасында оқушыға мемлекеттік тілді оқытуда тілін дамытып, өз тілінде еркін көсіліп сөйлей алатындай, өз ойын жатық, анық жеткізе алатындай білім мен білік дағдыларын сіңіре білуіміз керек.

Байқап тұрғанымыздай, тілді өмірге сай оқыту – жұмыла көтеріліп қалыптастырар күрделі іс. Білім – кез келген мемлекеттің даму құрылымының құрамдас компоненті. Қандай да болсын мәселені ғылыми – теориялық білімсіз, дайындықсыз және оны жетік меңгерген мамандарсыз ойдағыдай жүзеге асыру мүмкін емес. Ал білім мен ғылым тіл арқылы беріледі. Білім мен тәрбиені мемлекеттік тіл арқылы беру үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Баланың тілі қазақ тілінде шықпаса, ата-анасы туған кезде оның тілін қазақ тілінде шығармаса, оны үйрету оңайға соқпайды. Себебі өзге тілде тілі шыққан бала ең әуелі сол тілде ойлайды, сол тілде сөйлем құрап, оны қазақ тіліне аударады. Ал, шынайы жүректен шықпай, аудармадан туған ой балаға білім бола алмайды. Демек, қазақ тілінің, ең алдымен, ана тілі ретінде оқытылып үйретілуі – ұлт болашағы, мемлекеттің ертеңі үшін стратегиялық маңызға ие. Өз тілімізді дамыту, қолданыс аясын кеңейту мақсатындағы іс-шараларымыз қазақша білім беруге негізделуі қажет. Бұл – қазіргі жаһандану заманының қатал талабы. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Сондықтан тіл үйретуде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді жақтары мен жаңа ақпараттық технология құралдары (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникациялар, виртуальды орта және мультимедия, интерактивті құрылғылар) оқу үрдісіне көптеп енгізілуде.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникативті технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Оқу үрдісінде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» деген болатын. Яғни, еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу болып табылады. Осы бағытта оқытушылар алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа ақпараттық технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұрғанын жақсы түсінеміз. Өйткені кез келген адамның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері адамның интеллектуалдық, шығармашылық әлеуетінің даму мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшуіміз қажет. Ол үшін әр мұғалім,

жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттілікке ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Осы бағыттарды шәкірт жүрегіне жеткізуші ұстаздың ұлылығы мен ұлағаты жайлы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр», - деген. Демек, мұғалім мемлекеттік тілді оқытуда тек оқытып қана қоймай, оқушыға ақпараттық, құжаттамалық мәліметтермен қаруландыру қызметін қоса атқаруы тиіс. Ол үшін бүгінгі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу да қиын болып отыр. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті – өз қызметіне жаңа технологияларды енгізу. Білім беру жүйесінде қазір технологиялардың сан алуан түрлері бар. Осыған байланысты деңгейлік тапсырмалар беруде мұғалім ең алдымен, тапсырмалардың мазмұндық жүйелілігіне аса назар аударуы қажет. Жаңа инновациялық технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі артып, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, оқушыларын жеке тұлға ретінде бағалауы орын алады. Сонымен қатар, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық компьютерлік технологияны пайдалануда оқушылардың сабақта алған білімдерін ұштап, мамандыққа сай берілетін білімдерін молайтып, сабаққа белсене қатысады. Өйткені компьютер

арқылы оқу материалын беруге, оны әзірлеуге, бақылауға, қорытындылауға, көмек беруге мүмкіндік зор.

Түсті графиканы, бейнетехниканың мүмкіндіктерін пайдалану оларға ерекше әсер етеді. Оқушының кез келген тапсырманы аяғына дейін орындауына, өзінің ой-өрісін пайдаланып, кез келген сұрақты қойып, оның шешімін табуға, білімін дамытуға мүмкіндік туғызады. Ақпараттық технологияны жеке тұлғаны дамыту мақсатында қолдану жолдары:

- Компьютер арқылы материалдың тұсаукесер рәсімін жасау;
- мәтінді графиктік сызбаларға түсіру;
- мәліметтер қорымен, әдебиеттермен жұмыс;
- слайд, диск, қосымша материалмен жұмыс;
- интернеттен ақпарат алу.

Осы көрсетілген жолдар арқылы ұйымдастырылған сабақ оқушының шығармашылығын дамытып, өз бетімен ізденуге, алған білімін ұштауға, өзіне сенімін арттыруға, жеке тұлғасын, қабілетін, ынтасын, рухани әлемін дамытуға әсерін тигізетін басты құрал болып табылады. Осындай жан-жақты ойластырылып, мазмұнды түрде жоспарланған сабақ төмендегідей мақсаттарға қол жеткізеді:

- танымдық ой-өрісін кеңейтуге;
- жоспарлы жұмыс жасауға;
- нәтижені болжай білуге;
- танымдық қызығушылығын арттыруға;
- ойлау қабілетін арттыруға;
- өздігінен жұмыс жасауға;
- тез есте сақтауға;
- шығармашылық қабілеттерін дамытуға.

Осыдан байқайтынымыз, мұғалім мен оқушы арасында

ақпараттық мәдениет қалыптасып, оны шапшандыққа, ізгілікке, тапқырлыққа, жауапкершілікке үйретеді, оқушының ойлауына, қабілетіне әсерін тигізіп, жеке тұлғасын қалыптастырады.

Білім берудің даму бағытын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технологияның ішінде Қазақстанда 1997 жылдан бастап етек жая бастаған «Сыни ойлауды оқу мен даму арқылы дамыту» технологиясы кеңінен қолданылуда. Сыни тұрғыдан ойлау – ең алдымен, шығармашылық ойлау. Шығармашылық ойлаудың нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Бұл технологияда сабақты дұрыс жүргізуге қойылатын негізгі талап – оқушылардың белсенділік сезімін оята отырып, оларды басқара білу. Оны, біріншіден, тек дайын ақпараттық фактілер, заңдар, ережелер күйінде ғана беріп қоймай, оқушыны өз бетінше іздендіретін, одан жаңа ақпарат алатындай оқу материалын берудің құрылымын қайта ойластыруды талап етеді. Екіншіден, оқушының іс-әрекетіне деген мұғалімнің көзқарасын өзгертуді талап етеді. Оқушының өзі белсенді жасампаз күш, оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Ол оқытудың әр кезеңінде, үй жұмысын тексерген кезде, оқушының жаңа білімді меңгеруге дайындығын, қабылдауын, тұжырымдауын жүйелеген кезде байқалады. Мұндай күрделі ой-өрісінің жүйелі қалыптасуына тікелей басшылық ететін, оқушы әрекетінің дамуы мен қалыптасуына жетекшілік жасайтын, оқушыларды білімді шығармашылықпен игеруіне жетелейтін, оның амал-тәсілдерін үйрететін мектептегі басты тұлға – мұғалім әрекеті өз шәкіртінің әрекеті тарапынан қолдау тапқанда ғана өзінің нәтижелі жемісін береді. Оқушының өз бетінше ізденуін дұрыс ұйымдастыра білген мұғалімнің оқытуда

ең жақсы нәтижеге жететіндігін байқауға болады. Қазақ тілін оқытудағы еліміздің мақсат – ұстанымдарына қарай Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы шықты. Ел болашағына, ұлт руханиятының өсіп – өркендеуіне үлкен үлес болып қосылатын жүйелі бағдарлама жобасы жасалды. Мақсат – балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Қазақ тілін оқыту барысында әр сабағымда ережемен қоса оқушыларға қосымша өз елі, жері, туған жердің мақтан тұтар перзенттері туралы ақпарат беруді ұмытпаймын. Бұл бір жағынан оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятса, екінші жағынан ережені өмірмен байланыстыра қолдануға үйренеді, үшінші жағынан өзіне тың мәлімет алады. Мысалы, 8-сыныпта өткізген бір сабағымға назар аударсаңыз:

Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.

Сабақтың мақсаты: 1. Білімділік: Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік бере отырып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, сабаққа деген қызығушылығын ояту, негізгі мәселелерге көңіл бөлуге үйрету; 2. СТО технологиясының стратегиялары арқылы балалардың тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөйлеу тілін жетілдіріп, шешендік өнерге баулу, қосымша ақпараттық мәліметтер арқылы ой көкжиегін кеңіту; 3. Сабақ барысында сауаттылыққа, ережені есте сақтауға баулып, белсенді ойлау қабілеттерін жандандыру.

Сабақтың түрі: СТО технологиясына негізделген интегралды сабақ. Әдісі: СТО стратегиялары: “Блум таксономиясы”, “Символдар, тірек терминдер, көрнекіліктер”, “Екі жақты түсіндірме күнделік” стратегиясы. Көрнекілігі: Көркем әдебиет жинағы, слайдтар.



Пәнаралық байланыс: тарих, көркем әдебиет, бейнелеу өнері, өмір.

Мағынаны тану.

“Символдар, тірек, көрнекіліктер” стратегиясы

Талапов Шерхан Талапұлы- Жаңақалалық жас ақын.

Жыр әлемге кіру үшін кілт іздеп,

Шуақ таппай жүргенімде күнсізден.

“Ақ Жайықтың ақындары алға” – деп,

Біздейлерге жігер болып жүрсіз бе?

Сіздің ізбен жүрмесем де нық басып,

Өлеңменен жүрсем деймін жұптасып.

Маған арман өлең – өмір әлемі,

Тек алдымнан басқа өмір шықпасын!

Жас ақын туралы мәлімет бере отырып, оның алға қойған мақсаты арқылы мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемді түсіндіремін.

«Өз тілін білмегеннің өзегі бөлек» деп, халық даналығы пайымдағандай, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін төмендеткісі келетіндердің баршасы ұлт өзегі болған – туған тілді қастерлеуден туындаған жайт. Ақиық ақын Мұқағали осы хақында: «Кей – кейде дүниеден түңілсем де, қасиетті тілімнен түңілмедім» деп, тіл тағдырына оптимистік көзқараспен қарап, болашағына үкілі үміт артқан. Тіл – таусылмайтын тұңғық тақырып.

Мемлекеттік тіл – ұлтымыздың өзегі, сан ғасырлық рухани тамырының негізгі қайнары. Бүгінгі мақсат – әрбір тұлғаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін үйрету, ұлттық құндылықтарды болмысына сіңіріп, ізгілік пен қайырымдылыққа, имандылық пен отансүйгіштікке, туған тіл мен атамекенді қадірлеуді үйрету. Сондықтан бүгінгі қоғамда 12 жылдық білім беру ең бір көкейкесті

мәселелердің алдынан орын алады. Әрбір оқушы – өзінше күрделі һәм жұмбақ әлем. Сол әлемге үңіле еніп, ұлт болашағын, ұрпақ қамын ойласақ, 12 жылдық білім беру жағдайында, жаһандану дәуірінде өзге елдерге «жұтылып» кетпес үшін, өзіміздің асқақ рухымызды аласартпай, туған мәдениетімізбен, тұғырлы тілімізбен, діңгек дінімізбен және тамырлы тарихымызбен қадам басуымыз керек. Тілі, діні бар елдің рухы, азаттығы асқақ, бауыры бүтін, келешегі кемел.

ҚР. «Тіл туралы» Заңының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ халқын топтастырудың аса маңызды қозғаушы күші болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп көрсетілсе де тілдің қолданылуы әркелкі екені мәлім. Н.Ә.Назарбаев: «... қазақ ұлты өзінің мемлекеттік тілі және оны дамыту туралы айтуға қақылы...» деп көрсеткеніндей, қазіргі тандағы жариялылық кезеңінде «Мемлекеттік тілді меңгерудің негізгі мұраттары неде?» деген саналы сауалға жауап іздестіруге міндеттіміз. Сол мұраттардың бірі – мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңа технологиялар мен бағыттарды дұрыс жолға қою. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, оқушыны ойландыру, әңгімелесу, сөйлету, көрнекі құралдар пайдалану, техникалық құралдарды қолдану, саяхат әсерлерін жаздыру, компьютерлік бағдарламалармен оқыту әдіс-тәсілдері тілді оқыту әдістемесінен жойылмауы керек. Себебі көрнекілікті Я.А.Коменский «дидактиканың алтын ережесі» деп атаса, оқытудың техникалық құралдары еске сақтауды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқытудың жаңа технологияларын алдымен тілді дамыту мақсатында жетік қолдана білу – әр тіл маманының шеберлігін шындайтын іс. «Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес» деп

батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, тіліміздің түйткіл мәселелерін уақытында шешіп, оның дамуына жан – жақты жағдай жасау – біздің парызымыз. Нан сатып алсақ, оған ақша шығарамыз, деніміз сау болсын десек, өзіміздің жанымызды қинап, дәріге қыруар ақша жұмсаймыз, ал тілдің мәртебесі – өте қымбат, дәмі ащы, бірақ айналып келгенде пайдасын тигізетін дәрі. Ол дәрі елім деген әр азаматтың қолында кез келген уақытта табылуы тиіс. Сонда ғана қазақ елінің іргесі бекем, мемлекеттік мәртебесі мерейлі болып, Алаш жұртының азат рухы қазақ аспанында бейбіт қалықтап, еліміздің ғұмыры баянды болары – ақиқат.

Қорыта келе, бұл айтылған ойларымнан, тәжірибелерімнен төмендегідей нәтиже күтемін:

- Оқушы мемлекеттік тілде оқып – үйренеді;
- Мемлекеттік тілде оқу арқылы тек ережені ұғып қана қоймай, қосымша ақпараттар ала алады;
- Өз ана тілінде тілі шығып, өз ана тілінде ойлай алатын бала сол тілдің тереңіне өз бетімен бойлап, ізденушілікпен жұмыстана алады;
- Мемлекеттік тілде жүргізілетін құжаттарды еркін меңгеріп, сауатты толтыра алады;
- Өз бетінше іс-әрекетін басшылыққа алып, талдай алады және мұғалім іс-әрекетінің нәтижелі болуына үлесін қосады;
- Өз тілінде меңгерген білімнің маңыздылығын терең түсінетін, жаһандық дамудың талаптарына жауап беретін жеке тұлға қалыптастыруға қол жетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы. «Білім баспасы», 1998.

2 Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. Алматы. 2005.

3 Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 1997.

4 Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2011.

5 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 2011 – 2014 жылдар аралығындағы жинағы.

6 8-сыныпқа арналған күнтізбелік жоспар бойынша өткізген сабақ жоспарларым.

7 Қосымша көркем әдебиет жинақтары.

#### **Нормативно-правовое обеспечение для обучения государственному языку**

В этой статье автор пишет о том, как предоставить информацию и документацию в преподавании государственного языка, и как развивать умения и навыки, чтобы быть в состоянии четко выразить свои мысли.

**Ключевые слова:** государственный язык, методика преподавания, будущее нации, информатизация, языковая система, ораторское искусство.

#### **Normatively-legal providing for educating to the official language**

In this article an author writes about that, how to provide information and documentation in teaching of official language, and how to develop abilities and skills, that able to be clearly to express the ideas.

**Key words:** official language, teaching methodology, future of nation, informatization, language system, oratorical art.

Ұ.НАСИЕВА,  
№33 жалпы орта білім беретін мектеп  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы.

## «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

(II-сынып)

### Түсінік хат

Білім беру жүйесі жыл сайын әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты - өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыған, құзыретті азамат етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі.

Сауаттылық - әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін минималдық дағдылар жиынтығы. Белгілі бір жағдайларда білім,білік дағдылар жиынтығы әр түрлі деңгейде болатындығына байланысты қазіргі білім беру тәжірибесінде «**функционалдық сауаттылық**» термині қолданылады.

Яғни, оқушының сыртқы қоршаған ортамен қарым-қатынас орната алуы және сол ортаға жылдам бейімделуі.

Осы орайда, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «**Қазақ тілінің стилистикасы**» қолданбалы курсының алатын орны мен маңызы ерекше зор.

II-сынып оқушылары бұл курсты оқып-үйрену барысында стилистиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын, қазақ тілінің бай стилистикалық құралдарын және әдеби тілдің функционалды стильдік тармақтарын жан-жақты, терең игереді.

Тілдің стилистикалық байлығы, стилистикалық нормалары, олардың тарихи өзгермелілігі және тілді қолдану жағдайына

байланысты түрліше нұсқаларға ие болатындығы, тілдік құралдарды қолдану мәтіннің стильдік тұрпатына байланысты болатыны туралы қажетті мағлұматтар ала алады. Олар оқып, іздену барысында мәтіндегі, сөйлеген сөздеріндегі стилистикалық қателерді тауып, олармен жұмыс жасау жолдарын тиімді қолданады.

Стилистика бойынша теориялық біліммен қаруланып, өздерінде стилистикалық дағды мен стилистикалық түйсікті қалыптастыра алады. Алдына қойған мақсаттарына сәйкес, тілді дұрыс, тиімді, әсерлі, шешен қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгереді.

Қолданбалы курстың мақсаты: стилистика ғылымының теориялық негіздерімен таныстыру; қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мағлұмат беріп, оларды ажыратудың жолдарын көрсету; сөздердің, басқа да тілдік тұлғалардың қолданылуына қарай туындайтын мағыналық реңктерін, стильдік қырларын ажырата білуге үйрету; оқушыларға стилистикалық норма мен тарихи өзгеру заңдылығын меңгерту; сөздің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің қолданылуына қарай көрінетін толып жатқан қырларын, бояуларын аша білуге дағдыландыру; қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу; оқушылардың ауызша және жазбаша сауатты сөйлей білуіне көңіл бөлу; оқушыларды ҰБТ-ға дайындау.

Қолданбалы курстың міндеті: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру; қазақ тіліндегі стильдердің тілдік құралдары жайында түсінік беру; қазақ тіліндегі стильдердің қолданылу аясын жүйелі түрде қайталау; тілдік құралдардың стилистикалық сипаттамасы туралы ұғымдарын кеңейту; теориялық материалдар практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрету; оқушылардың танымдық, өз бетімен білім алу, шығармашылық қабілеттерін дамыту; сөйлеудің әр түрлі стильдерін, қазақ тілінің синонимдік

байлығын, әр алуан құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдыларын дамытып жетілдіру; болашақ тілші – мұғалімдерді оқушылардың стилистикалық дағдыларын қалыптастыруға баулып дайындау; оқушылардың тілдік талғамын, сөйлеу мәдениетін арттыру;

Күтілетін нәтиже:

- Қазақ тілі стилистикасының түрлерін толық, терең меңгерту;
- Зерделенген тақырып бойынша нақты ой қорыта алу;
- Алған теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен ұштастыра отырып, білім, білік дағдыларын қалыптастыру;
- ҰБТ-ға курсқа қатысушылардың жоғары білім сапасын көрсетуі.

Пәнаралық кіріктіру:

Қазіргі қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

Синтаксис және стилистика.

Лингвистикалық стилистиканың түрлері мен бағыттары

Кәсіпке бағдарлау:

Филолог, лингвист ғалым, қазақ тілі пәнінің мұғалімі, кітапханашы.

Қолданбалы курстың мазмұны

I. Кіріспе.

### **1. Стилистика пәні, міндеті, мақсаты туралы түсінік. 1 сағат.**

Стилистиканың жалпы мәселелері. Стилистика және оның жалпы халықтық тілге қатысы. Стилистиканың тіл білімі салаларымен байланысы, оның негізгі объектісі: грамматика, лексикология, фонетика.

#### **2. Ауызекі сөйлеу стилі. 1 сағат.**

Ауызекі сөйлеу стиліне тән экстралингвистикалық белгілер. Ауызекі сөйлеу стилінің өзге функционалдық стильдерден тілдік ерекшеліктері туралы түсінік беру.

#### **3. Ресми және іс қағаздар стилі. 1 сағат.**

Ресми және іс қағаздар стилінің түрлері. Ресми және іс қағаздар стилінің лексика-фразеологиялық ерекшеліктері. Ресми және іс қағаздар стилінің морфологиялық ерекшеліктерін түсіндіру.

#### **4. Ғылыми стиль. 1 сағат.**

Ғылыми стильдің қолданыс аймағы, түрлері. Ғылыми стильдің фонетикалық ерекшеліктері. Ғылыми стильдің лексика-фразеологиялық ерекшеліктері.

Ғылыми стильдің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін практикамен ұштастыру.

#### **5. Көркем әдебиет стилі. 1 сағат.**

Көркем әдебиет стилінің өзіне тән белгілері. Көркем әдебиет стилінің функционалдық стильдер жүйесіндегі алатын орны. Көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стилі. Көркем әдебиет және публицистикалық стиль туралы ұғымдарын кеңейту.

#### **6. Публицистикалық стиль. 1 сағат.**

Публицистикалық стильдің өзіне тән белгілері. Публицистикалық стильдегі шешендік шеберлік. Публицистикалық стильдің жанрлық көптүрлілігі тақырыптары бойынша түсінік қалыптастыру.

#### **7. Стильдік норма. 1 сағат.**

Стильдік норма және әдеби тіл нормасы. Ауызекі сөйлеу стиліндегі стильдік норма. Ресми стильдегі стильдік норма. Ғылыми стильдегі стильдік норма тарауларына жалпы шолу.

#### **8. Функционалды стильдердің тілдік сипаттамасы. 1 сағат.**

Функционалдық стильдердің стильдік белгілері. «Стилистикалық норма» ұғымы туралы. Стилистикалық қате және оның түрлеріне практикалық жұмыс жүргізу.

#### **9. Фонетикалық стилистика. 2 сағат.**

Дыбыстардың стильдік мақсатта жұмсалуы. Аллитерация мен ассонанстың көркем шығармадағы стильдік қызметі. Дауыс ырғағының стильдік мүмкіндіктері тақырыбын меңгерту.

#### **10. Лексикалық стилистика. 2 сағат.**

Омонимдердің стильдік қызметі. Антонимдердің стильдік қызметі.

Синонимдердің поэзия тіліндегі қолданысын көркем әдебиеттен тапқызып, талдатқызу.

#### **11. Синонимдердің стильдік қызметтері. 2 сағат.**

Синоним сөздердің стильдік бояуларын салыстырып қолданады.

**12. Эмоционалды-экспрессивтік мағыналы сөздердің қолданылуы. 2 сағат.** Эмоционалды-экспрессивтік мағыналы сөздердің стильдік қолданысы. Эмоционалды сөздер мен экспрессивтік сөздердің айырмашылығы. Эмоционалды-экспрессивтік лексика жасайтын қосымшалар.

**13. Фразеологизмдердің стильдік қызметі. 2 сағат.**

Фразеологизмдердің стильдік қызметі. Фразеологизмдерді қолданудың стилистикалық тәсілдері. Фразеологизмдердің экспрессивтік-стильдік қасиетіне қарай топтастырылуы

**14. Грамматикалық стилистика туралы жалпы түсінік. 2 сағат.**

Морфологиялық құрылыстың негізгі стильдік белгілері. Морфологиялық тұлғалардың жеке стиль түрлеріне қатысы тақырыбы бойынша практикалық жұмыстану.

**15. Сөз таптарының стилистикасы. 2 сағат.**

Есімдіктердің қолданылуы. Етістік тұлғаларының қолданылуы. Етістіктің шақтық тұлғаларын түсіндіру.

**16. Морфологиялық стилистика. 2 сағат.**

Морфологиялық құрылыстың негізгі стильдік белгілері. Экспрессивті-эмоционалдық лексика жасайтын кейбір морфологиялық тұлғалар.

Морфологияның стилистикалық құралдары туралы түсінік қалыптастыру. Практикамен ұштасуы.

**17. Синтаксистік стилистика. 2 сағат.**

Синтаксистің стилистикалық қызметі. Синтаксистік құрылыс және стильдер жүйесі. Күрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі белгілері туралы түсінік беру.

**18. Сөйлем және оның түрлерінің стильдік қызметі. 1 сағат.**

Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер. Сөйлем мүшелері. «Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі» тақырыбы бойынша практикалық жұмыс.

**19. Бірыңғай мүшелердің стильдік қызметі. 1 сағат.**

Қаратпа сөзді сөйлемдер. Қыстырма сөзді сөйлемдер. Толымды, толымсыз сөйлемдер. Ережені еске түсіре отырып, практикамен ұштастыру.

**20. Күрделі синтаксистік тұтастықтардың стильдік қызметі. 1 сағат.**

Күрделі синтаксистік тұтастық туралы түсінік. Күрделі синтаксистік тұтастықтардың түрлері мен стильдік қызметі туралы түсінік беру.

**21. Жай сөйлем түрлерінің стильдік қызметі. 1 сағат.**

Көркем шығарма тіліндегі хабарлы сөйлемдердің стильдік қызметі. Сұраулы сөйлемдердің стильдік қызметі. Лепті сөйлемдердің стильдік қызметі. Бұйрықты сөйлемдердің стильдік қызметі бойынша ауызша жұмыстану.

**22. Тілдің көріктегіш-бейнелегіш құралдары. 1 сағат.**

*Көркем шығармадағы теңеулердің стильдік қызметі. Метафоралардың стильдік қолданысы. Эпитеттерді стильдік мақсатта қолдану*

**23. Жазба әдеби тіл стильдері. 1 сағат.**

**Жазба әдеби тіл стильдері, түрлері мен ерекшеліктері.** Қазақша тұңғыш жазба тіл үлгілерін жасаған Абай, Ыбырай еңбектері жайлы. С.Көбеев, С.Торайғыров, Ш.Уалиханов, С.Дөнентаев шығармалары. Қазақ тілінде ең алғаш басылып шыққан «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» қиссасын оқып, талдау.

**24. Мәтін стилистикасы. 1 сағат.**

Мәтін туралы түсінік. Мәтін құрылымы. Мәтін құрамындағы стильдік құралдар туралы ұғым қалыптастыру.

**25. Қорытындылау. 1 сағат.**

Сынақ алу. Сұрақ тапсырма. Тест.

1-кесте. Қолданбалы курстың тақырыптық жоспары

№	Маз-мұны	Сағат саны	Сабақтың түрі, оқушының іс-әрекеті	Пәнаралық, пәнішілік байланыс	Күтілетін нәтиже
1	<i>Стилистика пәні, міндеті, мақсаты</i>	1	Дәріс сабағы. Топтық жұмыс	Қазақ тілі	Жалпы халықтық тіл мен әдеби тіл қатынасын түсініп, біледі.

2	Ауызекі сөйлеу стилі	1	Жарыссөз стилі, бейнелі сөйлеуге үйренеді. Ойын сабағы. Ауызекі сөйлеу стилінің тікелей қатынас жасауда көрінетіндігі. Оның ауызша және жазбаша түрлері. Сөйлеу стилінің қолданылатын орны, диалог лексикасы. Ауызекі сөйлеу стилінің қолданылатын формалары: жарыссөз, лекция, консультация, баяндама, әңгімелесу. Сөйлеу стилінің ерекшелігі.	Әдебиет, тарих	Қарым-қатынасқа, ауызша түрде бейнелі сөйлеуге үйренеді. Қазіргі тіл біліміндегі сөйлеу кезіндегі тілдік құбылыстардың қызметін ұғындырады.
3	Ресми және іс қағаздар стилі	1	Практикалық жұмыс. Топтық жұмыс.	Әдебиет, тарих	Ресми іс қағаздарының айрықша қарым-қатынас жасау құралы болып саналатындығы. Мәліметтерді жинақтап, нақты жауап бере алады.

4	Ғылыми стиль	1	Салыстырмалы әдіс. Практикалық жұмыс. Ғылыми мәтіндерде мазмұн, анықтама, сипаттама, баяндама немесе талқылама түрінде берілетіндігі. Топтық жұмыс.	Ғылыми еңбектерді пайдалану	Ғылыми стильдің өзіндік ерекшеліктерін ажырата алады.
5	Көркем әдебиет стилі	1	Кіріккен сабақ. Жұптық жұмыс.	Өзге пән мәтіндерімен салыстыра отырып, өзіндік ерекшелігін табады.	Шынайы өмір шындығын, сөздердің әртүрлі ауыспалы мағынасын еркін қолдана алады.
6	Публицистикалық стиль	1	Практикалық жұмыс. Топтық жұмыс. Газет-журнал, радиотеледидар	Басылым беттердегі жаңалықтар	Публицистикалық стильде қоғамдық-саяси мәселелердің көрінгендігі. Қоғамдық-саяси мәселелердің бұл стильде ауызша және жазбаша түрде қалыптастырылатындығы. Ақпараттық ресми қолданыстарды тиімді пайдаланады.

7	Стильдік норма	1	Дәріс сабағы. Жұптық жұмыс	Әдебиет	Әдеби тіл, оның формаларын үйреніп, дұрыс қолдана алады.
8	Функционалды стильдердің тілдік сипаттамасы	1	Топтық жұмыс	Әдебиет, Қазақ тілі	Функционалды стильдердің стильдік белгілерін ажыратады. «Стилистикалық норма» ұғымы туралы, стилистикалық қате және оның түрлерін анықтайды.
9	Фонетикалық стилистика	2	Жеке жұмыс	Көркем шығармалар	Дыбыстардың стильдік мақсатта жұмсалуды. 2. Аллитерация мен ассонанстың көркем шығармадағы стильдік қызметі. 3. Интонацияның стильдік мүмкіндіктерін анық ажырата алады.
10	Лексикалық стилистика	2	Салыстыру сабағы. Ойын түрінде салыстырмалы ізденіс. Жұптық жұмыс.	Ғылыми әдебиеттер, оқулықтар	Сөздің тура және ауыспалы мағына да қолданылуы. Омоним, синоним, антоним сөздердің стильдік өңін ажыратады.

11	Синонимдердің стильдік қызметтері	2	Практикалық сабақ. Топтық жұмыс.	Әдебиет, тарих, қазақ тілі	Синоним сөздердің стильдік бояуларын салыстырып қолданады.
12	<b>Эмоционалды-экспрессивтік мағыналы сөздердің қолданылуы</b>	2	Талдау сабағы. Топтық жұмыс.	Әдебиет, тарих, қазақ тілі	Ұранды сөздерді тиімді пайдаланады.
13	Фразеологизмдердің стильдік қызметі.	2	Өңгімелеу, лекция, талдау, сұрақ-жауап	Қазіргі қазақ тілі, синтаксистік стилистика	Қазіргі тіл біліміндегі сөйлеу кезіндегі тілдік құбылыстардың қызметін ұғынады.
14	Грамматикалық стилистика туралы жалпы түсінік	2	Талдау, түсіндіру, түртіп алу.	Б.Шалабай. Қазақ тілінің стилистикасы. Б.Шалабай. Көркем әдеб. стил. Алматы, 2000 3.Р.Сыздық. Сөз құдіреті	Морфологиялық құрылыстың негізгі стильдік белгілерін талдай алады.
15	Сөз таптарының стилистикасы	2	Түсіндіру, дәріс, қайталау	Б.Шалабай. Қазақ тілінің стилистикасы	Есімдіктердің қолданылуы. Етістік тұлғаларының қолданылуы мен етістіктің шақтық тұлғаларын меңгереді.

16	Морфологиялық стилистика	2	Талдау, түсіндіру, түртіп алу.	Қазақ тілі -нің стилистикасы	«Морфология» тақырыбын толық меңгереді
17	Синтаксистік стилистика	2	Топтық жұмыс. Талдау, түсіндіру, түртіп алу.	Қазақ тілі синтаксисі, салыстырмалы грамматика, қазақ тілін оқыту әдістемесі. Тіл тарихы.	Синтаксистік стилистиканың зерттеу нысаны, қарастыратын мәселелері жайлы түсінік беріледі. Әр түрлі стиль түрлеріне тән синтаксистік ерекшеліктер мен құрылым, конструкциялар көрсетіледі.
18	Сөйлем және оның түрлерінің стильдік қызметі	1	Топтық жұмыс Лекция, талдау, түсіндіру	Қазақ тілінің стилистикасы. Р.Сыздық Сөз күдіреті.	Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібін ажыратады.
19	Қайталама сөздер мен бірыңғай мүшелердің стильдік қызметі	1	Жұптық жұмыс, талдау, сұрақ-жауап, түртіп алу.	әдебиет	Бірыңғай мүшелерді таба алады.

20	Күрделі синтаксистік тұтастықтардың стильдік қызметі	1	Топтық жұмыс. Лекция, талдау, түсіндіру	Қазақ тілі, әдебиет	Күрделі синтаксистік тұтастық туралы түсінік. Күрделі синтаксистік тұтастықтардың түрлері мен стильдік қызметін түсінеді.
21	<i>Жай сөйлем түрлерінің стильдік қызметі</i>	1	Топтық жұмыс Лекция, талдау, түсіндіру.	Қазақ тілі, әдебиет	Мәтін туралы түсінік. Мәтін құрылымы. Мәтін құрамындағы стильдік құралдар
22	<i>Тілдің көрік-тегіш-бейнелегіш құралдары</i>	1	Кітаби лексика. Көнерген сөздер. Неологизмдер. Метафора, метонимия, синекдоха, сөздердің көпмағыналылығы, омонимдер, антонимдер, синонимдер.	Әдебиет теориясы	Көркем шығармадағы теңеулердің стильдік қызметін, метафоралардың стильдік қолданысын ажыратады. Эпитеттерді стильдік мақсатта қолданады



23	Жазба әдеби тіл стильдері	1	Практикалық жұмыс	М.Балақаев, Е.Жанпейіс, М.Томанов, Б.Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 2005. Б.Шалабай. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 2006.	Жазба әдеби тіл стильдері, түрлері мен ерекшеліктері. Қазақша тұңғыш жазба тіл үлгілерін жасаған Абай, Ыбырай еңбектері жайлы. С.Көбеев, С.Торайғыров, Ш.Уалиханов, С.Дөнентаев шығармалары. Қазақ тілінде ең алғаш басылып шыққан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қисасын түгел оқып, жұмыстанады.
24	Мәтін стилистикасы	1	Топтық жұмыс. Лекция, талдау, түсіндіру		Мәтін туралы түсінік. Мәтін құрылымы. Мәтін құрамындағы стильдік құралдар.
25	Қорытындылау. Сынақ алу	1	Қорытынды сабақ		Шығарма желісі мен жалпы-халықтық тіл өнерін жетілдіре алады.

Г.НҮРМАНОВА,  
№187 М.Шоқай атындағы  
орта мектеп.  
Қызылорда қаласы.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

(5-сынып)

**СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ**

**1-тапсырма.** Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шілде» өлеңінен эпитет, кейіптеуді тауып, жаз.

Кейіптеу	Эпитет

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ**

**1-тапсырма.** Мағжан Жұмабаевтың «Қысқы жолда» өлеңіндегі көркемдегіш тәсілдерді тауып, кестені толтыр.

Кейіптеу	Эпитет	Теңеу

**2-тапсырма.** Мағжан Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңі бойынша кестені толтыр.

Ақын кімді сағынды?	Ақын нені сағынды?

### ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

**1-тапсырма.** Бала Жамбылдың өнеріне сүйсініп, ақ батасын берген кім?

**2-тапсырма.** «Өтеген батыр» жырындағы Өтеген мен Асан қайғы әрекеттерінде қандай ұқсастық бар?

.....  
.....  
.....

### СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

**1-тапсырма.** Өлеңнің қанша буынды екенін, қандай ұйқасқа құрылғанын анықта.

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,  
Бетпақ - шөл, ойлы-қырлы панасы бар.  
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген,  
Жәндіктің киік деген баласы бар.

.....  
.....  
.....

**2-тапсырма.** С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңіндегі киіктің сұлу бейнесі суреттелген шумақты тауып жаз.

.....  
.....  
.....

**3-тапсырма.** Сәкен Сейфуллин «Ақсақ киік» өлеңінде киіктің өлгені не өлмегені туралы бізге нақты мәлімет айтпаған. Ендеше өлеңді өзіміз аяқтап көрелік.

Не болады деп ойлайсың?	Дәлелің қандай	Не болды?

### МҰХТАР ӘУЕЗОВ

**1-тапсырма.** М.Әуезовтің «Абай» романынан алынған «Ақын қонақтар» үзіндісі бойынша семантикалық картаны толтыр.

Кейіпкерлер	Барлас	Зере	Абай	Ұлжан
Шығарманың аттары				
«Еділ – Жайық»				
«Қобыланды батыр»				
«Жүсіп – Зылиха»				
«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»				
«Жұпар қорығы»				

**2-тапсырма.** «Тұжырым» кестесін толтыр.

Бөлімдер	Абайдың көңіл-күйі	Себебі
Әңгіменің басында		
Қонақтар келгенде		
Қонақтар аттанарда		

### СӘБИТ МҰҚАНОВ

**1-тапсырма.** С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романынан берілген үзіндіні оқымастан бұрын төмендегі кестені толтыр.

Не білемін? /құстар туралы/	Не білгім келеді? /құстар туралы/	Не білдім? /құстар туралы/

**2-тапсырма.** С.Мұқановтың «Лашын» әңгімесінде қандай құстардың атаулары кездеседі? Олар жайында не білесің?

## САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

**1-тапсырма.** Бұл кім? Ол жайында не білесің?

**2-тапсырма.** Бала Шоқан

Мынау кім?	Кейіпкер
Жоқ, сенің құнаның бар, алып қашып кетесің. Мен жаяумын.	
Әй, өзін қара, неге келдің, шық үйден!	
Шоқан-ау, мынауың кім? Қайдағыны қасыңа ертіп, үсті-басы немене, қасына жоламаш. Ойнауыңа бір жөнді бала табылмады ма?	
Біздің ауыл қыстауға көшеді. Сен осында қаласың ғой, енді аман бол!	

Мынау не?	
«Шегір көзін төңкере шаңырақтан аспан әлеміне құмарта бір қарап, бір рет дүр сілкініп қойды.»	
«Екі құлағының салбыраған шашағы төгіліп тұр... Алдыңғы екі аяғын көсіліп жіберіп, төсін жерге тигізе керілді. Мойнындағы күміс қарғының күміс сақиналары сыдыр қағып, есікке қарай бет алды».	

3-тапсырма Төменде берілген қасиеттердің қай кейіпкерге тән екенін анықтап жаз.

Мүсінші, өнерлі, зерек, мейірімді, жанашыр, ақылды, берік, айтқан сөзінде тұратын, қорғансыз, қорқақ, досын, қорғай алатын, өнерді қадірлей білетін, шебер



## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

**1-тапсырма.** Ғабит Мүсіреповтің «Жаңа достар» шығармасы бойынша кестені толтыр.

Кейіпкерлер	Портреттері
Қайырғали	
Шеген	
Бораш	

**2-тапсырма.** «Жақсымен жолдас болсаң...» тақырыбына ойтолғау жаз.

**3-тапсырма.** Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романынан берілген үзінді бойынша сұрақтарға жауап бер.


Тест-сұхбат.

Қайрош қалаға неге қашып келді? Оның бұл қылығын дұрыс деп есептейсің бе?	
Шеген Қайрошқа неге сеніммен қарайды? Оған қандай шарт қойды?	
Шегеннің портретін ашу үшін жазушы қандай теңеулерді қолданған?	

**4-тапсырма.** Кестені толтыр.

Кейіпкерді қолдаймын	Кейіпкерге қарсымын

4-тапсырма. «Достық» сөзжұмбағын шеш.



1. Шоқанның әкесінің атқосшысы.
2. Мысықтың досы.
3. Шоқанның әкесі.
4. Мысық Шоқанға ненің мүсінін берді?
5. Шоқанның тентек інісі.
6. Мысықты таң қалдырған құс.

5-тапсырма. Семантикалық карта.

Кейіпкерлер	Шыңғыс	Шоқан	Жақып	Мысық	Анасы	Теңеу	Әпигет
Шығармадан үзінді							
1. Сен істей гой, шебер болсаң!							
2. Ә, жарайсың, бара гой, екі айтпаған жақсы.							
3. Кездемеден көйлектік шыт жыртып берші.							
4. Құйрығын қара, тап иттің құйрығы.							
5. Бауырсақ бересің бе, қант бересің бе?							
6. Жолбарыстай балалардай							
7. Кесек денелі							

## ҚАЛҚАМАН ӘБДІҚАДЫРОВ

1-тапсырма. Суретте қай шығарманың кейіпкері бейнеленген. Ол туралы не білесің?

.....

.....

.....

2-тапсырма. Жоғарыда аталған хикаят мазмұны бойынша кестені толтыр.

	Тарау тақырыптары	Негізгі оқиғалар
1		
2		
3		
4		

3-тапсырма. Екі жақты түсіндірме күнделігі

Мәтінде маған әсер еткен жай	Өз ой-пікірім

## ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Қуандық Шаңғытбаевтың ..... өлеңінің бас қаһарманы ..... қазақ елінің тарихындағы біртуар ерлердің бірегейі.

2-тапсырма. Аңырақайдағы қазақ-қалмақ соғысы туралы әңгімеле.

.....

.....

.....

## СӘКЕН ЖҮНІСОВ

**1-тапсырма.** С.Жүнісовтың «Ақан сері» романынан берілген үзінді бойынша тест тапсырмаларына жауап бер.

1) Ақан сері кім?

а) жазушы, журналист; ә) әнші, ақын, сазгер;

б) бай, болыс.

2) Күреңбай сыншы «Мынау бір пырақ екен» дегенде ол Құлагердің қандай ерекшелігіне сүйеніп айтты?

а) бір қабырғасы артық; ә) аяғы ұзын;

б) бүркітке ұқсатты.

3) Ат үстінде неше түрлі ойын көрсетіп, сырнай тартып, ән айтып жүрген өнерлі бала кім?

а) Мөңке; ә) Шашубай; б) Құлайкөк.

4) «Байқа, бала, Құлагерді тым қыспа, шаң қаптырып топ ортасына түсе көрме, жел жағында отыр». Кімнің сөзі?

а) Батыраш; ә) Ақан; б) Күреңбай.

5) Бәйгеге қанша ат қатысты?

а) 300; ә) 500; б) 600.

**2-тапсырма.** С.Жүнісовтың «Ақан сері» романынан берілген үзінді кейіпкерлерінің біріне хат жаз.

.....  
.....  
.....

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

**1-тапсырма.** Төрекұлдың Қозыкүренге байланысты әңгімесі өзіңе қалай әсер еткенін әңгімеле.

.....  
.....  
.....

**2-тапсырма.** Жылқыға байланысты қандай мақал-мәтелдерді білесің?

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

**1-тапсырма.** Халықтың асыл қасиетін өзіне жинақтаған ұлттық қолөнер бұйымдары туралы, қазақтың ою - өрнектері туралы жаз.....

.....  
.....  
.....

## МҰХТАР ШАХАНОВ

**1-тапсырма. Анықтама бер.**

Баллада дегеніміз – .....

**2-тапсырма.** М.Шахановтың «Отырар» өлеңінің қай тұсында жек көру, сүйсіну, мақтан ету, сезімдері бойларыңды баурап алды?

Жек көру	
Сүйсіну	
Мақтан ету	
Айыптау	

**3-тапсырма.** Қайырманға Шыңғыс қандай баға берді? Мәтіннен тауып жаз.

.....  
.....  
.....

## КҮЛӘШ АХМЕТОВА

**1-тапсырма.** «Қазағым менің» деген тақырыпқа ой толғап, шағын шығарма жаз.

.....  
.....  
.....

**С.ҚАЛИЕВА,**  
**М.О.Әуезов атындағы**  
**педагогикалық колледж.**  
Семей қаласы.

## **АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА**

*(М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі)*

**Сабақ мақсаты:** білімділік - оқушылардың М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы бойынша білімдерін кеңейту, «Абай жолы» роман-эпопеясының мазмұнын толық меңгеріп, түсіне білуге ықпал жасау, әдебиет пәнінен білімдерін тереңдету; дамытушылық - оқушылардың дүниетанымдық қабілеттерін арттыру, тіл байлықтарын дамыту, өз ойын еркін жеткізіп, шешен де шебер сөйлей алу дағдыларын қалыптастыру, шығарманы талдай алу мен қарсы пікір айта алу шеберліктерін дамыту; тәрбиелік - ой ұшқырлығына баулу, әдебиет пәнін сүйуге, қазақтың ақын-жазушыларының еңбектерін қызығушылықпен оқуға, дәріптеуге, құрмет тұтуға және адамгершілікке, бауырмалдық пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Типі: білім, іскерлік, дағдыны жетілдіру сабағы.

Түрі: аралас сабақ.

Көрнекілігі: Венн диаграммасы, графикалық диаграмма, модель, мультимедия, семантикалық кесте, қанатты сөздер, маркер. (Слайдтар мен таратпа материалдар қосымша тіркелді).

Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, жазбаша топтастыру стратегиясы, пікірталас, салыстыру стратегиясы, деңгейлеп оқыту.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Кітапханамен байланыс: кітапханашы көмегімен кітап көрмесін ұйымдастыру.

Накыл сөздер: «Абай – тәрбиеші, ұлы ұстаз, образ жасаудың шебер суреткері», «М.Әуезов тілі – оқырманға эстетикалық ләззат беретін әсем тіл».

Абай – қазақ эстетикалық-философиялық ойының, халық өнерінің ұшар биігі. Қазақ әдебиетінің ұлы атасы.

Ғабит Мүсірепов.

Сабақтың барысы:

**1-кезең:** Ұйымдастыру. Білім алушыларды түгелдеу.

**2-кезең:** Сабақты күй әуенімен 2 оқушы Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» өлеңімен бастайды. Мұғалім сабақтың тақырыбымен таныстырып өтеді.

**3-кезең:** Екі топты таныстыру (Топтастыру стратегиясы)

А) Сабақ мақсатын анықтау.

1. М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын пысықтау.

2. «Абай жолы» романы бойынша білімдерін тексеру.

3. Әр бөлімнің мән-мағынасын, мазмұнын ашу.

4. Романға жан-жақты мінездеме беру, сұрақтарға жауап беру сияқты талдаулар жүргізу.

5. Пікірталас сәттерін, маңызды сұрақтар туғызу.

6. Пікірлерді қорыта отырып, Абай бейнесін толық ашу.

Б) Сабақтағы оқушылардың мақсатын белгілеу.

Екі топ бүгінгі сабақтағы мақсаттарын айтады.

Мұғалім сөзі: - М.Әуезов- қазақ совет жазушысы, көп ұлтты совет классигі, қоғам қайраткері, ҚазССРҒА-ның

академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор ҚазССР-нің еңбегі сіңген ғылым қайраткері (Өмірі мен шығармашылығына хронологиялық кесте мультимедиадан көрсетіліп тұрады).

М.Әуезов - әлемдік әдебиетте ерекше орны бар жазушы. Ол өзінің жазушылық шеберлігімен қазақ әдебиетін құбылта құлпыртты.

«Қазақстан үшін Әуезов- екінші Абай» деп Н.Погодин айтпақшы, Абайды тудырған Әуезов. М.Әуезовсіз Абай жоқ, Абайсыз М. Әуезов жоқ. Сондықтан қазақ әдебиетінің ХХІ ғасырдағы асқар белі - Абай болса, ХХ ғасырдағы заңғар биігі- М. Әуезов.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы – бүкіл әлемді таң қалдырған ұлы шығарма. Ендігі кезекті осы «Абай жолы» романына берейік.

**4-кезең:** Үй тапсырмасын тексеру.

1. М.Әуезовтің шығармасы бойынша кесте құру.

2. Оқушылардың әр бөлімге жасаған жоспар, пікірлерін баяндауы.

3. «Абай жолы» бойынша білімдерін пысықтау мақсатында екі топқа сұрақтар.

**5- кезең:** Жаңа сабақ.

Кейіпкер ұғымына тоқталу. Абай бейнесін ашу мақсатында оқушыларға жоспар құруға тапсырма беріледі.

**6-кезең:** Пікірталас ұйымдастыру.

Дебат тақырыбы: Абай мен Құнанбай бейнесін салыстыра отырып, Абай бейнесін ашу.

1-топ: «Құнанбай – өз заманының биік тұлғасы»

2-топ: «Абай – дана, Абай – дара қазақта»

Қорытынды ұстаным: «Абайдай ұлы перзентті дүниеге әкелген Құнанбай да – ұлы тұлға».

**7-кезең:** Венн диаграммасымен жұмыс.

**8-кезең:** Жобалау технологиясы. Оқушылардың әр бөлімге жасаған жобаларын топ жетекшілері жобалау технологиясы бойынша графикалық диаграммаға түсіреді. Абай шыңын белгілейді. Бір-біріне сұрақтар қояды.

**9- кезең:** Insert әдісі бойынша кестені толтыру.

**INSERT ӘДІСІ**

(V) – Білемін	(+) – Мен үшін жаңа ақпарат	(?) – Мені таң қалдырады	(-) - Білмеймін

**10- кезең:** «Ой түйю» стратегиясы. Сабақтан алған әсермен ой – толғаныс жазу. Сабақ Абай қайтыс болғанда айтқан Әйгерімнің жоқтау монологумен аяқталады.

**11- кезең:** Үйге тапсырма:

**1. Бүгінгі сабақ бойынша:**

а) Сөзтуым жасау.

б) Ой – толғаныс жазу.

**2. Әйелдер галереясы.**

Орыс әдебиетінде «Тургенев жасаған әйелдер образы» десе, қазақта М.Әуезов жасаған әйелдер образы дейміз. Осы М.Әуезов жасаған әйелдер образының тұла бойы тұңғышы-Еңлік образы болатын.Әуезов образдары «күреске шыққан» образдар емес, «азаттық аңсаған» образдар болып табылады.

1-кесте. Хронологиялық кесте.

М.О.Әуезов-қазақ совет жазушысы, көп ұлтты совет әдебиет классигі,қоғам қайраткері, ҚазССР ҒА-ның академигі,филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР-нің еңбегі сіңген ғылым қайраткері.

Р/с	Жылдар	Өмірі, атқарған істері мен қызметтері

1.	1897 жылы	Семей облысының Абай ауданында (кезіндегі Шыңғыс болысы) 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуез. Алғаш атасынан хат таныған. 11 жасында әкесі қайтыс болып, Мұхтар ауылдан қалаға – немере ағасы Қасымбектің тәрбиесіне көшеді.
2.	1908 жылы	Семейдегі орыс гимназиясына оқуға қабылданады.
3.	1909 жылы	Қалалық училищеге түсіп, 5 жыл оқып шығады.
4.	1914 жылы	«Жарыс» футбол командасының белсенді мүшесі.
5.	1915 жылы	Мұғалімдер даярлайтын семинарияда 4 жыл оқиды.
6.	1919 жылы	Семей губерниялық ревкомында әуелі ұлттар бөлімінің меңгерушісі, артынан сол комитеттің төрағасы қызметіне жоғарылатылады.
7.	1922-1923 жылдары	Ташкентте мемлекеттік университетке өз бетімен тыңдаушы болып түседі. КазЦИК-тің президиум мүшесі болады.
8.	1923-1928 жылдары	Ленинград университетіне ауысып, оның филология факультетін бітіреді.
9.	1928 жылы	Ташкентке келіп, әуелі орман техникумында көркем әдебиеттен сабақ береді. Сабақ бере жүріп, ғылыммен де айналыса бастайды.
10.	1928-1930 жылдары	Орта Азия мемлекеттік университетіндегі Шығыс факультетінің түркология кафедрасына аспирантураға түсіп, 1930 жылы аяқтап шығады. Осы кезеңде Қазақ Халық ағарту институтында қызмет атқарады. (Ол кезде институт директоры С. Сейфуллин еді). 1929 жылы аяқ астынан М. Әуезов жұмыстан босатылады.
11.	1930 жылы	М. Әуезов қамауға алынады.
12.	1932 жылы	Абақтыдан босап, театрдың әдебиет бөліміне жұмысқа орналасады.
13.	1934 жылы	Қызметі ауысып, институтта сабақ береді.
14.	Кейінгі жылдары	ҚазГУ, МГУ профессоры, академик, Қазақ ССР Жоғарғы советінің депутаты.
15.	1946 жылы	ҚҒА-ның іргетасын қалаушылардың бірі.

16.	1961 жылы	Ұлы жазушы Москвада қайтыс болды. Алматыға жерленді.
-----	-----------	--

**Мұхтар Әуезов шығармашылығына хронологиялық кесте**

Роман-эпопея		
1.	1942	«Абай жолы» (бірінші кітабы)
2.	1947	«Абай жолы» (екінші кітабы)
Әңгімелері		
1.	1921	«Қорғансыздың күні»
2.	1922	«Оқыған азамат»
3.	1923	«Кім кінәлі»
4.		«Сөніп-жану»
5.	1925	«Ескілік көлеңкесінде»
6.		«Барымта»
7.		«Жетім»
8.		«Кінәмшіл бойжеткен»
9.	1926	«Жуандық»
10.	1927	«Қараш-қараш оқиғасы»
11.	1928	«Қилы заман»
12.	1929	«Көксерек»
13.	1932	«Іздер»
14.	1933	«Білекке білек»
15.		«Қасеннің құбылыстары»
16.	1934	«Үш күн»
17.	1935	«Шатқалан»
18.		«Құм мен асқар»
19.	1937	«Бүркітші»
20.	1947	«Асыл нәсілдер»
21.	1955	«Түркістан солай туған»
22.	---	«Қыр әңгімелері»
23.	---	«Үйлену»
24.	---	«Бүркіт аңшылығының суреттері»
25.	---	«Қаралы сұлу»



26.	---	«Татьянаның қырдағы әні»
Драматургия саласы		
1.	1917	«Еңлік-Кебек»
2.	1925	«Қаракөз»
3.	1936	«Түнгі сарын»
4.		«Алма бағында»
5.	1937	«Шекарада»
6.	---	«Айман- Шолпан»
7.		«Бәйбіше-тоқал»
8.		«Абай»
9.		«Қара Қыпшақ Қобыланды»
10.		«Ел ағасы»
11.		«Тартыс»
12.		«Тас түлек»
13.		«Сын сағатта»
14.		«Дос-Бедел-Дос» (Фантастикалық пішінде)
15.		«Хан Кене»
16.		«Бекет»
17.		«Абай» трагедиясы (Л.С.Соболевпен бірлесіп жазған)
18.		«Ақ қайың» (Ә.Тәжібаевпен бірлесіп жазған)
19.		«Намыс гвардиясы» ( Ә.Әбішевпен бірлесіп жазған)
20.		«Қынаптан қылыш» (Ғ.Мүсіреповпен бірлесіп жазған)
Аударма саласында		
Р/С	Авторлары	Шығарма аттары
1.	Н.Гоголь	«Ревизор»
2.	В.Шекспир	«Отелло»
3.		«Асауға тұсау»
4.	К.Тренев	«Любовь Яровая»
5.	Н.Погодин	«Ақсүйектер»

6.	Б.Прут	«Жойқын князь Мотислав»
7.	А.Афиногенов	«Қорқыныш»
8.	А.Крон	«Флот офицері»
9.	Мамин-Сибиряк	«Чусовойдағы бурлактар»
10.	---	«Дворян ұясы»
11.	---	«Той тарқар»
Зерттеулері		
1.	1927	«Әдебиет тарихы»
2.	1946-1948	«Қазақ әдебиеті тарихы» I том
3.	1948-1960	«Қазақ әдебиеті тарихы» II том (аяқталмай қалды)
4.	1959	«Әр жылдар ойлары» (әдебиеттану саласы бойынша)
5.	1962	«Уақыт және әдебиет» (Ы.Дүйсенбаев құрастырды)
6.	---	«Манас»
7.	---	«Абай» (Ибраһим Құнанбайұлына)
Сапар жазбалары		
1.	1958	«Индия очерктері»
2.	1960	«Америка эсерлері»
3.	---	«Оңтүстік очерктері»
Көсемсөз		
1.	1917	«Адамдық негізі-әйел»
Мақалалары		
1.	1917	«Оқудағы құрбыларыма»
2.	1918	«Оқу әдісі»
3.		«Ғылым тілі»
4.	1920	«Бүгінгі зор міндет»
5.	1924	«Халық әдебиеті туралы»
6.	1925	«Әдебиет ескілігін жинаушыларға»
7.	---	«Ғылым»
8.	---	«Мәдениетке қай кәсіп жуық?»

9.	---	«Қазақ ішіндегі партия неден?»
10.	---	«Философия жайынан»
11.	---	«Қазақ халқының фольклоры мен эпосы»
12.	---	«Тіл мен әдебиет мәселесі»
13.	1957	«Үмітті ұрпаққа игі тілек»
14.	1967	«Ана тілі,Әдебиетін сүйіндер»
15.	---	«Қазақ оқығандарының міндеті»
Аяқталмай қалған туынды		
1.	1961	«Өскен өркен»

Танымдық сұрақтар:

1. Абай неше жасында әке болды? (17)
2. Оның тұңғыш баласы Ақылбай кімнің тәрбиесінде болды? (Нұрғаным)
3. Абайдың аты алғаш қай оқиғадан кейін шықты? (Бөжей асы)
4. Құнанбай мен Абай арасын ашқан оқиға? (Қодар өлімі)
5. Абайдың әйелі Ділдәнің әке-шешесі кім? (Алшынбайдың Түсіп деген баласы)
6. Абайға Ділдәні неше жасында айттырады? (13 жасында)
7. Құнанбайдың жеңгелей алған әйелі кім? (Ұлжан)
8. «Абай жолы» неше тілге аударылған? (116)
9. Романның алғашқы аты? (Телғара)
10. Абай болыс болған ба? (1893-1894)
11. «Абай жолы» романын жазуда М.Әуезов қанша ізденді? (20 жылдан астам. Алғашында «Абай» либреттосын, «Абай-Әйгерім» киносценарийін және трагедиясын жазды).
12. Абай алғаш өлеңдерін кімнің атынан жариялады? (Көкбайдың)
13. Абай ескерткіші алғаш рет қай жерде қойылды және мүсіншісі кім? (Алматыда, Х.Наурызбаев)

14. Абайдың ең алғашқы аударма өлеңі? (Ю.Лермонтов «Бородино»)

15. Абай Лермонтовтың неше шығармасын аударған? (27 шығарма)

16. Абай қай жерде білім алған? (Семейде, Ахмед-Риза медресесінде)

17. Құнанбай Абайға қандай жағымсыз мінездеме берді? (Жайдақ сусын.)

18. Абайдың ерекше қабілетін танып, алғаш бата берген кім және эпопеядағы адамның прототипін ата? (Барлас ақын - Дулат)

19. «Абай жолы» қай жылдары басылып шықты? (1942, 1947)

20. М.Әуезов қай жылы өмірге келіп, қай жылы қайтыс болды? (1897-1961)

21. М.Әуезовтің шығармаларын ата?

22. М.Әуезовтің жазушылық, ұстаздықтан басқа ермегі болды ма?

23. М.Әуезовтің әйелдерін, балаларын ата?

24. М.Әуезов қай жерде қайтыс болды? (Мәскеуде)

25. Қазақ Халық ағарту институтынан М.Әуезов неліктен жұмыстан босатылды?

26. Ең алғашқы тырнақалды туындысы қай жылы жазылған? (1917 ж. «Еңлік-Кебек»)

27. Тұңғыш баласының аты кім? (Мұқамилә)

Танымдық сұрақтар. I том

1. Әйгерімнің шын аты кім? (**Шүкіман**)

2. Қодар мен Қамқа өлімін көргеннен кейін Абай атына міне сала, ауылға қарай шаба жөнелді. Артынан мұны қуып жеткен Жиренше бұған ат қойып, айғайлап келеді. Не деп ат қойды? (**Текебай теңтек**)

3. Ербол Сүйіндік ауылына келеді. Тоғжанның бастаңғысында алтыбақан қасындағы ән мен ойын тағы

біразға созылған соң Ербол тың ойын бастады. Біріншісі- «ақсүйек», ал соңғысы қандай ойын еді? (*Серек құлақ*)

4. Ділде бейнелес, ақ сары, мазасыз қыз, кеш болғанда ғана отауға келеді. Абайды әкелікке еріксіз көндірем дегендей боп Күнбадан түні бойы ұйқы бермей жылайды. «Тыныш ұйқыдан кісіні шағып оятады» деп, Абай оны кім деп атаған? (*Сарышаян*)

5. Қарашаш қасында отырған қыздар да көп еді. Қазір шайдан соң олар да тарады. Енді сол көп қыздардың ішінен бөлініп қалған бір ғана ұзын бойлы ақ сары қыз бар. Сұлу денелі, ашық нұр жүзді әсем бойжеткен. Жіңішке қап-қара қасы Абайға алдымен байқалды. Кейбір кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген. Мұрны мен маңдайы бұл қыздың Қадырбай қызы екенін дәл танытады. Қадырбайдың қызы кім? (*«Қадырбайдың ақын қызы» деп аталатын Қуандық*)

6. Тоғжан ауылында бастаңғы болып жатыр. Құлаштап сермелген әткеншекке Абай мен Тоғжан кезек-кезек биіктей түсіп, теңселіп тұрып ән шырқасты. Тоғжан алғашында бір-екі ауыздың тұсында Абайды тыңдап айтып кеп, үшінші ауызға келгенде, еркін сермеп қосылды. Екеуі қандай әнді шырқады? (*Топайкөк*)

7. Бөжейдің жылдық асында бәйгеге шабатын аттың санын Ербол айтып келді. Жиынын Байдалы санатқанда 150 ат болды. Соның ішінен 10 атқа бәйге аталыпты. Бәйгенің бәрі тоғыз-тоғыздан. Бәйгелері қандай? (*Алдыңғы бәйге-түйе бастатқан тоғыз, екіншісі- Ұлжан әкелген күміс жамбы бастатқан тоғыз*)

8. Бөжей асында үлестеріңнен қалмаймыз, бәйгенің бір тоғызының басы осы болсын деп Ұлжан Байдалыға бір бұйым береді. Ол бұйым не? (*Үлкен кесек күміс- «Тайтұяқ»*)

9. Абай Ділдеға ұрын бару салтында талай күннен бері сан ырымды жасап, мәпелеп, аялап келген екі жардың алғашқы

тіл қатысуы болып еді және қандай сөз? (*Ділде Абайға «Ары жатшы» деді*)

10. Құнанбай Айғыздан туған Кәмшат атты қызын Бөжейге не үшін берді? (*Жерге талас (күзем), арты ру арасындағы тартыс, Тоқтамбет үстіндегі төбелес, Бөжей мен Пұшарбайға тиген қамшы соққысы үшін*).

II том. 1. «Абай жолы» роман-эпопеясының тарауларын атап шық.

I том.

*1-бөлім- Қайтқанда, Қат-қабатта, Жолда, Шытырманда, Бел-белесте, Өрде, Қияда.*

*2-бөлім- Тайғақта, Жайлауда, Еңісте, Оқапта, Асауда, Тарауда, Биікте.*

II том.

*1-бөлім- Абай аға, Кек жолында, «Қарашығын», Өкініште, Қақтығыста, Қоршауда.*

*2-бөлім- Түн-түнекте, Құз-қияда, Қапада, Қастықта, Шайқаста, Жұтта.*

2. Күзгі күземге көшіп келе жатқан Абай ауылы Ералының кең жазығына іліккенде Абай кішкене бір төмпешікке, екі молаға тоқтады. Бұл қос мола кімнің моласы еді? (*Еңлік пен Кебектің*)

3. «Қарашығын» дегеніміз не? Кімдер алушы еді? (*«Қарашығын» - болыстың сойысына, қонағасы, мініс-берісіне деп ел басына үлестіріп салынатын салық. Оны болыс пен билер алатын*)

4. Базаралы Тәкежанның 800 жылқысын шапқанда Байғабылдан қосылған жатақтың 5 жігітін шақырып алды. «Ең алдымен еншіні сендерге береміз»- деп жатақтың 40 үйіне енші бөліп береді. Қаншалықты енші бөлінді? (*Жатақтың 40 үйіне арнап 40 құр атты бір бөлді, сосын «екі үйге бір сойыс» деп жиырма ту биені бөлді*).

5. «Қарашығын» тарауында Әбіштің қаладан ауылға келгені туралы баяндалады. Әбіш бұл ауылдың барша адамдарын анық тамаша қалдырған жаңа бір өнер көрсетті. Ол қандай өнер? **(Әбіш жақсы скрипкашы екен. Орыс халқының романстары мен «Стенька Разин», «Ермек», «Бродяга» сияқты әндерді тартты)**

6. Ділде Әбішке:- Менің де сенен тілер бір тілегім болса, сенің бермесіне бола ма? Мен сенен аналық өтініш етем. Сол қолқамды бересің бе?-деп, баласын иығынан құшақтай түсіп, жауап күтті. Ол не қолқа? **(Әбішке «ұяң болсын, қалыңдық айттыр» деді)**

7. Әбіш Мағышпен жолығып, өзін аса қадірлейтінін айтып, бірақ жар етіп алуға бір бөгет жайдың, сыры барын айтады. Ол қандай сыр мен бөгет еді? **(Жұқпалы науқас)**

8. Әйгерім қайныларының бірін «Шырақ» дейтін. Ол кім еді? **(Тәкежанның ұлы Әзімбай)**

9. Сейіл: «Абай осы күнде ренішті көрінеді. Өзінің тірек көрген ең жақын көретін баласы қаза бола ма деп қауіп етеді екен. Көңілі күпті, қайғы басқан қартқа айналып барады дейді. Біз талай кезде Абайдың қасында болушы едік, мынау күйінде үнсіз қалмайық, тым құрыса көзіне көрініп, көңіл білдіріп, сәлем беріп шығайық. Абайдың тәуір көретін достары түгел пәлен күні жиналып келіндер,- деп сәлем жолдаған. Бұл сәлем кімге жолданған еді? **(Затон адамдарына)**

10. Мағаш қысылып жатқанда Абайдың досы Ербол аурудан жығылады. Ол қатты ауыра бастағанда Базаралы қасына кеп он шақты күн өз қолымен күтеді. Үзілген сағатында да досының басын тізесіне салып отырып қош айтысады. Дәл осы күндерде Базаралы өзі де ауырып қалғанын сезеді, үш күн өткенде ауруы асқындап Базаралы да өледі. Екеуіне ортақ аурудың аты не? **(Сүзек ауруы)**

2-кесте. Семантикалық кесте. М.Әуезов. «Абай жолы»

Кейіпкерлер	Мағаш	Ербол	Әбіш	Кәкітай
Әңгімеден үзінді				
- Былтырдан бері, Петербордағы докторлардың айтуы бойынша, менің өкпеме науқас ілініп келеді. Қысқасы, не керек, сол науқас турасында мені емдеп жүрген үлкен доктор маған әзірге үйленуге болмайды дейді.				

Кейіпкерлер	Дәрмен	Базаралы	Мағауия	Ақылбай
Әңгімеден үзінді				
- Бақыршы бала қуырдақты жаңа түсіргелі жатыр еді. Бір уақыт тысқа шығып келіп: «Осы жерде айқай, көкте айқай, жылқыға қасқыр шапты ма? Жоқ,Әзімбайлар қашаған қуғызып жүр ме? Маңайдың бәрі аппақ боран болып кетті»- деп бір келді. Сол кезде қуырдақты жаңа жей бастап едім. Өзі бір семіз жабағының сан етінен ұсақ қып тураған майы кілкіген қуырдақ екен!-деп, қуырдақ жағына тағы да ауысып кетті.				

Кейіпкерлер	Тәкежан	Майбасар	Абай	Базаралы
Әңгімеден үзінді				
- Артқы күнді көріп алармыз. Жасқанбасын қалың жатақ бауырым. Мынау 40 атты қыс бойы қалаға пішен тасып,көлік етсін. Осы аттардың майымен ұн, шайын айырсын. Ал мынау ту биелерді сойып алсын да,ашығып отырған қызыл қарын жас бала,кемпір-шалына талшық етсін! – деп жөнелтті.				

Кейіпкерлер	Абай	Әбіш	Әйгерім	Құнанбай
Әңгімеден үзінді				

- ... Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у барма! Жүрегімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап шеккенде не жазық, не айыбым бар?	+			
---	---	--	--	--

Кейіпкерлер	Майбасар	Ербол	Құнанбай	Ұлжан
Әңгімеден үзінді			+	
- Ең әуелі, арзан мен қымбаттың паркын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды.				

Кейіпкерлер	«Айттым сәлем Қаламқас»	«Көзімнің қарасы»	«Желсіз түнде жарық ай»	«Тағыяның әні»
Әңгімеден үзінді		+		
Ералы жазығында Еңлік-Кебектің моласының басына тоқтағанда Дәрмен Еңлік пен Кебектің құраны осы болсын деп бір әнді айтты. Ол әннің аты?				

Кейіпкерлер	Шұбар	Оспан	Күнту	Ысмак
Әңгімеден үзінді			+	
Семей оязының начальнигі Казанцев өткізген сайлауда болыс кім болды?				

Кейіпкерлер	Кузьмич	Лосовский	Андреев	Михайлов
Әңгімеден үзінді				

- Құнанбаев! Біздің достығымыз екеуімізге де жақсы нәтиже берер деп үміт етемін. Тек кітапханадан, Кузьмичтен қол үзбеймін деген уәденізге берік болыңыз.				+
---	--	--	--	---

Кейіпкерлер	Барлас акын	Біржан сал	Байкөкше	Өмір
Әңгімеден үзінді				
- Ұл-қызыңның игілігін көр, жақсы ана. Ауылыңда, елінде, көрген сый-құрметім қайда жүрсем де есте болар. Құдай ырза, мен ырза! - деп Ұлжан, Айғыздардың қолдарын қос қолымен, кішілік құрметпен тұтып, қош айтысып шықты.				

Кейіпкерлер	Әжесі Зере	Анасы Ұлжан	Айғыз	Женгесі Қамқа
Әңгімеден үзінді		+		
- Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер!				

Кейіпкерлер	Әйгерім	Ділдә	Тоғжан	Салтанат
Әңгімеден үзінді			+	
Оянып ұмтыла тұрған Абай құшақтап алғанда, ол бойын іркіп, Абайдың құшағынан сусып шықты да: - Абай! Мен аз ғана тіл қатып, сенімен арыздасып кеткелі келдім! - деді.				

Кейіпкерлер	Әйгерім	Ділде	Тоғжан	Салтанат
Өңгімеден үзінді				
- Айныдыңыз! Аздыңыз, Абай! Алтын сарай ырысым деушен бұл үйді. Өзегімді өртедіңіз. Енді дауа табар көңілім жоқ. Мен жылаулармын. Үйіңнің шырағы сөнді, шипасыз дерт жеңді менің бойымды. Көңілімді дауалар, шипа болар сөзіңіз жоқ. Түк айтпаңыз! Бітті менің күнім!	+			

#### Әдебиеттер:

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. 1927-1991.
- 2 Абай тағылымы. Алматы, 1986.
- 3 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы, «Санат», 1995.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. I кітап. Алматы. 1960
- 5 Әуезов М. Абай жолы. I, II том. «Жазушы» баспасы, 1990.



**Ә. ТҰРСЫНОВА,**  
**«Жаңа ғасыр»**  
**№175 гимназиясы.**  
 Алматы қаласы.

## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ. «НАЙМАН-АНА»

Сабақ мақсаты:	а) білімділік – Ш. Айтматов өмірі мен шығармашылығына тоқталу, «Найман-Ана» әңгімесінің мазмұнын ашу; ә) дамытушылық – шығарма мазмұны бойынша оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, саралауын дамыту;
----------------	--

	б) тәрбиелік – туған жерге, анаға, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, мейірімділік пен мейірбандықты бойларына дарыту.	
Сілтеме:	1. Әдебиет оқулығы. 8-сынып. 2. Ш. Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн» романы. 3. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық кітабы, т.б.	
Оқушылар нәтижелері:	1. Топпен жұмыс жасап, өз үлесін тигізу. 2. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары арқылы оқушылардың жазушы шығармасы туралы ойы мен пікірін білу. 3. Сарыөзектің тағдыры туралы тарихи шындықты, Найман-Ана туралы аңызды білу.	
Негізгі идеялар:	Адам баласының туған жерге, Отанға, анаға деген ыстық ықыласын, аңыз бен шындықты ойларында тұрақтандыру.	
Сабақта қолданылатын материалдар:	1. Портрет, сурет. 2. Слайдтар, АКТ құрал-жабдықтары. 3. Үлестірмелі материалдар. 4. Постер құруға қажетті заттар. 5. Бағалау парақшалары, стикерлер.	
Оқыту әдістері:	Жаңа әдістер: Джигсо әдісі АКТ СТО Кесте толтыру, сұрақтарға жауап беру, салыстыру, ВЕНН диаграммасы.	1. Диалог. 2. Жеке жұмыс. 3. Жұптық жұмыс. 4. Топтық жұмыс.
Дерек көздері:	Сарыөзек, Ана-Бейіт туралы аңыз. Жұмыс дәптері. 8-сынып. «Арман-ПВ», 2011 ж.	
Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:		
Сабақтың кезеңі, уақыты.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу (1 мин) 8.00-8.01	1. Кезекшімен сұхбат. 2. Бүгінгі сабақта бір-біріне жақсы сөздер айту.	1. Жақсы тілектер мен сөздер айтады.

Топқа бөлу 8.01-8.03 (2 мин.)	Сыныптан «Зере», «Ұлжан», «Ұлпан», «Домалақ ана» есімдерін бұрын-соңды білетіндігін сұрау.	Осы оқушылардың өздерінің айтуы бойынша топтарға бөлінеді. 1-топ «Зере», 2-топ «Ұлжан», 3-топ «Ұлпан», 4-топ «Домалақ ана».
II. Жаңа сабақ 8.03-8.06 (3 мин.)	I. Қызығушылығын арттыру. Презентация Ахмет Иассауи, Қарахан, Айша бибі мазары, Домалақ ана мазарын көрсете отырып, жинақтау-қолдану әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтау.	Ахмет Иассауи, Қарахан, Айша бибі мазары, Домалақ ана бейітін интерактивті тақтадан көріп, жаңа тақырыптың атын табады.
8.06-8.09 (3 мин.)	II. Мағынаны ашу. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы, Найман-Ана бейітінің тарихын сипаттайтын психологиялық романдан үзінді екенін, «Мәңгірт, садизм» сөздеріне тоқталу. Әңгімені қысқаша мазмұндай кету. «Мангурт» кинофильмінен үзінді көрсету.	Оқушылар III. Айтматовтың өмірі мен шығармашылығы жайында танысады.
8.09-8.24 (15 мин.)	III. Джигсо әдісі. 1. Оқушыларға мәтінді бөліп беру. 1-топ 274-275-бет. 2-топ 276-277-бет. 3-топ 278-280-бет. 4-топ 281-284-бет. 5-топ 285-286-бет.	1. Оқушылар мәтінмен танысып шығады. 2. Әр топтың мүшесі өздері оқыған бөлікті келесі топқа түсіндіріп шығады.

8.24-8.30 (6 мин.)	IV. Сюжеттік-композициялық жоспар. Оқушының топтық талқылауға қатысу белсенділігі, өз ойларын нақты жеткізіп, бөлімдерді сауатты бөле білуі бағаланады. 1. Экспозициясы. 2. Дамуы. 3. Шарықтау шегі. 4. Шиеленісуі. 5. Шешімі.	Оқушылар алдымен жеке (1 мин.), жұпта (1 мин.), топта (1 мин.) ортақ шешімге келіп, әр топ өздері жазған жоспарларын қорғайды. 5 топ тыңдалып болған соң, ортақ жоспар құрылады.
8.30-8.37 (7 мин)	V. Әр топқа сұрақтар мен тапсырмалар бере отырып, іздену арқылы шешім табуға, пікірлесе жұмыс істеуге итермелеймін.	Оқушылар сұрақтар мен тапсырманы орындай отырып, ізденеді, талдайды, топта өзінің пікірімен және өзгелердің ойымен бөліседі.
	Тапсырмалар мен сұрақтар: 1-топ. Жазушы қандай әлемдік мәселені көтеріп отыр? 2-топ. Үзінді идеясын ашуға қандай тарихи оқиға негіз болады?	
	3-топ. Жауыздыққа, оның асқан түрі – адамды ақыл-естен айыруға сендердің көзқарастарың қалай? 4-топ. Ананың баласы үшін істеген әрекетін қалай бағалайсыздар?	
IV. Қорытындылау 8.37-8.40 (3 мин.)	IV. Венн диаграммасын құрғызу. Фабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» атты әңгімедегі ана мен Найман-Ананы салыстыру.	Венн диаграммасын құра отырып дәлелдейді.

<p>V. Үйге тапсырма беру. 8.40-8.42 (2 мин.)</p>	<p>1. Ш.Айтматов туралы оқып келу. 2. «Мәңгірттік: кеше және бүгін» тақырыбына эссе жазу. Эссе жазу өлшемдері алдын ала беріледі: - Тақырыптың ашылуы; - Сөздік қорын орынды пайдалануы; - Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс пайдалануы; - Өз ойын грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық бірізділікпен жеткізе білуі; - Өздігінен қорытынды жасауы.</p>	<p>Үй тапсырмасын білу, түртіп жазып алу.</p>
<p>VI. Бағалау. 8.42-8.45 (3 мин.)</p>	<p>Бағалау өлшемдері: 1. Мазмұндауы. 2. Жоспар құруы. 3. Джигсо тапсырмасы. 4. Венн диаграммасы.</p>	<p>Бір оқушы сабақта не ұққандығы туралы айтады. Ал қалған оқушылар сұрақ қояды.</p>



**К.ТОҚТАРБЕКОВА,**  
**«Жаменке орта мектебі мектепке**  
**дейінгі шағын орталығымен»**  
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**  
 Алматы облысы,  
 Райымбек ауданы,  
 Қақпақ ауылы.

## АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІН САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

**Сабақтың мақсаты:** Абай тағылымы бойынша оқушының білімін кеңейту.

1. Абай өлеңдерін, қара сөздерін оқыта отырып, сөз таптарын тапқызу. Сөз таптарына сатылай кешенді талдау жасау арқылы оқушылардың алған білімін жинақтау.

2. Ақынның өлеңдері, қара сөздері арқылы ізгі-қасиеттерді сіңіре отырып, адамгершілік тәрбиесін беру.

3. Өтілген теориялық материалдарды шығармашылықпен баяндауға баулу. Қатесіз, тез, ұқыпты талдауға үйрету.

Типі: бекіту сабағы.

Түрі: кіріктірілген сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау.

Көрнекілігі: Абай портреті, плакат, сатылай кешенді талдаудың сызбалары, үлестірмелі кәртішке.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушыларды түгелдеу, сынып бөлмесінің тазалығына көңіл бөлу.

1. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін хормен орындату.

Мұғалім: Абай тағылымы бойынша оқушының білімін кеңейту.

Адамдық атқа ие болудың адам атын биік дәрежеге жеткізудің дұрыс жолын ұсынған данышпан ұлы ақын Абай екені даусыз. Абай атамыз «Атым адам болған соң, қайтіп надан болайын», - деп білім, ғылым үйренуге шақырады.

IV. Мақсат қою: Абай тағылымы бойынша өлеңдерін, қара сөздерін оқыта отырып, сөз таптарына сатылай кешенді талдау жасау арқылы оқушы білімін кеңейту.

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе!

Адамдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге,-

деген С.Торайғыровтың сөздері бүгінгі сабағымыздың мақсатын айқындай түседі.



Сонымен, Абай – адассаң жол көрсетер, шөлдесең сусын берер, шаршасаң қуат берер асыл тұлға. Ендеше бүгін біз сабағымызды Абайдың қара сөздеріне арнаймыз. Өлеңдері мен қара сөздерін оқи отырып, сол өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасаймыз.

VII. Сыныпты үш топқа бөлеміз.

1-топ – «Қайрат» 2-топ – «Ақыл» 3-топ – «Жүрек»

Сабақты төрт кезеңге бөлеміз

1-кезең: «Ойтолғау» оқушылар жүрек, ақыл, қайрат туралы ой толғайды

2-кезең: Сатылай кешенді талдау (әр топ өздеріне берілген сөйлемдерге талдау жасайды)


ә) Қалған оқушыларға деңгейлік тапсырма беріледі (күтесін, ақылды, күлкі)

3-кезең: Поэзия минуты. Абайдың білім, ғылым, өнер жайлы өлеңдерін жатқа оқу.

4-кезең: «Қайрат», «Жүрек», «Ақылдың» айтысы.

Мұғалім қорытынды сөзі:

Ал, балалар, осы айтысып отырған Қайрат, Ақыл, Жүректердің бір-бірінен күні жоқ екен. Ендеше, осы үшеуі (бір кісінің) барлық адамгершілік қасиет бойынан табылатын қасиетті адамдар. Ондай адамды толық қанды адам дейміз. Толық қанды адам дегеніміз қандай адам? Ол күннің шуағындай



Абайдың қара сөздері – адамгершілік қағидасы. Абай бізге, біздің ұрпаққа үлгілі сөз, өнегелі тәрбие беріп кетті. Ұлы ақынның адамгершілік жайлы нақыл сөзін жадыларыңда ұстап, өнеге алыңдар.

Оқушы білімін бағалау.

VIII. Үйге тапсырма беру. «Отыз бірінші қара сөзін» сатылай кешенді талдау жасау.



Ғ.БАЙНИЯЗОВА,  
№ 144 С.Әлжіков атындағы  
қазақ орта мектебі.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ПОЭМАСЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Шәкәрім шығармашылығымен таныстыру, хикаяттың мазмұнын ұғындыру арқылы Қалқаман, Көкенай әрекетіне екі түрлі көзқараста баға беру; **дамытушылық** – оқушының ой еркіндігін, эстетикалық сезімін ояту, қысқаша мазмұндату арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сұрақтар арқылы белсенділігін арттыру, өздігінен білім алуға баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды поэмадағы кейіпкерлердің жақсы мінез- құлық, орынды іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық жасауға баулу.

**Сабақтың типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Сабақтың түрі:** панорамалық сабақ. **Сабақтың әдістері:** мәтінмен жұмыс, пікір айту, сұрақ - жауап, сахналандырылған көрініс, сұрақтар арқылы мәселелік жағдай туғызу. **Көрнекілігі:**

Ақын портреті, интерактивті тақта, слайд. **Формасы:** ұжымдық, топтық, жеке. **Пәнаралық байланыс:** тарих, салт-дәстүр.

## САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, өткен сабақта берілген материалдарды сұрау, тексеру, бекіту.

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Шәкәрім туралы өздігінен оқып келгендерін тексеру.

2. Неліктен Шәкәрімді Абайдың ізбасары дейміз?

3. Жеті ата туралы не білеміз? Кім өзінің жеті атасын атап бере алады?

## III. Жаңа сабақ.

**Мұғалім:** - Балалар, үйден «Қалқаман -Мамыр» поэмасының мазмұнымен танысып келдіңдер. Енді жырдағы басты оқиғаларға назар аударып, мазмұндап көрейік.

Шәкәрімнің төл туындысы ретінде саналатын үш поэмасы бар. Олар – «Қалқаман–Мамыр», «Еңлік–Кебек» (алғашқы аты «Жолсыз жаза, яки кез»).

1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жарық көрген поэмасын ақынның өзі «Қазақ тіліндегі тарихи хикая» деп атаған. «Мұтылған» деген бүркеншік есіммен жазған автордың кіріспе сөзі де осының бір дәлеліндей. Онда автор былай дейді: «Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс. Біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, «ақтабан шұбырынды» болғаннан бір-ақ жыл бұрын Қалқаман–Мамырдың ісіне ескі қазақтар теріс көзімен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазықсыз екенін біліп, дұға қылса керек.

Өлгенді тірілтпесем де, өткенді жандырғандай болсын деп, биыл жүз тоқсан жыл, ұмытылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме ақсақалдар аузынан қалып бара жатыр.

Біздің де ізіміз жоғалатынын ойлап, сол асылдардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім. Кіріспеден көріп отырғанымыздай, ақын бұл шығармасын – тарихи дүние ретінде жазуды ойластырған. Дәл тарихи дастан болмағанмен, мақсат солай болған. Екі ғашықтың махаббат трагедиясын арқау еткен бұл поэма – Қалқаман мен Мамыр атты екі жастың ғашықтық сырын шертеді. Шығармада екі ғашықтың махаббаты романтикалық сарында бейнеленген. Мәселен мұны Мамырдың Көкенай батыр қолынан қаза табар сәттегі сөзінен айқын аңғаруға болады.

Тілегім келді орнына арманым жоқ,

Артында Қалқаманның қалғаным жоқ,

Мені сен өлтіргенмен жасармайсың,

Сүйткенмен жас жанымды алғаның жоқ.

Тағдырдың сүйгенінің алдында алып, махаббатының пәктігі сақталғанын жұбаныш еткен. Мамыр рухының биіктігі осы жолдардан анық сезіледі.

Ақын екі жас жағында, ол екі жастың трагедиясы арқылы олар өмір сүрген тұстағы қоғамның қатыгездігіне өз үкімін шығарады. Тақырып желісі махаббат болғанмен де, ақын сол тұстағы қазақ өмірінің, салт-дәстүрінің, ой-сана, көзқарастар қайшылығының бүкіл қыр-сырын ашуға ұмытылған.

## IV. Оқулықпен жұмыс.

Түсініктеме парағы «Сөз мағынасын ұға біл!»

**Еркекшора** - еркек балаша киінген қыз.

**Бастаңғы-** ауылдың үлкендері жол жүріп кеткенде, үйде қалған қыз-бозбалалар мал сойып, жастар бас қосып, ойын-сауық жасайтын салт-ырым.

**Оғат-** оғаш, қателік.

**Халал-** адал.

**Асық-** ғашық.

**Шаһит болу-** дін жолында қаза болу.

«Қалқаман- Мамыр» поэмасы

1-кесте. Шығарманы композициялық құрылымына қарай талдау.

Шығарманың құрылысы	Мәтін бойынша атауы	Теориялық ұғым
1. Оқиғаның басталуы	Туыстық байланыс	Көркем шығармада баяндалатын оқиғаның басталуы
2. Оқиғаның байланысуы	1. Мамырдың бойжетуі 2. Қалқаман мен Мамырдың кездесуі 3. Қос ғашықтың бірге қашуы	Көркем шығармада оқиғалардың бір – бірімен сабақтасып отыруы
3. Оқиғаның дамуы	Мәмбетей мен Көкенайдың Баба сөзіне келіспеуі	Шығармадағы оқиғалардың қалыңдап, шиеленісе түсуі
4. Оқиғаның шиеленісуі	Мамырдың өлімі	
5. Оқиғаның шарықтау шегі	1. Қалқаманға шығарылған үкім 2. Қалқаманның елден кетуі	Көркем шығармада оқиғалардың шарықтау шегіне жетуі
6. Оқиғаның шешімі	1. Елдің күйзелісі 2. Қалқаман ұрпағы	Көркем шығармада оқиғалардың бір шешімге келуі

**Мұғалім:** - Әнет баба, Мәмбетейлерді ақын кім деп таныстырады. Олардың Қалқаман мен Мамырға қандай туысқандық қатысы бар?

**Жауап:** «Әнет баба арғынның ел ағасы, әрі би, әрі молда, ғұламасы. Орта жүзге әділ екен, сол кезде тоқсан беске келген жасы» деп Әнет бабаны таныстырады. Ал Мәмбетей мен Кішік ағайынды бірге туған адамдар, Кішіктен Әнет, Әйтеке тарайды. Ал Мәмбетейден Мамырдың әкесі туады. Әйтекеден Олжай, Байбөрі, Қалқаман туады. Сонда Қалқаман мен Мамырдың әкелері немере ағайынды кісілер.

**Мұғалім:** - Өте жақсы түсінгенсің. Ал енді поэмада Мамыр бейнесі қалай суреттеледі?

**Жауап:** Мамыр Мәмбетейден тараған байдың қызы. Өзі өте сұлу әрі ақылды. Әкесі оны еркелетіп өсірді. Қыз киімін кимей, өзін ер баламын деп есептеп жүреді. Байдың Мамырдан басқа баласы жоқ. Сондықтан ел байдың көңіліне қарап, оны қыз деп айта алмай жүреді. Құда түсуге – бата алмайды. Қалқаман да сол көптің бірі. Бір күні екеуі жылқы бағып жүріп кездеседі. Осы кезде бірін-бірі қатты ұнатып қалады.

**Мұғалім:** - Жыр желісі бойынша осы екі жасты жақындастыратын бір тосын оқиға болады. Кім айтады екен?

**Жауап:** Поэмада Сәмеке деген хан қалмақты жеңіп, той жасайды. Сол тойға Тобықты елі тегіс шақырылады. Оңаша қалған жастар бастаңғы жасайды.

**Мұғалім:** - Бастаңғы деген не?

**Жауап:** Бұл қазақ халқының бір салт-дәстүрі. Үйдегі үлкендер бір жаққа кеткенде, жастар бас қосады.

**Мұғалім:** - Жауабың дұрыс. Келесі кезекті Қалқаман мен Мамырдың әңгімесіне берейік. (Екі оқушы рөлге бөліп, жырдан үзінді оқиды).

**Мұғалім:** - Міне, балалар, Қалқаман мен Мамырдың арасындағы сырды тыңдадық. Нені түсіндік? Не ұқтық?

**Жауап:** Қалқаман мен Мамыр бір-бірін қатты сүйеді. Бірақ Мамырдың әкесі қызын біреуге атастырып қойыпты. Бұл – бірінші кедергі. Қалқаман мен Мамыр екеуі бір-біріне аталас жақын, туыс. Бұл – екінші кедергі. Бірақ, бірін-бірін ұнатқан екі жас барлық кедергіні аттап өтіп, қашып кетеді.

**КӨРІНІС.** *Әнет баба ойланып отыр.*

**Олжай:** - О, қасиетіңнен айналайын, Әнет бабам! Қапы қалдық.

**Әнет:** - О, құдайым. Өзің сақтай көр. Жүрісің суыт, не хабармен келдің?

**Олжай:** - Қиын шаруа болып тұр. Қалқаман балам Мамырды алып қашып келді. Тобықты жақынынан қыз алмаушы еді. Нендей ақыл бересің, баба!

**Әнет:** - О, құдайым! Бір сорға душар қылайын дегенің бе? Түсімде бір жаман түс көріп едім. Не жорырымды білмей отыр едім. О, тоба! Қателесесің-ау. Бітіспейтін бір іске кез болдым-ау, балам. Көкенайдың мінезі қатал еді. Кешіре алар ма екен?

Сосын Олжайға: - Уа, Олжай, болар іс болды. Тобықтыға хабар қыл. Малды аямасын. Мәмбетейдің көмейін малмен тығындасын.

**Олжай:** - Құп болады, баба! Айтқаныңды қалың Тобықтыға жеткіземін.

**Мұғалім:** - Осы көріністен кімнің бейнесін таныдыңдар? Мінездеме беріңдер.

**Жауап:** - Әнет баба – ел бірлігін, халықтың тыныштығын ойлаған адам. Оның әрбір сөзінен, қимылынан өте ақылды адам екендігі көрініп тұр. Әнет бабаның жүрегі өте мейірімді. Қалқаман мен Мамырға жаны ашиды. Қалқаманды құтқару үшін әр түрлі амалдар ойлап табады. Қалың малды көп беріп, бітістіру жағын ойлайды. Оған көнбеген соң, құн беруді айтады. Әбден амалы құрыған кезде ғана Қалқаманды өлтіруге көнеді. Онда да атпен шауып өтсін, сонда атсын Көкенай дейді. Әнет баба – үлкен жүректі, мейірімді, жастарға пана болған, ел билеген ғұлама адам.

**Мұғалім:** - Иә, балалар, өмір – күрес, оның айдынында мейірімділік пен қатыгездік, жақсылық пен жамандық сияқты кереғар ұғымдар кезектесіп жатады. Соның дәлелі – мына бір көрініс.

#### **КӨРІНІС:**

*Қыз-келіншектермен Мамыр келе жатады.*

**Бірінші қыз:** - Мамыр-ау, ауылға да келіп қалдық. Мына қырдың асты сенің ауылың.

**Екінші қыз:** - Иә, ауылыңды да сағынған шығарсың.

**Мамыр:** - Иә, сағындым ғой. Қайран менің туған ауылым. Самал желінді сағындым - ау. Жұпар аңқыған көк шөбінді сағындым.

**Жеңгесі:** - О, Жасаған, мына келе жатқан Еркежаным ба? Құдай-ау, сені де көретін күн болады екен-ау!

**Мамыр:** Иә, жеңеше, туған жердің қадірін ұзатылған қыз білмегенде кім білсін. Сағындық қой, туған жердің қасиетті топырағын.

**Жеңгесі:** - Иә, қарағым - ай! Қайтсін-ай, енді! Жүре ғой, қарағым, үй жаққа. *Сол кезде қара киімді Көкенай шығады.*

**Көкенай:** - Әй, қойшы бала, анау келе жатқан топ кімдер? Айт, жаныңның барында.

**Қойшы:** - Ол Мамыр көкем ғой, төркіндеп келе жатқан.

**Көкенай:** - Ах, жүзіқара! Ұялмай ауылға келе жатқанын қара. Сенің құның бір оқ қана. Әй, ессіз малғұндар. Былай кетіңдер, ана жүзіқараның қасынан. Былай тұрыңдар, егер өлгілерің келмесе. Қазір атамын, атаңа нәлет жүзіқараны! *(Мамыр жүрегін ұстап құлайды).*

**Мамыр:** - О, Алла жаным! Көкенай, қарғамаймын сені. Ақтық сөзімді тыңда. Менің ісім ақ. Жазығым тек Қалқаманды сүйгенім. Сенен өлер алдындағы ақтық тілегім. Қалқаманды өлтіре көрме. Обалына қалма жазықсыз жанның. Мойныңа бір қан жүктегенің жетер. Өлтіре көрме Қалқаманды. Қалқаман, қош аман бол! *(Сахна жабылады).*

**Мұғалім:** - Балалар, өздерің жаңа ғана Көкенай қатыгездігінің куәсі болдыңдар. Мамырды аямай, қанын жүктеген Көкенай Мамырдың ақтық сөзінен соң өз әрекетін тоқтатты ма?

**Жауап:** - Жоқ, қатыгез Көкенай жазықсыз жасты өлтіріп алдым-ау деп ойлаған да жоқ. Ол Әнет бабаға қайта-қайта кісі




салып, Қалқаманды өлтір деп қиғылық салды. Қалқаманды өлтірмесе, туыстықтан кетеміз, ел іші ынтымағы бүлінеді деп қорқытты.

**Мұғалім:** - Сонымен, балалар, жыр оқиғасы немен аяқталады?

**Жауап:** Ақырында Көкенай дегеніне жетіп, Қалқаманды атады. Бірақ Қалқаман ажал оғынан аман қалып, құлақ естімес, көз көрмес алыс жаққа кетіп қалады. Ол жақта үйленіп, балалы-шағалы болады.

### Ү. Дәптермен жұмыс.

Поэмадағы кейіпкерлерге мінездеме беріндер.



Тапсырманы дәптерге орындандар.

### «Білім мен дәстүр» сыны

«Қалқаман – Мамыр» поэмасынан салт-дәстүрлерді тауып жазу, дәлелдеу.

### «Ой додасы»

**1. Қалқаман мен Мамырдың қосылғаны дұрыс па, бұрыс па?**

Дәйектеме: Қалқаман мен Мамырдың қосылуы дұрыс емес, өйткені олар өзара туыстас адамдар.

**2. Көкенай әрекетін қалай бағалайсындар? Жырда Көкенай батыр деп суреттеледі, оның батырлық әрекеті жырда көріне ме?**

Дәйектеме: Көкенайдың әрекеті дұрыс.

**3. Қалқаманның ел ортасынан кеткені дұрыс па, бұрыс па?**

Дәйектеме: Дұрыс емес, ер жігіт ерлігін өз жерінде көрсете білуі керек.

### «Сәйкестендіру» тесті

1	Қазақтың Сыр бойында жүрген жылы	А	Қазақ-қалмақ соғысы
2	Әрі би, әрі молда, әрі ғұлама кім?	Ә	Сәмеке
3	Ауыл үлкендерін жинап, той жасаған ханның аты кім?	Б	Суан Раптан
4	Қалмақтың бастаушысы кім?	В	Әнет баба
5	Елі Қалқаманды не себепті іздемеді?	Г	1722 жыл

## VI. Сабақты қорытындылау.

1. Поэманың идеялық мазмұнын қалай түсіндің?

### Сабақтан алар тәлім сөздер:

«Ата салттан аттауға да болмас,

Жүрек қалауын тастауға да болмас».

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман–Мамыр» поэмасы – Қалқаман мен Мамыр арасындағы махаббатты бейнелей отырып, сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік өмірді, ондағы қайшылықты құбылыстарды кең көлемде көрсетуге, адам жан дүниесіне бойлау арқылы санадағы өзгерістер мен сезім серпілісін ашуға арналған туынды.

### VII. Оқушылардың білімін бағалау.

**VIII. Үйге тапсырма:** 1. «Қалқаман–Мамыр» поэмасынан ұнаған үзіндіні жаттау, поэма сюжеті бойынша сурет салу.  
2. «Шынайы махаббаттың қос шынары» тақырыбына эссе жазу.



**А.ҚОҢҚАЕВА,**

С.Жиенбаев атындағы орта мектеп.

Ақтөбе облысы,

Байғанин ауданы.

## Т.АХТАНОВ. «КҮЙ АҢЫЗЫ»

**Сабақтың мақсаты:** жазушы Т.Ахтанов шығармашылығынан жаңа білім қалыптастыру, әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашу, көркемдік ерекшелігін таныту; **дамытушылық** - көркем шығарманы оқыту арқылы оқу техникасын, білім,білік дағдыларын, тіл мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** - көркем

шығарманың ойы арқылы оқушыларға рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.

**Сабақтың өту әдісі:** түсіндермелі, сұрақ-жауап, баяндау, талдау, ой қорыту. **Сабақтың көрнекілігі:** мультимедия арқылы көрсетілетін кестелер, кітап көрмесі, «Қазақ күйлерінің антологиясы». **Пәнаралық байланыс:** музыка.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру бөлімі:

а) кезекші арқылы оқушылар қатысымын түгелдеу.

ә) сынып тазалығына, оқушылардың оқу-құралдарының дайындығына көңіл аудару.

#### II. Үй тапсырмасын тексеру.

М.Әуезов. «Қараш-Қараш оқиғасы».

#### III. Жаңа сабақ. Т.Ахтанов. «Күй аңызы».

- Балалар, қандай музыкалық шығармаларды білесіздер?

- Өздерің білетін күйлерді атаңыздар.

- Т.Ахтанов есімімен байланысты қандай өнер ордасын білесіздер? (Ақтөбе облыстық драма театры жазушы – драматург Т.Ахтанов есімімен аталады. Театр ғимаратын слайдтан көрсету)

Үнтаспадан дәулескер күйші, композитор Н.Тілендиевтің «Аққу» күйін жіберу.

#### Сабақтың эпиграфы

*Күй күшті тау мен тасты бұзатұғын,*

*Орнына өз өрнегін сызатұғын.*

*Талқандап тас кереңді үн оятып,*

*Дүкені дүниенің қызатұғын.*

*Күй күшті істі,еңбекті сүйдіретін.*

*Тамырын тас емшектің идіретін.*

*Жарлының тілек күйі,жүрек күйі,*

*Өмірді бүлдіретін, күлдіретін...*

**I.Жансүгіров.**

**1-кесте. Жазушы-драматург Т.Ахтановтың өмірі мен шығармашылығы**

№	жылдар	оқиғалар
1	1923	Тахауи Ахтанов Ақтөбе облысында дүниеге келді.
2	1940	Қарабұтақ орта мектебін бітіріп, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына оқуға түседі.
3	1941	Ұлы Отан соғысы басталып, институттың 2-курсынан майданға аттанады.
4	1948	әскер қатарынан кол үзіп, елге оралады.
5	1949	Алғашқы өлеңдері ұжымдық «Жастар дауысы» жинағына енді.
6	1956	«Қаһарлы күндер» романы
7	1960	«Махаббат мұңы» повесі
8	1962	«Сәуле» пьесасы
9	1963	«Дала сыры» повесі
10	1966	«Боран» романы. Осы романы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы беріледі.
11	1973	«Шырағың сөнбесін» романы
12	1974	«Таңдамалы шығармалар» жинағы
13	1985	5 томдық шығармалар жинағы
14	1994	жазушы-драматург Т.Ахтанов қайтыс болды.

(Оқушыларға әңгіменің жалпы мазмұнын баяндаймын.)

2-кесте. Әңгімені композициялық құрылысына талдау

№	Оқиға желісі	Оқиға өрісі
1	әңгіменің басталуы	Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеп бара жатқан кең жазықтың шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш тау көрінді.

2	әңгіменің дамуы	...Кенет суалып қалған жырада жалғыз нар көрінді. Жолаушылар үйреншікті мал емес, жапанда жалғыз қалған адам көргендей әлденеден тітіркеніп, аттарының басын тежеп, іркіліп қалды...
3	әңгіменің өрбуі	... Нар соңынан «әудем» жер еріп отырған екі атты Ипан тауынан бергі ылдидағы қайнарда жұпыны ғана жалғыз қараша үйді көрді...
4	әңгіменің шиеленісуі	... Сөзім –сөз. Өнерің жетсе, тілегіңді бердім, қарағым. ... екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар...
5	әңгіменің шарықтау шегі	Естемес қиялынан сергіп нарға қарады. Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып, теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айырылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңыранды. Естемес оны домбыраның шегіне іліп әкетті. Күйші көзі Жаңылға түсті. ... Қыз нардың емшегін қысып ұстап, қатып қалыпты...
6	әңгіменің шешімі	Оразымбет домбыраны алып жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдап құйыла бастады. Біз қайдан білейік, ел «Наридірген» күйі осылай туыпты деседі.

**Сергіту сәті: Қ.Шаңғытбаевтың «Сырласу» өлеңін ұнтаспадан жіберу (өлең 1973 жылы жазушы-драматург Т.Ахтанов 50 жасқа толғанда жазылған).**

**Оқулықпен жұмыс.**

**Әңгімеден кейіпкерлердің портреттерін оқу.**

Естемес
Жасы елуді алқындырған, тарамыс денелі, әдемі дөңгелек сақалды, биік мұрынды, кішілеу өткір көзі биік қабағының астында терең әжім ұялаған қағылез кісі.

А.САҚТАҒАНОВА,  
Ж.Қалдығараев атындағы  
орта мектеп.  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы.

**Оразымбет**

Астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде  
өңіріне зер ұстаған көк камзол, талдырмаш  
белін қызыл күдері белбеумен қынай бұған,  
басында төбесін көк мақпалмен тыстаған  
құндыз бөрік.

**Жаңыл**

Жасы он алты-он жетілер шамасында болар. Қою қара  
қасты, дөңгелек жүзді, талдырмаш денелі, қара торынын  
сұлуы.

**М.ӘУЕЗОВ. «ҚАРАШ-ҚАРАШ  
ОҚИҒАСЫ»**

(8-сынып)

**Әңгімеден теңеу сөздер мен тұрақты тіркестерді теріп жазу. Теңеу сөздер:** аңсағанын көргендей, балапандай, қураған ағаштай, жібектей, балшықтан құйғандай, сүйріктей, күрмеліп қалғандай, аяғы жерге кіріп кеткендей, біреудің астынан ауысқан сияқты, өрге шыға алмағандай, жас жігіттей.

**Тұрақты тіркестер:** қыбыр еткен қара көрінбеу, ат шалдыру, ат терін басу, өңі жылу, есіркей қарау, қайтып оралар қазығы жоқ, көңілі ашық, көңілі жүдеу, көңілін аулау, көңіл жұбату, көңіл тербеу, көңіл толқу, төбе құйқанды шымырлату, күйге келтіру, құлақ құрышын қандыру, таңдайы кебу.

**IV. Сабақты қорытындылау.** Естеместің «түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды» деген сөзі естеріңе I. Жансүгіровтің «Күй» поэмасын түсірді ме?

Екі шығарманы салыстырып көрейік.

- Естеместің «халықтың құлағын қажаған күйші күйден садаға кетсін» деген сөзін қалай түсінесіңдер?

**V. Үй тапсырмасын беру.** «Күй құдіреті» тақырыбына эссе жазу.

**VI. Оқушы білімін бағалау.**

Сабақ мақсаты:	Күтілетін нәтиже:	Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Қамтылатын модульдер:
Оқушылардың шығармадан алған білімдерін қорыту, ой-өрістерін кеңейту, сөйлеу тілін байыту, кейіпкерлер бейнесі арқылы оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру.	Оқушылар өз ойын белгілі мәліметтер арқылы дәлелдеуге үйренеді, топтық жұмыс жүзеге асады, бір-біріне көмектеседі, жақсы мен жаманды ажырата біледі.	СТО элементтері	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер / Диалогтік оқыту/, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқытудағы басқару және көшбасшылық, талантты және дарынды балаларды оқыту, АКТ пайдалану, сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
Сабақ барысы:	Ұйымдастыру кезеңі: А) кезекшімен сұхбат	Оқушыларды барлау. Б) 3 топқа бөліну; Бағалау парақшасы таратылады	Сыныпты сабаққа жұмылдыру.



I. Қызығушылықты ояту.	«Екі жақты күнделік» стратегиясы. Хикаят бөлімдері бойынша тақырып қой. Ол тақырыптарды не үшін қойғаныңды түсіндіре біл. Оқушылар өз ойларын айтады.	
	Менің қойған тақырыбым	Неге ол тақырыпты таңдадың?
	1-бөлім. Тектігүлдың арманы	Тектігүлдың сары аурумен ауырғандығы баяндалады
	2-бөлім. Боз биені олжалау	Кектенген Бақтыгүл ат ұрлады
	3-бөлім. Сокқыға жығылған Бақтыгүл	Қозыбақ жігіттерінің панасыз Бақтыгүлді ұрып-соғуы
	4-бөлім. Пана іздеген Бақтыгүл	Бақтыгүлдың Жарасбай болыстан көмек сұрауы
	5-бөлім. Барымта	Арам ойлы Жарасбайдың іс-әрекеті арқылы Бақтыгүлдың адал жолдан таюы
	6-бөлім. Шарасыз Бақтыгүл	Қуғыншылардың дағтауынан Бақтыгүлға ешкімде көмек бере алмады
	7-бөлім. Қашқын Бақтыгүл	Жалаға ұшыраған Бақтыгүлдың кашудан басқа амалы жоқ еді
8-бөлім. Атылған оқ	Бақтыгүлдың кек алуымен аяқталады	
II. Мағынаны тану	<p>«Мәселемен саудалас» стратегиясы. Тақтаға түрлі-түсті ұяшықтардың астына жасырынған сұрақтарды таңдау арқылы сұрақ-жауап әдісі бойынша шығарманың проблемасы, жазушының идеялық-эстетикалық мұраты жөнінде әр топ жауап береді.</p> <p>1. Тектігүл өліміне не себеп болды? Оның өлімінде қандай саяси-әлеуметтік мән жатыр? Бұл өлімнің шығармадағы орны қандай?</p> <p>2. Ағайынды жігіттер өмірінде қандай қиындықтар болды?</p> <p>3. Бақтыгүл інісі үшін қалжа сұрай барғандағы, Сәт болыстың жауабын қалай бағалайсың?</p> <p>4. Бақтыгүлдың Қозыбақ ауылынан кетуіне не себеп болды?</p>	

	<p>5. Оны ұрлық жасауға итермелеген қандай нәрсе?</p> <p>6. Сәлмен бастаған содыр топ туралы әңгімеле? (жүріс-тұрыстары, сөздері)</p> <p>7. Сәлмен тобының іс-әрекеті Бақтыгүлға қандай ой түсірді? Қандай шешімге келді.</p> <p>8. Жарасбай болысқа баруын құптайсың ба, жоқ па?</p> <p>9. Ақылды, әрі күшті рухы бар Бақтыгүл неге қол шокпар, барымташы, сорлы малайға айналды?</p> <p>10. Билер Бақтыгүлға қандай үкім шығарды?</p> <p>11. Қашқын болып жүріп қандай қауіп-қатерге ұшырады?</p> <p>12. «Қараш-Қараш оқиғасы» арқылы жазушы қандай мәселелерді көтерген? Шығарма неге «Қараш-Қараш оқиғасы» деп аталған?</p> <p>13. Неліктен Бақтыгүл Сәлменді емес, Жарасбайды өлтірді?</p> <p>14. Неліктен Бақтыгүл Сәлменді емес, Жарасбайды өлтірді?</p> <p>«Жарасбайды өлтіру қылмыс па?» тақырыбында әр топқа сұрақтар қою.</p> <p>1-топ. Бақтыгүл әрекетін қолдаймыз. Бақтыгүл әрекетін қолдаймыз. Неге десеңіз, оның Жарасбайды өлтіруден басқа амалы қалмады. Зорлықшы топтың кесірінен туған бауырынан айырылды. Пана іздеп, кеткен кегімді қайтарамын деп Жарасбай болыстың қол астына келді. Жарасбайдың жұмсауымен небір лас тірлікке араласты. Бірақ сенген адамы оны алдады.</p> <p>2-топ. Бақтыгүл әрекетін қолдамаймыз. Біз Бақтыгүл әрекетін қолдамаймыз. Адам өлтірмеуі керек еді. Алла өзі берген жанды өзі алуы керек еді. Ол көптеген қиындықты басынан өткізді. Жаны күйзелген Бақтыгүл шыдауы керек еді. Күнәға батпауы керек еді.</p> <p>3-топ «Күнә» деген не?</p> <p>Адам өлтіру-үлкен күнәлардың бірі. Ол туралы Құранда мәида сүресі, 26-аятта былай делінеді: «Сөзсіз кісі өлтіру ең ауыр күнә саналады». Сондай-ақ, ұрлық істеу, өтірік айту, кісі сыртынан жамандау- бұлар да күнәлардың қатарына кіреді.</p>
--	--

III. Ой толғаныс.	Осы шығарманың тәрбиелік мәні немесе біз қандай тәрбие аламыз? «Топтастыру» стратегиясы Қиянат жасамау Ұрлық іске бармау Адал болу Мейірімді болу «Қараш-Қараш оқиғасы»
Кері байланыс.	«Бес саусақ» Бас бармақ- сабақ ұнады ма? Несімен? Сұқ саусақ- Мен кімге көмектесе алдам? Қалай? Орған терек-Маған кімнің көмегі көбірек тиді? Аты жоқ саусақ- Мен неге қол жеткіздім. Кішкене саусақ- Тақырып бойынша нені толықтыруым керек. Осылайша оқушылар қандай білім алғандарын көрсетеді.
Бағалау.	Бағалау парақшасы арқылы бағаланады.
Үйге тапсырма:	Бақтығұлға хат



**Ү.КӘРІБАЕВА,**  
**Талдыбұлақ орта мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Жаңаарқа ауданы,  
Ескене ауылы.

## ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – Қашаған Күржіманұлы өмірінен мәлімет беру, шығармалары жайында әңгімелеу, ақынның шығармаларындағы замана жайының суреттелуіне тоқталу; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық деңгейін көтеру, ауызекі сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету; **тәрбиелік** –

ақын шығармаларынан өзіне өнеге алуға тәрбиелеу. **Сабақтың түрі:** жаңа білім меңгерту сабағы. **Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, мәнерлеп оқу. **Сабақтың көрнекілігі:** қанатты сөздер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет теориясы: толғау туралы.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру.** Оқушыларды топқа бөлу, топ басшыларын сайлау.

**“Жылы лебіз” стратегиясы.** Оқушылардың қонақтарға, сыныптастарына ақ тілектері.

**II. Сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.**

**Үй тапсырмасын сұрау.**

XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет.

1. XIX ғ. II жартысында Қазақстанның әкімшілік басқару, саяси-экономикалық өмірінде қандай жаңалықтар болды?

2. Осы кезеңдегі оқу-ағарту, кітап шығару ісі туралы мысал келтіре отырып айтып беріңдер.

3. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасу тарихы кімдердің атымен байланысты?

**III. Жаңа сабақ.** Ақберен жүйрік жырау – Қашаған Күржіманұлы.

Эпиграф:

Атырау – алыс бізге жердің түбі,

Қашаған – жүйрік жырау елдің тілі.

Шашқанда күйден көбік Құрманғазы,

Қашаған жырдан төккен маржан дүрді.

Ілияс Жансүгіров

Шығармашылық сабақ

Сыныпты топқа бөлу

I топ – Тілшілер. 1. Қашаған Күржіманұлы кім?

II топ – Әдебиетшілер. 2. Қашаған Күржіманұлын зерттеушілер.

I топ – Тілшілер. 1. “Қонаққәде” өлеңі туралы.

II топ – Әдебиетшілер. 1. “Есқали сопыға айтқаны” толғауын түсіндір.

I топ – Тілшілерге. Сатира дегеніміз не?

**II топ – Әдебиетшілерге.** Надандарға байлық бітсе, тәкәппар, даңғой, мақтаншақ болып шыға келетінін күлкі ететін шығармасы туралы айтыңдар.

**I топ – Тілшілерге.** Қашағанның өмір кезеңдері туралы, әсіресе қарттық туралы айтатын шығармасын айт.

**II топ – Әдебиетшілерге.** Ирониялық кекесін, юморлық күлкі айқын сезінетін өлеңін айт.

**I топқа – “Атамекен”** дастанынан үзінді айтыңдар.

**II топ - Атамекен** өлеңінің идеясы.


**I топ – Тілшілерге.** Есқали сопыға мінездеме беру. Домбыраның қасиеті жөнінде не білесің?

**II топ – Әдебиетшілерге.** Есқали сопының келіні туралы не айтасың? Сарандық, байлық, тәкаппарлық тақырыбында мақал-мәтелдер білесің бе?

**Топтастыру стратегиясы.** 1-топ. Тілшілер тобына

#### Қашағанның шығармалары

**II топ – Әдебиетшілерге.** Қашаған шығармаларынан адам бойындағы қандай жағымсыз қасиеттерді байқадыңыз?



**2 топқа бірдей.** “Атамекен” дастанындағы тарихи адамдар, жер-су аттарын жаз.

**Қарсы сұрақ.** Екі топ бір-біріне сұрақ қояды.

**Атамекен, туған жер туралы бейне көрініс тыңдайық.**

«Атамекеннің қадірін білейік» тақырыбында ой-пікіріңізді жазбаша білдіріңіз.

**Танымдық топтамамен танысу.**

«Білгенге маржан»

**Ақтау қаласындағы ескерткіш.**

#### Жаңаөзен қаласындағы Қашаған Күржіманұлы атындағы №8 мектеп

Ақтау қаласындағы Қашағанның 170 жылдық мерейтойына арналған айтыстан көрініс. Қашаған – ірі мұнай және газ орны.

Тест сұрақтары

1. Қашаған Күржіманұлы өмір сүрген жылдарды көрсет:  
а)1856-1893; в)1802-1889; с)1807-1893; д)1841-1929.

2. Қашаған Күржіманұлының туған жері?

а) Ташауыз қаласы; в) Бекетай құмы;  
с) Аягөз ауданы; д) Қарақыстақ ауылы.

3. Қашаған Күржіманұлының шығармаларын белгіле:

а) “Патша мен ұры”;  
в) “Байларға”, “Оразалыға”;  
с) “Қызғыш күс”, “Мұнар күн”;  
д) “Ноғай мырзаға”, “Үш жігіт”.

4. Үзінді қай шығармадан екенін көрсет:

Дүниеге сені шығарды

Перзентті болды – қуанды.

Періште көңіл пәктікпен

Ақ сүтін сорып жұбандың.

а) «Аралбайды жұбату»;

в) «Осы күні жолдас болдым сексенменен»;

с) «Тойбастар»; д) «Қонақкәде».

5. Тарихи оқиғаға негізделген дастанды көрсет

а) «Адайтегі»; в) «Атамекен»;

с) «Топан»; д) «Тойбастар».

6. Осы жылы Қашағанға неше жыл толды?

а) 170; в) 171; с) 172; д) 173.

7. Осы топтың ішінде,

Дабылы күшті ерлер бар,

Қайраты асқан шерлер бар,

Мейманасы тасқан дұшпанды

Жер тістеткен жерлер бар...қай батырдың сөзі?

а) Жәңгір; в) Әбілқайыр; с) Ақпан; д) Нұрлы.

8. Жұбату жырларына жататын өлеңі:

- а) Аралбайды жұбату; в) ”Қонақкәде”;  
 с) ”Атамекен”; д) “Тойбастар”.
9. Қандай қазақтың ұлттық өнерін қорғап шығады?  
 а) қобыз; в) сырнай; с) жетіген; д) домбыра.

**Жауаптары**

1. д 2. а 3. в 4. с 5. в 6. д 7. с 8. а 9. д

**Жалпы тұжырымдау.** Қашаған ақын шығармаларын-  
 дағы ауыз әдебиетіндегі салт-дәстүрлер көрінісін бүгінгі  
 өмірмен байланыстыру.

**Үйге тапсырма:**

1. Қ.Күржіманұлының “Адай тегі” дастанын оқу, талдау.
2. Қашаған мен Ізім айтысының ерекшеліктерін айту.

Шағын шығарма жазу.

**Бағалау.** Екі топ бір-бірін бағалайды.



**А.ТҮРДАЛИЕВА,**  
**«Қосағаш» жалпы орта мектебі.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Қазығұрт ауданы.

## ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(10-сынып)

Сабактың мақсаты:	Жамбыл шығармашылығын терең зерттеп оқу. Жамбыл - менің жай атым, Халық - менің шын атым!- деп жырлап өткен ұлы жырау шығармашылығы туралы оқығандарын ортаға салып талдауға үйрету. Өткен ғасырға үңілдіру. Оқушылардың Жамбыл өмірі мен поэзиясы туралы ұғымын кеңейту. Көркем дүниеге құрметпен қарау арқылы дамытуға ойландыру. Жамбыл шығармашылығы арқылы оқушыларды атамекенді сүйеге, ардақтауға тәрбиелеу.
-------------------	---

Оқытуда қолданылатын модульдер мен әдіс-тәсілдер:	СТО, диалогтік оқыту, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Басқару мен көшбасшылық, «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі, «Кім жылдам?» әдісі.	
Сілтемелер:	С.Ч.Тұрсынғалиева, А.Ж.Такишева. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. 10-сынып. «Арман-ПВ» баспасы, 2014ж.	
Негізгі дерек көздері, көрнекіліктер:	Оқулық, оқу бағдарламасы, Формат А3, маркер, стикер, кеспе қағаздар, проектор.	
Оқып-үйренудің нәтижесі:	Жамбыл өмірі мен шығармашылығымен танысады. Ойлау қабілеті, шығармашылық ізденісі артады.	
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы, орыс әдебиеті, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, ән-күй.	
<b>1. Оқушыларға психологиялық ахуал тудызу.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
2 минут.	Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңіл – күйлеріңіз қалай? Сіздерге жақсы көңіл-күй, сәттілік тілеймін. Топқа бөлемін. Туған елім Токсанға келген жасым бар, Көпті көрген басым бар, Аман жеттім бұл күнге, Сөйлеуге кезек бергенде,- Дауыста, Жамбыл, дауыста!- деп бүгінгі ашық сабағымызды бастаймыз. Бағалау парақшаларын таратып беремін.	Топқа бөлінеді. <b>1. Жас дәурен.</b> <b>2. Қыран құмыр.</b> <b>3. Ақ тілек.</b> Қысқаша топтары туралы мәлімет айтып өтеді.  Бағалау парақшасын алады, көшбасшысын сайлап алады.
<b>2. Үй тапсырмасын сұрау.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
5 минут. Сабактың мақсатын ашу.	Абайдың «Отыз жетінші кара сөзіне» үйден постер жасап келуді тапсырғанмын.	Әр топтан оқушылар шығып, Абайдың «Отыз жетінші кара сөзіне» жасаған постерлерін қорғайды.
<b>3. Жаңа тақырып.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:

20 минут. Жаңа ұғымдар мен әдіс-тәсілдерді қалыптастыру.	Жамбылдың жеті атасы, яғни, отбасы туралы мәліметтерді слайд арқылы көрсетемін. <b>1-топ.</b> Ақынның өмірі. <b>2-топ.</b> Жамбылдың айтыстары. <b>3-топ.</b> Баталы сөз- аталы сөз. Оқушыларға алдын – ала сахналық көріністер көрсету тапсырылған.	Жамбылдың жеті атасы, отбасы туралы түсінік алады.
	<b>1-топ.</b> 1. Ақынның дүниеге келуі. 2. Шағым. 3. Әкеме. <b>2-топ.</b> 1. Айтыстары. 2. Кімдермен айтысты? 3. Жамбыл мен Құлмамбет айтысы? <b>3-топ.</b> 1. Баталы сөз-аталы сөз. 2. Сүйінбайдың Жамбылға берген батасы. 3. Баласы Алғайдайға берген батасы. Слайд көрсетемін.	Жамбыл ата үш рет кезекпен үйленген. Бірінші бәйбішесі Момын апа қайтыс болғаннан кейін, Талқайрат апаға үйленіп, ол дүниеден озғаннан соң Қанымжан апаны алған. Осы үш ападан 10 баласы болған. 2 қыз, 8 ұл. 2 ұлы майданда қаза болған. Қазіргі таңда осы балаларынан 100-ден астам ұрпақтары бар.
	<i>Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы», В.Фролова.</i> Жамбыл ағамыз көптеген айтыскерлермен айтысқан. Бұл 35 жасында Құлмамбетпен айтысқан кезінен көрініс. Құлмамбет байлықты, мансапқорлықты жырласа, Жамбыл әділдікті, шындықты жырлап, Құлмамбетті жеңген екен.	
	<b>Айтыстары.</b> Ол – айтыс ақыны: Бөлекқызымен – 1870 жылы Айкүміспен – 1872 жылы. Бактыбаймен – 1872 жылы. Сары ақынмен – 1875 жылы. Құлмамбетпен – 1881 жылы. Бөлтірікпен – 1890 жылы. Шыбыл шалмен – 1890 жылы. Сарбас ақынмен – 1895 жылы. Досмағанбетпен – 1907 жылы. Шашубаймен – 1909 жылы.	Оқушыларға алдын ала дайындаған сахналық көріністер көрсету арқылы өз топтарына берілген тақырыптарды түсіндіреді, яғни, қорғайды.

	<b>Жамбылдың Сәбит Мұқанұлының үйінде берген батасы:</b> Күдайым, осынау үйге дуа берсін, Тілдерін дұшпандардың буа берсін. Келіннің балағынан бала саулап, Салпы ерінді сары ұлды туа берсін.	<b>1-топ.</b> Автор.Жамбыл. Жамбылдың әкесі. («Шағым», «Әкеме» өлеңдері бойынша.) <b>2-топ.</b> Автор. Жамбыл мен Құлмамбет айтысы. <b>3-топ.</b> Автор. Ұлы Отан соғысына аттанып бара жатқан ұлы Алғайдайға берген батасы.Баталар туралы.
	Жамбыл Жабаев: «Менің ием, жолбарысым Тілендінің баласы Нұрғисаға кетті. Түсімде соның алақанын жалап тұр екен. Ендігі иесі сол болар».	Слайдтар көреді. <b>Жамбылдың Бауыржан Момышұлына берген батасы:</b> <i>Батырдың жолы болсын! Самсаған қолы болсын! Түсі де суық екен, ісі де долы болсын! Аллаһу акбар!</i>
	Жамбыл Сүйінбайдан бата алғаннан кейін Менің пірім Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай. Сырлы сұлу сөздерді, Маған тартқан сыйындай. Сүйінбай деп сөйлесем Сөз келеді бұрқырап, Қара дауыл құйындай.	Сүйінбайдың батасы
<b>4. Қорытындылау.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
10 минут Шеберлік пен дағдыны қалыптастыру.	Жамбыл туралы мәтінді оқытып, хронологиялық кесте жасатамын. (Слайд) Жамбыл мұражайы. (Слайд)	Берілген мәтінді оқиды, сонан соң хронологиялық кесте жасайды. Жамбыл мұражайымен танысады.
	Елбасымыз Н.Назарбаевтың Жамбыл ағамыз туралы айтқандарын слайд арқылы көрсетемін. Жамбыл мұражайымен слайд арқылы таныстырамын.	«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-ансарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет

		көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз». Н.Ә.Назарбаев. Жамбыл мұражайымен танысады.
<b>5. Үй тапсырмасын беру.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
1 минут.	Жамбыл Жабаев өмірі мен шығармашылығын оқу. Бір өлеңін жаттау.	Күнделікке жазып алады.
<b>6. Бағалау.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
1 минут.	Бағалау өлшемдері арқылы бағалау.	Күнделікке қойдырады.
<b>7. Рефлексия.</b>	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
5 минут	Жинақтау, қорытындылау, эссе жазу. 1. Ақын өмірімен танысты. Жеті атасымен танысты. Отбасы туралы мәлімет алды. 2. Ақындық өмірімен танысты. 3. «Шағым» өлеңімен танысты. 4. Жамбыл Сүйінбайдан бата алды. 5. Айтыстары туралы мәлімет алды. 6. Кімдермен айтысқанын білді. 7. Жамбыл мен Құлмамбет айтысы туралы түсінік алды.	Дәптерлеріне эссе жазады.
	8. Ұлы Алғайдайға берген батасын, Ұлы Отан соғысының зардаптарын сезінді. 9. Жамбылдың Бауыржан Момышұлына берген батасын. 10. Жамбылдың Нұрғиса Тілендиев туралы аян берген түсі туралы. 11. Жамбыл мұражайымен танысты.	

**С.РАИМҚҰЛОВА,**  
**№81 Ұлықбек атындағы негізгі**  
**орта мектеп.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сайрам ауданы,  
Қарабұлақ ауылы.

## С.СЕЙФУЛЛИН. «ДАЛА» ӨЛЕҢІ

(6-сынып)

Максаты:	Ақын жайлы білетін мәліметтерді тыңдай отырып, жаңа мағлұматтар алуына жағдай тудыру, өлеңді теориялық жағынан талдай білуге үйрету.		
Сабактан күтілетін нәтиже:	Ақын туралы жаңа мәліметтер алады, өлеңді теориялық жағынан талдауды үйренеді.		
Сілтеме:	ҚР Білім беру стандарты. Күнтізбелік жоспар. 6-сынып. К.Әбілқасымова. С.Мақпырұлы. Б.Әрінова. «Қазақ әдебиеті» оқулық. Қалам, дәптер, кестелер, маркер, стикер, сюжетті суреттер, проектор, флипчарт, түрлі-түсті гүлдер.		
Модульдердің кіріктірілуі:	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Сыни тұрғыдан ойлау. Оқытуда АКТ-ны қолдану. Оқыту үшін және оқуды бағалау. Дарынды және талантты баланы оқыту. Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.		
Әдіс тәсілдер:	«Ой қорыту», «Миға шабуыл» әдісі, «Сұрақ қою». Түрткі бөлу. Сынақтан өткізу. Қайтпа бағыттау түрлері. «Ыстық орындық» әдісі. «Брейн-ринг» әдісі.		
Сабак кезеңдері:	Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдас-тыру кезеңі: Ынтымақ-тастық ат-мосфера-сын қалып-тастыру.	3 мин.	1. Психологиялық дайындық. «Гүл өсіру» ынтымақтастықты орнату.	Оқушылар әртүрлі түстегі гүлдерді алып, табиғат көрінісі атты суретке жабыстырады.
Топқа бөлу	2 мин.	Оқушылардан қиылған өлең жолдары жазылған	Өлең шумақтарымен 2 топқа бөлініп,

			қағаз парақтарын алуды ұсынамын. Сәкен және Жамбылдың өлең шумақтары арқылы топқа бөлінуді, топ басшыларын тағайындауды, бағалау парақтарын ұсыну.	өздерінің топ басшыларын сайлайды. 1-топ – Жамбыл. 2-топ – Сәкен.
	Үй тапсырмасын пысықтау.	5 мин.	«Ой қорыту» стратегиясы. «Ыстық орындық» әдісі ұтымды жауап беру. Өткен сабақты қайталау, пысықтау.	Үй тапсырмасын айтады, жаңа сабақ бойынша сұрақтарға жауап береді. Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, тыңдайды, жазады, есте сақтайды, ойлайды.
Негізгі бөлім	Жаңа сабақ. Білу:	5 мин.	«Миға шабуыл» әдісі (Слайта С.Сейфуллин суреті шығып тұрады ) С.Сейфуллин кім? С.Сейфуллиннің өміріне байланысты хронологиялық кесте және тірек-сызбамен жан-жақты таныта отырып дәлелдейді.	Жамбыл тобы: Хронологиялық кестемен жұмыс. «Сәкен» тобы: Тірек-сызбамен жұмыс.
	Түсіну:	5 мин.	«Абайдың інілері, қазақтың ірілері – Сәкен, Илияс, Бейімбет» деп акын жырлағандай, бүгінгі сабағымызда Үш бәйтерегіміздің бірі – Сәкен Сейфуллиннің «Дала» өлеңімен танысамыз. Дала суреттері слайдпен көрсетіледі. Оқушыларға мұғалім төмендегі өлеңді мәнерлеп оқып беріп, көз алдарына нені елестете алғанын	Дала туралы пікірлерін постерге түсіреді, қорғайды.

			сұрайды. «Ой толғау» әдісі.	
	Қолдану:	6 мин.	Оқулықпен жұмыс. Іштей оқыту. Өлеңді мәнерлеп оқу.	Оқулықпен жұмыс. Өлеңді бірнеше оқушы оқулықтан мәнерлеп оқиды.
	Сергіту сәті:	2 мин.	Сергіту сәтін ұйымдастырамын.	Дарынды оқушы домбыра тартып ән айтады, топ мүшелері әнге қосылады.
	Талдау:	5 мин.	<b>Өлеңнен көркемдеуіш құралдарды тауып жазуды тапсырамын.</b> Құшағын жайған кең дала Төсін ашқан анадай. Қаладан келген сағынып, Бейне бір жас баладай. «Кетпе» деп тағы көк шалғын Аяғым оралды Жібермей бөгеп алдымды Майысып гүлдер бұралды.	Өлең идеясын аша отырып әдеби-теориялық ұғымдармен танысады, көркемдеуіш құралдарды «Жамбыл» тобы: тенеулерді, «Сәкен» тобы: кейіптеулерді тауып жазады.
	Жинақтау:	5 мин.	<b>Топтық жұмыс.</b> Табиғат туралы төрт жолды өлең құрастыру.	Топпен талдау. «Жамбыл» тобы: Сатылай кешенді талдау әдісімен өлеңді талдайды. «Сәкен» тобы: Табиғат туралы төрт жолды өлең құрастырады. «Автор орындығына» отырып оқиды.
Қорытынды	Бағалау:	2 мин.	Оқушылармен бірігіп бағалау.	Бағалау парақшасы арқылы қорытынды шығарады.

Кері байланыс:	3 мин.	«Көбелек кондыру» әдісі арқылы кері байланыс жасап, жоғарыдағы гүлдерге кондырады. Білемін Білдім Білгім келеді.	Оқушылар кері байланыс бойынша қойылған сұрақтарға жауап жазады.
Үйге тапсырма:	2 мин.	Деңгейлік тапсырма. А – Табиғат туралы эссе жазу В – Өлеңді жаттау. С – Өлеңді мәнерлеп оқу.	Эссе жазады. Өлеңді жаттайды. Өлеңді оқиды.



**Л. ТҰРСЫНОВА,**  
**Қайрақты жалпы орта**  
**білім беретін мектебі.**

Қарағанды облысы,  
Шет ауданы,  
Қайрақты ауылы.

## **БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ**

**Сабақтың мақсаты:** Бұқар жыраудың өмірі туралы мағлұмат беру. Сөздік қорын, тіл мәдениетін дамыту. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу, оқушылардың тұлғалық ерекшелігін дамыту.

**Түрі:** интегралды, ғылыми-мәжіліс, театрланған сабақ.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, кубизм, топтастыру.

**Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, кубик, тірек-сызба, бәйге тақтасы, ББҮ (қиықша).

### **Сабақтың барысы:**

#### ***I. Ұйымдастыру кезеңі.***

#### ***II. Үй тапсырмасын тексеру.***

«Бәйге» тақтасы арқылы сұраққа жауап беру.

1. Асанқайғы жыраудың өлеңін жатқа айт.
2. Жыраулар поэзиясының өкілдерін ата.
3. Қазтуған жырау туралы не білесің?
4. Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы.
5. «Балаларыма өсиет» кімнің өлеңі?
6. Жиенбет қай ғасырда өмір сүрген?
7. «Балпаң, балпаң кім баспас» кімнің өлеңі, жатқа айт.

#### **III. Жаңа сабақ.**

Біз XVIII ғасырда өмір сүрген акын, шешен, ойшыл, Абылай ханның ақылшы биі Бұқар жыраудың өмірімен, XVIII ғасырдағы тарихи жағдаймен танысамыз.

- Құрметті әдебиет сүйер қауым, Сіздер Бұқар жырауға арналған жиынға келіп отырсыздар. Бүгінгі мәжіліске әр ғылым саласынан ғалымдар қатысуда. Бұқар өмір сүрген ғасырдың тарихи жағдайымен таныстыру үшін сөз кезегін тарих пәнінің оқытушысы Аян мырзаға береміз.

- Бұқар жыраудың өмірі жайында баяндау үшін әдебиет тарихы ғылымының маманы Толғанай ханымға сөз беремін.

- Бұқар шығармашылығы жайлы зерттеуші әдебиетші Қорған мырза таныстырып өтеді. (Оқушылар Бұқар жырау туралы толық мәлімет береді).

Бұқар туындылары алғаш рет «Алдаспан» жинағында басылды. Шығармаларын танып-білуде әр түрлі пікірталастар болды. Кейбір зерттеушілер оған «Сарай ақыны», «Орда ақыны» деген ат қойып, әдебиет тарихынан алып тастауды ұсынса, енді бір топ жыраудың үстем тап жыршысы бола



тұрса да, өз жырларымен сол тұстағы әлеуметтік мәселелерге үн қосып, өз атымен сақталып қалған жырау екенін көрсетті. Бұқар жырау әдебиет тарихындағы орнын алғаш рет бағалау М.Әуезов еңбектерінде көрініс тапты.

Бұқар шығармаларының көпшілігі Абылай ханға арналып айтылады.

#### IV. Ойтолғаныс.

Тақырыпты жан-жақты қамтып талқылау үшін кубикті пайдаланамыз. Кубиктің алты беті бар, ондағы әңгімеле, суретте, салыстыр, зертте, қолдан, талқыла, ойыңмен байланыстыр деген беттің қайсысына түссе, сол сұраққа жауап беретін боламыз.

1. Бұқардың өмірбаяны туралы әңгімеле.
2. Бұқар өмір сүрген кездегі қазақ елінің тарихи жағдайын суретте.
3. Бұқар жырау мен жыраулар поэзиясы өкілдерінің өмірі мен жырларын салыстыр.
4. Бұқар қандай адам болған?
5. Бұқар жырау өлеңдерін ата, үзінді айт.
6. Қай өлең жолдарында Жиреншенің Әз Жәнібекке айтқан жауабы бар?

#### V. *Топтастыру.*

Бүгін айтқандарымызды топтастырып, «Бұқар жырау кім?» деген сұраққа жауап берейік.

#### VI. *Бекіту.*

Білемін  
Білгім келеді  
Үйрендім

#### VII. *Бағалау.*

#### IX. *Үйге тапсырма беру.*

Э.САҒЫНДЫҚОВА,  
мектеп-гимназия,  
Маңғыстау облысы,  
Жанаөзен қаласы.

## Ж.АЙМАУЫТОВ. «ӘНШІ» ӘҢГІМЕСІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Әнші» әңгімесіне әдеби талдау жасау, тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашуға үйрету; дамытушылық – түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына, тіл байлығының артуына, өз ойын ашық айтуға, өз көзқарасын дәлелдеп шығуға ықпал ету; тәрбиелік – өнер құдіретін сезінуге тәрбиелей отырып, ұлттық құндылықтарымыз бен намысымызды қорғай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: 1. Оқушылар мәтіннің мазмұнын түсініп талдайды. 2. Алған білімдерін өмірмен байланыстырады. 3. Өз ойларын еркін жеткізуге, бір-бірімен пікірталастыруға үйренеді. Сабақтың типі: Білімді жинақтау, бекіту. Сабақтың түрі: аралас. Сабақтың әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, пікірталас, топтастыру. Қамтылатын модульдер: Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, СТО, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, АКТ, оқытуды басқару және көшбасшылық. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих. Сабақтың көрнекілігі: Жазушы портреті, сызба, кестелер, ресурстар, маркерлер, А3 форматты қағаз.

Уақыты	Сабақтың ұйымдастыру формасы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
3 мин.	Ұйымдастыру	1. Оқушылармен амандасу	Оқушылар

	кезеңі	2. Журнал бойынша түгелдеу. 3. Оқушыларды казакша-орысша-ағылшынша санату арқылы топқа бөлу. 4. Әр топтың басқарушы, бағалаушы мен хатшысын сайлаймын.	санау арқылы 5 топқа бөлінеді де, топ аттары жазылған парталарға отырады.
10 мин.	Үй тапсырмасын тексеру. Әңгіменің сюжетін топтарға бөліп беру арқылы әңгімені баяндату.	<b>1-тапсырма.</b> Топтарға өтілген әңгіменің сюжеті бойынша тапсырмалар (ресурс) беремін. Топтар сол тапсырма бойынша постер қорғайды. <b>I топқа:</b> Жетішатыр қаласы туралы. <b>II топқа:</b> Шәкег үйінің көрінісі. <b>III топқа:</b> Әншімен таныстық. <b>IV топқа:</b> Наурыздағы сауық. <b>V топқа:</b> «Ақтамақ хикаясы».	1. Оқушылар өздеріне берілген әңгіменің сюжеті бойынша постер жасап, қорғайды. 2. Топтар бір-бірлерін бағалайды.
18 мин.	Жаңа сабақ. Ж.Аймауытов «Әнші» әңгімесі (2 сағат)	<b>2-тапсырма</b> Әр топқа тапсырма беремін (ресурс) <b>I топқа:</b> Әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашу. <b>II топқа:</b> Шығарманың композициялық құрылымын сатылай кешенді талдау. <b>III топқа:</b> Шығармаға сатылай кешенді талдау. (Кейіпкерлерді) <b>IV топқа:</b> Кейіпкерлерге мінездеме. <b>V топқа:</b> Әмірқан бейнесін топтастыру.	1. Топтар өздеріне берілген тапсырма бойынша дайындалып, жауап береді. 2. Топтар бір-бірлерін бағалайды.
		<b>3-тапсырма.</b> Шағын дебат. «Әмірқанның Ақтамақты алып қашуы дұрыс немесе дұрыс емес» деген тақырыпқа жақтаушы және даттаушы топ болып пікір таластырады.	3. Оқушылар берілген тақырыптар бойынша жақтаушы және даттаушы топ болып пікір таластырады.

2 мин.	Сергіту сәті	Әміре Қашаубаев туралы бейнеролик	5. Топтар бір-бірін бағалайды. Оқушылар интербелсенді тактадан бейнероликті қарайды.
5 мин.	Бекіту Хат жазу Жүсіпбекке хат жазғызу. («Ақтамақ хикаясы» туралы)	<b>3-тапсырма.</b> Оқушыларға әңгіменің авторы Жүсіпбекке «Ақтамақ хикаясы» туралы хат жазғызамын. Мысалы: Жүсіпбек аға, мен «Ақтамақ хикаясын» былай аяқтар едім....	Оқушылар берілген тақырыпқа өздері немесе топ болып хат жазады.
3 мин.	Қорыту	Менің қорытынды сөзім: -Балалар, ақындарымыз бен жазушыларымызды құрметтейік, олардың жазған шығармаларын үнемі оқып, шығарған әндерін ұмытпай шырқап жүрейік.	Оқушылардың қорытынды сөздері.
3 мин.	Бағалау	Оқушыларды сабаққа қатысқанына, тапсырмаларды дұрыс орындағанына, өз ойын еркін жеткізе алғандығына қарай және топтардың бір-бірлерін бағалағанын да ескере отырып бағалаймын.	Оқушылар бір-бірін бағалайды және топтардың жиынтық бағасын айтады. Мұғалім қойған бағаны күнделіктеріне қойғызады.
1 мин.	Үйге тапсырма. «Әміре – ән аскары» тақырыбына шағын шығарма жазу.	Оқушыларға үй тапсырмасын жазғызамын.	Оқушылар үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады.

**Х.ЛИЯСОВА,**  
**Ақсуат жалпы орта білім**  
**беретін мектебі.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Теректі ауданы,  
 Ақсуат ауылы.

## ҮСТЕУДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

(6-сынып)

Мақсаты:	Үстеудің түрлері туралы мәлімет бере отырып, үстеудің біздің өмірімізбен байланысы бар екенін түсіндіріп, мезгіл үстеумен жете таныстыру. Оқушылардың өз ойын еркін жеткізе білуін, үстеуге байланысты мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақ іздеп жаттау, тіл байлығын жетілдіру. Өз бетінше ізденіп, алған білімін еркін қолдана алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу. Әсемдікті сезіну, көркемдікті түсіну.		
Оқыту нәтижесі:	а) Оқушылар үй тапсырмасын игеру керек. ә) өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстыра отырып меңгеру керек. б) оқушылар жаңа материалдарды меңгеру керек.		
Әдіс-тәсілдер:	Топпен жұмыс, бірін-бірі бағалау әдісі, сұрақ-жауап. СТО технологиясы элементтері (миға шабуыл, «ыстық орындық»), деңгейлік тапсырма, көркем жазу, «Бас бармақ», «Бағдаршам» бағалау әдістері, кері байланыс.		
Уақыты:	Ресурстар:	Сабақтың мазмұны:	
		Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
2 мин.	Смайликтер	Амандасу. Психологиялық тренинг. Мотивация кезеңі. Басымызды сипаймыз жақсы ойлау үшін, құлағымызды сипаймыз жақсы есту үшін, көзімізді сипаймыз жақсы көру үшін, алақанымызды	Оқушылар көңіл-күйлерін көтеріп, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.

		сипаймыз жақсы баға алу үшін. Ал, балалар, сендерге бүгінгі сабаққа сәттілік тілеймін. Алақанды ашайық, Жылудықты шашайық. Сәттілік тілеп достарға Біз сабақты бастайық.	
3 мин.	Топқа бөліну элементтері.	Музыка ойналады. Оқушылар есікте ілуді тұрған «Қызғалдақ», «Түймедақ», «Раушан» гүлдерін таңдау арқылы сыныпқа кіреді.	Сыныптағы үш гүлдің суретімен берілген құмыраға гүлдерін салу арқылы топқа жіктеледі.
7 мин.	Үй тапсырмасы.	Өздерің қалаған көркем-әдеби мәтіннен үстеулерді тауып, құрамына қарай талдаңдар. Бірін-бірі бағалайды.	Оқушылар үй тапсырмасын айтады. Бағалайды.
5 мин.	Миға шабуыл.	Жалқыдан жалпыға қарай түсіндіру әдісі. -Балалар, тақтаға қарайық. 1. Кеше титықтап келіп, сабақ қарауға мұршам болмап еді. 2. Кешкі астан кейін төр үйге кіріп, үстел шамды жақтым да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп, терезе перделерін түсірдім. 3. Таңертең маман жайлауға қайтпақшы болды. /Б.Сокпақбаев/	Өз жауаптарын бере отырып, тақырыпты анықтайды.
7 мин.	Ереже. «Бас бармақ» бағалау әдісі.	Оқулықтағы ережемен жұмыс. Үстеу түрлерін тірек-сызба арқылы жазып алады. Мезгіл үстеуіне кесте.	Оқушылар ережемен танысқаннан кейін, интербелсенді тақтада үстеудің түрлерін тірек-сызба арқылы, ал мезгіл үстеуін кестеге толтырады.
5 мин.	«Сықырлы сандықша» шашуы. «Бағдаршам» бағалау әдісі.	Оқушыларға қонаққа тағы да сықырлы сандықша келгенін, ол өзімен түрлі шашу-сұрақтарын алып келгенін хабарлау. Интербелсенді тақтадан сықырлы сандықша ашылып, оның ішінен тәттілер шашылады. Әр тәттінің астында қызықты сұрақтар бар.	Оқушылар тақтаның көмегімен үстеулерді тауып, сызады, етістіктермен сәйкестендіреді.

		<p><b>Жұмбақты шешіп, мезгіл үстеуін табу.</b>  *Күндіз-түні жүреді,  Сырғымайды бір елі. (сағат)  *Таңмен көзін ашады,  Әлемге нұрын шашады. (күн)  *Ерте тұрдым,  Алып ұрдым. (шалбар)  *Күндіз қалғып мызғиды,  Түнде зарлап ызғиды.  (жапалақ)</p>	
		<p><b>*Мезгіл үстеудің етістік сынарын тауып, сол сөзге бағыт апар.(тақтаға кезекпен шығады)</b>  1. Ендігі 3. ояндым  2. Қыстыгүні 4. айтам  3. Таңсәрі 6. айттым  4. Қаз 5. танымын  5. Баяғыдан 2. сырғанадық  6. Әлгін 1. үндемеймін</p>	
2 мин.	Қимыл-қозғалыс сергіту сәті.	<p>Бойымызды сергітіп, ойымызды жинақтап, тақырыпты жан-жақты білу үшін сергіту сәтіне кезек берейік.  Орынымыздан тұрамыз.  Бір, екі, үш-қарлығаш болып үш. Төрт, бес, алты-қарлығаш боп қалқы, Жеті, сегіз, тоғыз, он-қарлығаш болып қон.</p>	<p>1) Оңға;  2) Солға;  3) Алға қарай бір адым;  4) Артқа қарай бір адым;  5) Жоғары-төмен қарайық.  Оқушылар жасайды.</p>
6 мин.	Топтық жұмыс. «Шапалақ» арқылы өзін-өзі бағалау.	<p><b>«Өкіл» әдісі – топтық жұмыс.</b> Топтарға жаттығулар беріледі:  I топ – 275 – жаттығу. а) Мәтінді оқып, мезгіл үстеулерін тауып, сұрақ қою арқылы қай сөзбен тіркесіп тұрғанын көрсету.  II топ – 275 – жаттығу. ә) Төмендегі сөйлемдерден мезгіл үстеулерінің қалай жасалғанын түсіндіру.  III топ – 276 – жаттығу. Мезгіл үстеулерін тауып, сұрақ қою арқылы қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын көрсету. Бұл тапсырмалар топ ішінде талқыланады. Постерге жазылады. I оқушы тандалып, сол оқушы басқа топтарға кезекпен барып оны презентациялайды немесе түсіндіреді.</p>	<p>Оқушылар топ бола отырып, талқылап, постерге жазып, I оқушы басқа топтарға түсіндіріп шығады.</p>

		Сол арқылы оқушылар жаңа тақырыпты өздері меңгереді.	
4 мин.	«Тақырыптық түйінді сөз» әдісі. «Шапалақ» бағалау әдісі.	Сабақ барысында үйренген, естерінде қалған тақырыпқа байланысты сөздерін жазып шығады.	Оқушылар сабақ бойы тақырыпқа байланысты үйренген, естерінде қалған сөздерді жазып шығады. Бірін-бірі тексереді. Бағалайды.
2 мин.	Бағалау парағы, Кері байланыс.	Сабақтың қорытындысы: Балалар қазір сендерге карточкалар таратылады, соның ішіндегі сұрақтарға жауап бересіңдер. Сабақ маған ұнады, себебі... Сабақ маған ұнаған жоқ, себебі... Мен бұл сабақта жұмыс істеген жоқпын, өйткені...	Оқушылар берілген кәргішкелерге сабақ бойынша өз пікірлерін білдіреді.
2 мин.	Үйге тапсырма.	«Үстеу елінің патшалығы» ертегі құрастыру (мезгіл үстеулерін қатыстырып).	Күнделіктеріне жазып алады.



**Р.ЖҰМАШЕВА,**  
**№68 орта мектеп.**  
Астана қаласы.

## **ЖИНАҚТЫҚ, БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМДЕР**

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы жинақтық, болжалдық сан есімдерді меңгерту, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру; **дамытушылық** – тапқырлық, ізденімпаздық, ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – адалдыққа, бауырмалдыққа, патриоттыққа тәрбиелеу. **Сабақтың түрі:** жаңа сабақ. **Сабақтың әдіс-тәсілі:**

сұрақ-жауап, баяндау, деңгейлік тапсырмалар, сөзжұмбақ шешу. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, математика, тарих. **Сабақтың көрнекілігі:** интербелсенді тақта, оқулық, сызба, үлестірмелі тапсырмалар, сөзжұмбақ.

### Сабақтың барысы.

1. **Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен сәлемдесу, балаларды түгелдеу, сынып бөлмесінің тазалығын бақылау.

2. **Үй тапсырмасын тексеру:** а) Сан есім. Есептік, реттік сан есімдер. ә) 166-жаттығу.

3. **Жаңа сабақ:** 1. Жинақтық, болжалдық сан есімдер.


### Сызбамен жұмыс:

#### Жинақтық сан есім

Сұрағы: **нешеу?** Жұрнағы: - ау ; - еу.

**Жинақтық сан есімнің жасалу жолы:**

1)




**Мысалы:** біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.

2) Екі + еу = екеу, алты + ау = алтау, жеті + еу = жетеу.

#### Болжалдық сан есім.

**Сұрақтары:** қанша? неше? қай шамалы? қаншадан?

Болжалдық сан есімдердің жасалуы жолдары:



**Мысалы:** жүздеген, ондаған, қырықтаған, мыңдап, елулеп, жетпістей, сексендей, мыңдай, т.б.

2. (жасы) отыздарда, (сағат) екілерде, жиырма төрттерге (келген), т.б.

3. **Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы:** он-он бес, отыз-қырық, алпыс-жетпіс, отыз-қырықтай, жүз-жүздеген, елу-елу бестерде, т.б.

4. **Шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын.** **Мысалы:** отызға жақын, мыңға тарта, жүз шамалы, беске таман, елуге жуық, т.б.

**Мәтінді оқып, сан есімдерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратындар.**

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздік алып, еркіндікке қол жеткіздік, Әнұранымызды асқақтатып шырқап, Туымызды биікке көтердік.

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемнің 120-дай мемлекеті танып, 70-тен астам мемлекетпен елшілік дипломатиялық қатынас орнаған. Осы 24 жыл ішінде тәуелсіз мемлекетімізде көптеген өзгерістер енді. Білім саласында жаңа типті мектептер, лицейлер, гимназиялар мен колледждер ашылды.

### I деңгей. 1-нұсқа

**1-тапсырма. Сан есімдерді тауып, мағынасына қарай ажыратындар.**

Атадан алтау, анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ. (**Абай**)

2-тапсырма. Жинақтық сан есімнің жұрнағын атаңдар.

### 2-нұсқа

1-тапсырма. Оқулықтағы 169-жаттығу.

Берілген есептік сан есімдерден болжалдық сан есімдер жасап, оларды сөзбен жазыңдар.

100, 60-70, 10, 150, 16-17, 25, 2000, 15000.

2-тапсырма. Болжалдық сан есімнің сұрақтарын атаңдар.

**Сергіту сәті.**

**Сөзжұмбақты шешіндер.**

**Сөзжұмбақ. «Сан есімдер».**

1. Балалар ойыны; 2. Ел Ордасы; 3. Ең сүйікті адам;  
4. Ұрпақ; 5. Нәрестенің төсегі; 6. Өзен аты; 7. Қазақ батыры әрі ақыны; 8. Құс аты; 9. Қоянның баласы; 10. Ұлттық саз аспабы.

**II деңгей. 1-нұсқа.**

**1-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің сөздерін тиісті орнына қойып құрастырып, сан есімдерді мағынасына қарай ажыратыңдар.

Болса, ала, алтау, кетеді, ауыздағы,

Болса, түгел, төртеу, келеді, төбедегі. (Мақал)

**2-тапсырма.**

1. *Алты, төрт* сан есімдерінен болжалдық сан есім жасаңдар.

2. Қандай сөздердің тіркесуі арқылы болжалдық сан есімдер жасалады? Мысал келтір.

**2-нұсқа.**

**1-тапсырма.** Жұмбақты шешіп, сан есімдерді мағынасына қарай ажырат.

Екеуі қарауыл қарап тұр,

Төртеуі ұйықтап жатыр.

Біреуі қамыр басып жатыр.

**2-тапсырма.**

1. Екі, төрт, бір сан есімдерінен реттік сан есім жасаңдар

2. Қосарлану арқылы жасалған болжалдық сан есімдерге мысал келтіріңдер.

**Үйге тапсырма:**

Шығармашылық жұмыс.

«Тәуелсіздік – ел тілегі» тақырыбына ойтолғау жазып келу.

**Бағалау.**

## АНЫҚТАУЫШ

Сабақтың мақсаты: Сөйлем мүшелері туралы түсінік беру. Міндеттері: анықтауыштың грамматикалық белгілерін меңгерту, қызығушылығын ояту, өз беттерінше ізденуге, ойлау қабілеттерін арттыруға, өз ойын еркін жеткізуге ықпал ету; түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың тіл байлығын молайту, бірін-бірі сыйлауға, ынтымақтастыққа тәрбиелеу. Түрі: ізденіс, шығармашылық сабақ. Әдіс-тәсілдер: баяндау, іздендіру, талдау. Пәнаралық байланыс: әдебиет, орыс тілі, шет тілі, бейнелеу өнері. Көрнекілігі: кесте, слайдтар, тақта, кітап.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: - оқушылармен амандасу, сабаққа дайындығын тексеру, топқа бөлу.

Үй тапсырмасы. 67-жаттығу. Үй тапсырмасын “Ыстық орындық” стратегиясы арқылы сұрау.

“Ой қозғау” стратегиясы. Тест сұрақтары.

1. Баяндауыштың сұрағы бола алатын қатарды көрсетіңіз:

А) кімді, нені? В) не істеді, қайтті? С) кім, не?

2. Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалғанда, бастауыштан кейін ... қойылады?

А) үтір; В) нүктелі үтір; С) сызықша.

3. Лепті сөйлем бола алатын қатарды анықтаңыз?

А) Сабақ аяқталды ма.

В) Біз кітапханаға барамыз.

С) О, жарайсыңдар, енді дұрыс болды.

4. Тура толықтауышты табыңыз:

А) Айымды кездестірдім; В) үйге асықтым;

С) өлімнен ұят күшті.

5. Бұйрықты сөйлем қатарын анықтаңыз:

А) Бармағын тістеу, онда асықпа;

В) Барып қайт, балам; тоқта, ботам, тоқташы!;

С) Сенімдісің бе, шық үйден.

6. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып, сол септіктің сұрағына жауап беретін толықтауыштың түрі:

А) тура толықтауыш; В) жанама толықтауыш;

С) дара толықтауыш.

Дұрыс жауаптары:

1. В 2. С 3. С 4. А 5. В 6. В

Жаңа сабақ: Анықтауыш

Сындық, сапалық, сандық жағынан анықтап тұратын тұрлаусыз мүше	Сұрақтары: кімнің, ненің, қандай, қай, қанша, неше, қашанғы?
--	--

**Анықтауыш**

Құрылысына қарай: дара, күрделі, үйірлі	Байланысу түрі: қабысу, матасу
---	--------------------------------

Оқулықпен жұмыс: 68-жаттығу.

Дара анықтауыш	Күрделі анықтауыш	Үйірлі анықтауыш

70-жаттығу

Дара анықтауыш	Күрделі анықтауыш	Қабыса байланысқан анықтауыш

Шығармашылық тапсырмалар

1. Әріптер сырын ашайық. (Үлгі: Жансая жайдары, жарқын жан, жұртына, жақындарына жарқындығымен жағып жүр)

2. Мінездеме жазу. (Парталасына, жазу кезінде анықтауыштың көптеп кездесуін қадағалау керек)


3. Мақал-мәтелдер. (Мұнда да анықтауышты сұрақ қоя отырып табу көзделеді)

Терме диктант.

Ешбір ата-ана өз перзентіне мінез-құлқынан артық мирас қалдырмайды. Жұрттың көзінше істеуге ұят деп білген нәрсеңді оңаша отырғанда да істеме. Аманатқа қиянат еткен адамда иман жоқ. Екі адамның оңаша әңгімесі бір-біріне аманат саналады және әңгімелескен сырын ашу-арамдық. Өзінің қол астындағы адамдарға қиянат жасап, оларды алдаған қауым бастығы қиямет күні тозаққа хукім етіледі.

Сабақты қорытындылау.

«Венн» диаграммасы.



Үй тапсырмасы: 1. 69-жаттығу (Анықтауышты құрамына қарай ауызша талдау, матаса байланысқан анықтауыштарды тауып жазу). 2. “Адамның жақсы, жаман болмағы өзінен” тақырыбына ойтолғау жазу. 3. Анықтауыш болатын сөз таптары туралы оқу.

Тілек айту. «Ыстық жүрек, жылы құшақ» стратегиясы.

Бағалау.

Оқушыларды топ басшылары бағалайды.

**Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА,**  
**Жанабұлақ орта жалпы**  
**білім беретін мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы.

## **ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМ**

*(5-сынып)*

Мақсаты: білімділік – оқушылардың білімін дамыту, тереңдету, ізденісін арттыра отырып, ой - өрісін кеңейту, тіл байлығын молайту, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сауаттылығын арттыру, ережелерді түсіндіре отырып, ажырата білуге баулу; тәрбиелік – оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттер дамыту, ізгілікке, ынтымақтастыққа, халықтық педагогика негіздеріне баулу. Жақсы, әдемі, орынды сөйлеп, мәдениетті болуға тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: іздендіру, салыстыру, топтау, ой жинақтау.  
Сабақтың түрі: тіл дамыту.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

а) Үй тапсырмасын тексеру.

- Сонымен, оқушылар, Табу дегеніміз не?

- Табу дегеніміз – ескі әдет-ғұрыпқа, діни наным-сенімге байланысты тура айтуға тыйым салынған сөздер.

Мысалы: Қасқыр – ұлыма, Найзағай – жасын

Өзен – сарқырама, Жылан – ұзын.

Қой – маңырама.

Мәтінмен жұмыс, оқушылар табу сөздерді табады.

Менің биыл ағам үйленді. Жеңешем бәрімізге ат қойды.  
Мені «Кішкенем», інімді «Шырақ», сіңілімді «Шырайлым» деп атап кетті. Ағайымның үлкен ағалары мен жеңгелерін де

атымен атамайды. «Үлкен үйдегі қайнаға», «Әнші жеңгей», «Әкім аға», «Үндемес» деген аттары бар. Жеңешем о дүниелік болған адамдардың да атын атамайды, тергейді. Жақында жеңешем бәрімізге қуаныш сыйлады. Біздің ортамызға «тоқымқағар» қосылды. Бұрыннан да біздің отбасымызда «Күлшашар», «Шайқұяр», «Гүл егер» бөпелер өте көп.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Эвфемизм (грек сөзі) – жақсы сөйлеймін,

Дисфемизм (грек сөзі) – дөрекі сөздер.

Эвфемизм дегеніміз – жағымсыз, дөрекі, қатты естілетін сөздерді сыпайы жеткізу.

«Жақсы» сөйлеймін деген мағына берді. Ал, дисфемизм, керісінше дөрекі, қорлау, кеміту, жаратпай, жаман сөйлеу.

Тақтаға назар аударайық!

II. Үйренушілік деңгей.

Кодоскоппен жұмыс. Эвфемизм. Дисфемизм.

Жағымсыз естілетін сөздерді сыпайы жеткізу. «Жақсы» сөйлеу.

Мысалы: Қосып айту

Жарық дүние

Аксаусақ

Жас

Қайтыс болды

Сөзуар

Ала жібін аттамау

Қолынан іс келмеу, кеміту, қорлау, жаратпай, жаман сөйлеу.

«Дөрекі» сөйлеу

Өтірік айту

Туу

Жалқау

Боқмұрын

Өлді

Мылжың

Ұрламау

Қолынан боқ келмеу



106-жаттығуды жазбаша орындау (кітаппен жұмыс).

Ұры – қолының сұғанағы бар.

Өсекші – суайт, сөз таситын адам.

Боқмұрын – жас, жасы кіші адам.

Қырт – мылжың – көп сөйлеу.

Топас – білімсіз, надан.

Саңырау – құлағы ауыр, құлағының мүкісі бар.

Соқыр – көзі көрмейді, зағип адам.

Ақсақ – аяғын сылтып басу.

Сақау – мылқау, тілі жоқ.

Жынды – есуас, жарымес.

Ал, енді, оқушылар, ана тіліміз, тіл туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріп, кезек-кезек тақтаға жазайық!

Мақал-мәтелдерді тақтаға жаздыру, ауызша айту.

1. Жанды жаралайтын да сөз,

Емдейтін де сөз.

2. Бал тамған тілден у да тамады.

3. Аз сөз – алтын,

Көп сөз – көмір.

4. Сөз қадірін білмеген,

Өз қадірін білмейді.

5. Жылататын да, жұбататын да сөз.

- Сонымен, балалар, жылататын қандай сөздер, жұбататын қандай сөздер?

- Жылататын сөздер – дисфемизмдер, жұбататын сөздер – эвфемизмдер.

105-жаттығу. Эвфемизм мен дисфемизмдерді теріп жазу.

Аксаусақтар, ит терімді басыма қаптап, жылампаз, бейілі кедей, қызыл өңшең, оқыс сөйлейтін, пыскырма, оттай берсін! Қағынды, түзге жөнелді, айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады, ана дүниеге кетіп бара жатады.

Деңгейлік тапсырмалар орындау:

Үлестірмелі кәртшікілермен жұмыс.

1) Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз

қалдырған. (Дисфемизмді тап, Эвфемизмге айналдыр)

2) Қарағым, сөзді қосып айтпа! (Эвфемизмді дисфемизмге айналдыр!).

3) – Қарағым, аузыңа келгенді оттама! Аузыңнан ақ ит кіріп, көк ит шықты-ау! (дисфемизм сөздерді тап, эвфемизмге айналдыр).

4) Бағып-қаққан адал малыңның қолды болғаны қиын екен. (Дисфемизмді эвфемизмге айналдыр).

5) Ағасы інісіне ренжіп: - Қолыңнан түк келмейді,- деді. (Дисфемизмді эвфемизмге айналдыр).

Сергіту сәті: Бір-екі-үш, қолға қалам алып күш, Қолға қалам аламыз, Әдемі біз жазамыз, сауатты біз боламыз! Антоним дегеніміз не?

- Антоним дегеніміз мағыналары қарама-қарсы сөздер.

Дисфемизмге варваризм – боғауыз, былапыт, дөрекі, айтуға мүлдем болмайтын сөздер жатады.

Қорытынды: - Сонымен, балалар, бүгін қандай тақырып өттік?

- Эвфемизм, Дисфемизм.

- Ережелерін айтайық!

Сыпайы сөйлеген жақсы ма, дөрекі сөйлеген жақсы ма?

- Күнделікті өмірде қай сөзді жиі қолдануымыз керек?

- «Оқу мен тәрбие егіз» - дегендей, білімді адам тәрбиелі болу керек, тәрбие сөзден басталады. Дисфемизмді, варваризмді қолданбай, ана тіліміздің қадір қасиетін дамытайық!

«Топтастыру» стратегиясын толтыру.

Орыс тілі – ну-орман,

Ағылшын тілі – алып мұхит,

Қазақ тілі -көктегі күн! – дегендей, тіліміздің мәртебесін күндей жарқыратайық, балалар!

Бағалау: Оқушыларды қатысып отырған тіл мамандары жұлдызша, төртбұрыш, үшбұрыш белгілерімен бағалайды.

Үйге тапсырма: 104-108-жаттығу жұмыстары.

104-мәтіннен дөрекі, әдепсіз сөздерді теріп жазу.

**Ж.СӘКЕНОВА,**  
**Казанка орта мектебі.**  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Айыртау ауданы.

## ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫ

(үзінді)

**Бұқар** – Хангелді Руслан.

**Абылай** – Ауезбек Серіктес.

**Күзетшілер:** Әлімқұлов Аңғар.

Рахым Сұлтан.

(Оқиға Абылай хан өмірінің соңғы сәттеріндегі ақылшысы  
Бұқар жыраумен арасындағы әңгімесінен...)

**Бұқар:** - Сөзімізді ешкім естімейді, Абылай... Оңашада сұрамақшы едім... Божбандарды неге ат құйрығына байлауға бұйырдың? Оларды саған қарсы қоймақ болған өзіңе жақын адамдары еді ғой. Және Божбандар Қоқан хандығына дәл бүгін көше қоямыз дегенді. Ел арасы елегзи бастағаны рас. Жел сөзге еріп қопарыла көтерілуі де мүмкін еді. Ал сен... Ақылшы жіберіп тоқтатудың орнына, қамыс арасына жігіттеріңді тығып қойып, Әлім ханға тілдесуге бара жатқан адамдарын ұстап алдың. Сосын Божбан атаулының бәрін осындай деп, бықпырт тигендей еттің. Неге бұйттің?

**Абылай:** - Бұның бәрін сен қайдан білесің, жырауым?

**Бұқар:** - Білмей... Елу жылдан бері мен сенің мінез-құлқыңа, айла-тәсіліңе қанықпын ғой, алдияр.

**Абылай:** - Қанық болсаң... Жаңа өзің айттың ғой, ел арасы елегзи бастады деп. Бүгін елегізсе, ертең ереуілге шығады. Өзгеге үлгі болсын деп жазаладым.

**Бұқар:** - Жоқ, бұл үлгі емес, күйік... Күйіктен ел қартаяды, еңсесі түседі.

**Абылай:** - Қу қатын-патша бекітпегенмен, айтшы, жырау, осы жұрт мені Үш жүздің ханы деп санай ма?

**Бұқар:** - Иә, сені «Үлкен Орда» ханы деп санайды.

**Абылай:** - Онда мынаны түсінші... Мен ат жалын тартып мінгелі ажалдан қорқып көрген жоқпын. Досымды да қасымды да аяуды білген емеспін. Біреуін ат құйрығына байласам, біреуіне оқалы шапан жауып, мадақтай көтеріп, өзіме серік еттім. Соның бәрін тек хан болу үшін істедім бе? Иә, солай-ақ болсын делік... Ал сонда сол дәрежеге мен неге сонша құмарттым?

**Бұқар:** - Иә, бәсе неге? Өзгеге үстемдігінді жүргізіп, мерейің жоғары болу үшін дейтін шығарсың. Жоқ, олай емес. Оған жай хан болсаң да жетеді.

**Абылай:** - Жарайды, бұның жайын басқа күні, сыр пернесін тағы бір қайғы шерткен күні айтармын. Ал қазір... Баяғыдан бері менің сойылымды соғып, қартайғаныңда өз ісіңнен өзің қорқып қалдың ба, жырауым? Өткен іске өзіңді қинамай-ақ қой. Одан да менің мына сұрауыма жауап берші... Бастары қосылмай кеп, «Ақтабан шұбырындыда» кеуегінен қашқан қояндай сасып, жартысынан көбін жоғалтқан бұл елге қандай адамның хан болуы керек еді. Былбырап аққан қан иісінен жүрегі айнымайтын қатал басшысы болмасын сұрқия заманда жан-жағынан қаптаған жауы даласын аткөпір етіп, өздерін әр жотаның етегіне төбе-төбе қып үйіп кетпесіне кім кепіл еді? Сонда қазақтан не қалар еді? Осы сұрағыма жауап бер, әулие жырау.

**Бұқар:** - Иә, өзің айтқандай, керек кезінде қатал болмағаныңда, мен сенімен бүйтіп қатар келе жатпас едім. Рас, өмір бақи сенің ісінді көтермелеп келдім. Ол шежіре ғой. Ал әңгіме қазір шежіреде емес, басқада. Оны өзің де жақсы білесің.

**Абылай:** - Токтама, жырау, айта бер.

**Бұқар:** - Жоңғар, Қытаймен соғысып, Қоқан хандарының бетін қайтарғанша, сен жұртты бір-бірімен өшіктіріп, не орынсыз өлімге бұйырып көрген жоқсың. Ботақанды тірідей көрге көмгенінді де ұмытпаған шығарсың, Абылай. Жұрт ол қылмысыңды да кешірді ғой. Иә, сен ол кезде бар болғаны сұлтан едің, бес адамның саған күші жететін еді. Әлде алдарынан көтерілген қазаның мен сабадағы қымызың сені құтқарды деп ойлайсың ба? Жоқ, Абылай. Жұрт қоңтайшыға қарсы шығатыныңды түсінді. Сол заманның шындығы сенің жағыңда екенін ұқты. Су тасығанда сен ұрған балықтай есеңгіреп қалған ел, өзінің көсемін іздеді. Бәрінің басын қосатын ер-азаматын іздеді. Сол ер-азамат, тар жол, тайғақ кешуде жұртын аман алып шығатын ер сен ғана боп көріндің ол күндерде.

**Абылай:** - Ал содан кейін не болды?

**Бұқар:** - Содан кейін Батыр Баян қаза тапты.

**Абылай:** - Иә, айта бер...не демексің, жырау?

**Бұқар:** - Туған інісі Ноянды өлтіргені үшін, бұл жалғаннан кеткісі келген жоқ. Батыр Баян саған қатты сенген-ді. Ал сен болсаң Қашқар мен Құлжадағы қазақ ұйғыр ереуіліне көңіл бөлмей, Алтынемелді тастап, кейін шегіндің, Батыр Баян бұны опасыздық деп санады. Өмір сүрудің оған еш маңызы жоқтай көрінді. Көрер көзге өлім іздей бастады. Бұндай жағдай еш нәрсені білмейді деп ойлау әміршілердің әдеті ғой.

**Абылай:** - Қытайға қарсы соғысар күш болмағанын білмейтін бе едің, жырау?

**Бұқар:** - Әйткенмен ереуілге шыққан елдің біразын сақтап қалатын едік. Бізден қауіп ойламаған Чжао Хой мен Фу Де бүкіл Шығыс Түркістанды қан-жоса етті.

**Абылай:** - Менің шегінгенімді өзің дәріптеп едің ғой!

**Бұқар:** - Бұл қу заманда менің еріксіз дәріптегендерім аз дейсің бе...

**Абылай:** - Тағы нең бар, айтып қал, жырау?

**Бұқар:** - Ал сен Алтынемелден тек хан болу үшін шегіндің. Содан кейін-ақ жолың, соңыңнан ерген елдің болашағынан екі айрылды, ханым!

**Абылай:** - Болашақ? Болашақ?-деген не?.. «Ел»-деген не? Мұндай сөзді менің арғы бабам, жер шарының тең жартысын жаулап алған ұлы Шыңғыс хан білген емес.

**Бұқар:** - Ал өзің ше?

**Абылай:** - Білмесем... Арманым мен өксігі мол елу жылымды ат үстінде өткізбес ем.

**Бұқар:** - Шыңғыс хан да бар өмірін ат үстінде өткізген. Бірақ ол бабаңның жаулап алған жарты әлемі қайда, Абылай? Бізге қалдырған мұрасы – тек жанталаса алысу ғана емес пе... «Болашақ» дегеннің не екенін енді түсіндің бе? Ал ел ше? «Ел»-деген еш уақытта да ешнәрсені ұмытпайды. Оны «алдадым» деп тек хандар ғана ойлайды, Абылай...

**Абылай:** - Мен еш уақытта халықты алдаған емеспін.

**Бұқар:** - Соңғы жылдары сен халықты жиі алдай бастадың, Абылай. Сенің жасағың бұрынғыдай өз жерін ғана қарап отырған жоқ, бөтен елдің жерін тартып алу әрекетіне де кірісіп жүр. Біресе қарақалпаққа, біресе қырғызға, өзбек қалаларына жорыққа шығасың. Дегеніңе көңісі келмеген қазақ рулары да шабасың...

**Абылай:** - Осының бәрін сол қазақ елі үшін істеп жүрген жоқпын ба?

**Бұқар:** - Жоқ, халыққа одан келер пайда шамалы. Басқаны қойып, Жайық қырғынын ғана есіңе салшы...

**Абылай:** - Содан кейін қырғыз барымташылары қазақ ауылдарына беттеуді қойды ғой. Сол жолы Шату асуынан өтіп, қырғыз ауылдарын шапсам, оным- қырғызбен көршілес қазақ елінің тыныштығын ойлағаным емес пе?

**Бұқар:** - Қарғыс атсын ол күнді! Қайта оралмасын, өшсін қарасы сол қалпымен.

**Абылай:** - Неге?

**Бұқар:** - Жайыл ойпатында достық емес, қастық туды!

**Абылай:** - Біз біресе жоңғарлармен, біресе шүршіттермен

қырылысып жатқанда, қазақ ауылдарын әлсін-әлсін шауып маза бермеген сол манаптар емес пе еді?

**Бұқар:** - Иә, қырғыздың манабы мен қазақтың ханына атақ, мал-мүлік, төлеңгіт, құл керек болды. Бірақ одан кім зиян көрді? Қылшылдаған алдаспан жазығы жоқ қара бұқараның басын қара жерге домалатты....

**Абылай:** - Құдайдан жалғыз ғана тілегім бар еді, Бұқар аға, алар болсаң қан майданда жүргенде ал деуші едім. Көрдің бе, міне, елу жыл оқ дарымай келіп, ақыры бір шаншудан ажал таппақпын. Өмірде бар тілегімді бергенде, құдай бұл тілегімді неге бермеді екен?

**Бұқар:** - Иә, Абылай, елу жылдан астам ат үстінде болдың. Батыр да атандың, ақыры хан тағына отырдың. Бірақ соның бәрінен не қалды?

**Абылай:** - Сенің осылай дейтінінді сезген едім, рас, хан тағына жету үшін мен ұзақ һәм бұралаң жол бастым... Бірақ сол хан тағы маған не үшін керек еді? Осы сұраққа көңіл күйім тағы бір қасірет шеккен күні жауап берейін деп едім ғой. Сол күн туған секілді... Адамға өлімнен артық қасірет бар ма? Ал тында... Иә, хандық құру, тек мансапқорлықтан туды ма? Жоқ, Бұқар аға, онда сен мені білмегенің. Қолыңда күшің болмаса, кімге айтқаныңды істете аласың? Ұлы хан тағына отырсам қазақ елін өзімнің дегеніме жеткізсем деп ойлағам... Ал соңынан... Әділетті ұлы хан болсам халық менің бұрынғы қиянаттарымды ұмытады ғой деп сенгенмін.

**Бұқар:** - Бірақ сенің қолыңнан ондай хан болу келмеді ғой.

**Абылай:** - Хан бар жерде қиянат болмауы мүмкін емес екен ғой. Бірақ мен сол қиянатымды да, озбырлығымды да халқымды уысымда ұстау үшін жұмсадым, ел бірлігін күшпен сақтамақ болдым.

**Бұқар:** - Иә, Абылай, сен қанды көз қара бүркіт едің! Саған еліңді аққу құстай әдемі әніңмен басқармадың деу күнә болар... Оны мына заман көтермес те еді. Ал енді бұл жалғаннан өтіп барасың, артындағы ұл-қызыңа айтар қандай кеңесің бар?

**Абылай:** - Ұл-қыз дейсің бе?.. Менің кеңесіммен жүрер ұл-қыз болар ма екен? Сөйтсе де екі айтарым бар. Бірі-қазақ елі аз ел ғой, азып-тозып кетпес үшін, қолдарынан келсе бірлігін сақтасын. Бірлігі бар елді басқару жеңіл. Екінші айтарым – мен елу жылдан астам соғыс жүргіздім. Жетпіске келген жасымда, мейлі айла құрайын, қолыма найза ұстап майданға шығайын, әйтеуір шығыс жағымнан келген жауға, әсіресе, Қытайға қазақтың бір тұтам жерін бергем жоқ. Ал батыстан келе жатқан орыс еліне, одан бекініс, қала салуына қарсы шықпадым. Тіпті қара шекпендеріне егін-жай да бердім. Осыны неге істедім? Ақ патшамен тіл тапқым келді. Рас, кейде оның қиянаты да аз болған жоқ. Бірақ «битке өкпелеп тоныңды отқа салма» деген, сол ақ патшамен найза арқылы емес, сөз арқылы тіл табысуға тырыссын. Бұлай ету өздеріне сүйеніш болады. Ақ патша тірі тұрса Абылай ұрпағынан ел билеу үстемдігі кетпейді.

**Бұқар:** - Абылай, өмірде қиындықты да, қызықты да көп көрдің, ал сонда қандай өкініш бар?

**Абылай:** - Өкінішім, өз басымның өкініші. Үш жүздің басын қоса алмадым, аз елге хан болдым. Қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым. Орда Көкшетауда тұрғанда ақылшым болған Тимофей Егорұлының кеңесімен Зеренді, Шортандыны жайлаған төлеңгіттеріме егін егуді үйретсін деп орыс мұжықтарын да әкелдім. Бірақ мал баққан, найза ұстаған сорлы қазақ тез көндіге қоймады. Жер алтын қазына ғой. Екі тепе сулы жері бар өзбек, екі үйір жылқысы бар қазақтан бай тұрады. Және жұттан да, қуаңшылықтан да қорықпайды. Ал мен жаудан қазақтың жер біткенін қорғаймын деп жүргенімде дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой, білмей қалдым.

**Бұқар:** - Иә, сенің ұл-қызыңа айтқан арманың орындалады. Елінің қамын жеген, елі үшін туған ерлері ешқашан ұмытылмайды...

А.ИСИНА,  
Ынтымақ орта мектебі.  
Қарағанды облысы,  
Жанаарқа ауданы.

## АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ, ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ – СӘКЕН, ІЛИЯС, БЕЙІМБЕТ

**Мақсаты:** XX ғасырдың арқалы ақын-жазушылары - үш арыстың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы рухани танымын кеңейтуге ықпал ету.

**Көрнекілігі:** 3 арыстың суреті, қанатты сөздер, буклеттер.

**1-жүргізуші:** - Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгін «Абайдың інілері, қазақтың ірілері-Сәкен, Ілияс, Бейімбет» атты кешімізге қош келдіңіздер! Үш бәйтерек! Сәкен, Бейімбет, Ілияс! Үшеуі де- ерекше дарынды тұлғалар. Олар барлық күш-жігерін халқына көркем сөзбен қызмет етуге жұмсады. Зымыраған уақыт жылжып өткен сайын тарихтың терең қойнауына еніп, өз орнын анықтаған, сәт сайын жаңғырып жарқырай түсетін ірі тұлғалар болады. Олар барша адамзаттың ортақ мақтанышына айналады. Қазақ халқының маңдайына біткен сондай жақұт жұлдыздар- Сәкен, Ілияс, Бейімбет.

**2-жүргізуші:** - XX ғасырдағы қазақ поэзиясын жаңа түр,тың мазмұнмен байытқан ақиық ақын, ірі мемлекет қайраткері, сарабдал жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі С.Сейфуллин 1894 жылы дүниеге келген. Балалық шағы ауылында өтеді. Сәкен Ақмола қаласында әуелі Приходская школында, кейін 3 класты қалалық училищені бітіреді. 1913-1916 жылдары Омбы қаласында мұғалімдер семинариясында оқиды. 1914 жылы қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. Енді Сәкеннің өлеңдеріне кезек берсек:

«Еркін дала»-Аружан Досанова. «Сыр сандық»-Болат Диана. «Қамауда»-Заңғар.

**1-жүргізуші:** - Қазақтың Абайдан кейінгі аса дарынды да арынды ақын І.Жансүгіров жерінің бетін 7 өзені өрнектеп, заңғар таулары көкке сұғынған көркем өлкенің әсем бір өңірі-

Талдықорған облысында ағынды Ақсу бойында туған. Анасынан ерте жетім қалған Ілияс әкесі Жансүгірдің тәрбиесінде болады. Әкесі Жансүгір арабша сауатты, алуан түрлі әңгімені көп білетін көшелі кісі екен. Оның үстіне домбырашы, ісмер, ұста болған. Баласына өнерінің бәрін үйреткен. Ілияс 22 жасында Абай өлеңдерімен танысады. 26 жасында Алматыға келіп, қысқа мерзімді мұғалімдер курсы бітіреді. Одан кейін Ташкентке барып, қазақ ағарту институты жанындағы курсты жарты жылдай оқиды. 1926-1928 жылдары Мәскеудегі журналистика институтында оқып, қоғамдық өмірге белсене араласады.

Әр түрлі тақырыпты жырлаған.

**1. Мезгіл суреті. Мадина 2. Күй. Әсет. 3. Жетісу суреттері. Маржан.**

**2-жүргізуші:** - XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосып, биік белеске шығарысқан аса көрнекті суреткер жазушы, үлкен ақын, әрі драматург Бейімбет Майлин сөз өнерінің алтын қорына жататын туындылар берген бірегей дарын. Қостанайдың тумасы Бейімбет әкеден ерте айрылған. Алғашқыда ауыл молдасынан хат таниды. 1913-1914 жылы Троицкідегі «Уазипа» мектебін, 1914жылы Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесін бітіреді. 1914жылы «Садақ» атты қолжазба журналында тұңғыш туындысы «Шұғаның белгісі» повесі жарияланады. Бейімбет - сықақ жанрын да жетілдірген қаламгер. Оған «Мырқымбайы» дәлел бола алады.

«Мырқымбай» өлеңін оқитын: 6-сынып оқушылары Лұқман, Абылай.

**1-жүргізуші:** - «Сәкеннің шыншылдығы-қызып-жанып отыратын, буы білініп тұратын, барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан оның жолы-әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиды бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы»-деген екен М.Әуезов.

Ендеше, сыршыл, шыншыл поэзиясына кезек берейік.

«Көкшетау» поэмасынан үзінді. Оңғарбаева Ақерке. «Аққудың айырылуы» қойылым. Сайлаубай Диана, Наурызбаева Ұлпан, Серікбай Мәди.

**2-жүргізуші:** - Ілияс өзінің аса қуатты суреткерлік

талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған кесек туындылар берді. Атап айтқанда, «Күй», «Күйші», «Дала», «Құлагер» сияқты туындылары соған дәлел болады.

«Құлагер» поэмасынан үзінді. Серікбаева Мөлдір. «Анам тілі» Бейсенбай Динара. «Күй» поэмасынан үзінді. Рымбекова Әйгерім.

**1-жүргізуші:** - Б. Майлиннің шығармалары мазмұны мен түрі жағынан үйлесім тапқан, оның өзіндік қолтаңбасын аңдататын дүниелер. Ол поэзия, проза, драматургия салаларында өнімді еңбектеніп, артына аса құнды мұра қалдырды.

«Майдан» пьесасынан үзінді.

Пұлыш-Диана Болат. Мамық-Гүлзия Рышкен.

**2-жүргізуші:** - Сәкен халқы үшін талай ауыртпалықтың ащы дәмін татып, атаман Анненковтың «азап вагонына» түсіп, түрмеге де отырады. Бірақ қайратты ақын мұқалмады.

«Тар жол, тайғақ кешу» романынан үзінді. Дилара. «Әуілдек» әні. Тұрсынай мен Ақерке.

**1-жүргізуші:** - Ілиястың ұрпақ жайындағы ой-толғаныстары, парасатты пікірлері, поэзиядағы тереңдігі мен батылдығы білімпаздық пен таланттың үлгісі ретінде үздіксіз жасай береді.

«Ұршық». Жанел Асқарова. «Бұлбұлға». Шұғыла Исмайылова, 5-сынып.

**2-жүргізуші:** - Сәкен көркем проза саласында да тамаша туындылар берді. Мысалы «Жұбату», «Бандыны қуған Хамит», «Жер қазғандар», «Жемістер», «Айша» сияқты хикаяттарында жазушылық шеберлігі айқын көрінеді. Ол-қазақ прозасында психологиялық, реалистік пейзаждың тамаша үлгілерін жасалған жазушы.

«Бандыны қуған Хамит» әңгімесінен үзінді. Айым Отырсынова.

**1-жүргізуші:** - Б. Майлин драма саласында да өзіндік қолтаңбасын қалдырды. «Шаншар молда», «Ауыл мектебі», «Жасырын жиналыс», «Майдан», «Көзілдірік», «Талтаңбайдың тәртібі» сияқты драмаларында жаңа ауылдағы ескілікті, жаңаның жолына кедергі болар кертартпа кеселді көрсете білген. Оны «Талтаңбайдың тәртібі» деген драмасында

Талтаңбай бейнесі арқылы ашқан. Талтаңбай-атына заты сай кейіпкер.

«Талтаңбайдың тәртібі» драмасынан үзінді. Талтаңбай бейнесінде: Рүстем. «Қазақ елі» әнін орындайтын: Маржан.

**2-жүргізуші:** - С. Сейфуллиннің «Жас қазақ марселье-засы» шақыру, ұран стилінде жазылған. Патшаның әділетсіздігін, ұлықтардың паракорлығын, байлардың мейірімсіздігін әшкерелеп, теңдікті майданда алу керектігін айтады. Өлең формасының жедел қарқынды үнге сәйкес берілуі-қазақ әдебиеті үшін зор жаңалық еді.

«Жас қазақ марсельезасы». Орындайтындар: Маржан мен Мәдина.

**1-жүргізуші:** - Биыл халқы үшін күрес жолында жанын пидә еткен үш арысымыздың туғанына 120 жыл толады. Алты алаштың алдаспаны, поэзия пайғамбары, сұлулықтың символы, жырымен сырлы, жанымен нұрлы үш арыстың шығармаларын жас ұрпақ сүйіп оқиды. Бұлардың асыл бейнесі, асқақ жырлары жыл өткен сайын жаңғыра бермек!

Ән. «Айналдым елім» Орындайтындар: Ақтілек пен Гүлнұр.

«Отаным-Қазақстан». Орындайтын: Еңлік, Аружан, Айым.

**2-жүргізуші:** - «Абайдың інілері, қазақтың ірілері-Сәкен, Ілияс, Бейімбет»- деп арқалы ақын Кәкімбек Салықов дұрыс бағалаған.

Ән. «Үш арыс» сөзі Кәкімбек Салықовтікі, орындаушы Берікқызы Мадина.

**1-жүргізуші:** - Аз ғұмыр кешсе де өмірімен де, өнерімен де үш арысымыз өшпес өнеге болды.

«Туған жер» әнін 5-сынып оқушылары Мадина мен Ақнұр орындайды.

**2-жүргізуші:** - Қазақ поэзиясы биік белестерден көрініп, биік шыңдарға жалғасып келеді. Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің жүрек сазымен жазылған өлеңдері мәңгі жасайды. Осындай поэзиядан нәр алған бүгінгі ұрпақ бақытты! Бүгінгі кешімізді «Жаса, Қазақстан» әнімен аяқтаймыз.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

## **БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Петропавл қаласы. 2015 жылғы 20-21 мамыр. Қазақстан Республикасы **Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 176 бұйрығы** негізінде **Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан** облыстық білім басқармасымен бірлесіп осы жылғы 20-21-мамыр күндерінде Петропавл қаласында «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» қазақ тілін үздіксіз деңгейлеп оқытудың жаңа моделі» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция (бұдан әрі – Республикалық конференция) өткізді.

### **Республикалық конференцияны өткізудегі мақсат:**

- Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында және Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді В-1 деңгейінде меңгерген мектеп түлектерінің үлесін 100 пайызға жеткізу қажеттігі жөніндегі білім беру саласына жүктелген тапсырмасын орындау;

- Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты **Қазақстан халқына Жолдауындағы біздің Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тілге айналған қазақ тілін ұлттың, бейбітшілік пен тұрақтылықтың ұйытқысы** ету жөніндегі өзекті ойларын жүзеге асыру;

- **Елбасының 2014 жылғы 15 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік елдің ұлы тарихы»** тақырыбында сөйлеген сөзі негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің білім беру мазмұнына енгізілген «Тәуелсіздік толғауы» материалдарын оқыту мәселелерін талқылау;

- «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты», яғни, қазақ тілін үздіксіз оқытудың жаңа Моделі негізінде **қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде ХХІ ғасыр талаптарына сай оқытудың өзекті мәселелерін талқылау;**

- **Қазақстан мектептерінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетін сапалы оқыту, көптілді және билингвалдық білім беруді дамыту мақсатында мұғалімдерді халықаралық тәжірибемен, еліміздің дарынды ұстаздарының озық әдістемелерімен таныстыру, өзара тәжірибе алмасуларына жағдай жасау.**

Республикалық конференция жұмысына ҚР Білім және ғылым министрінің, облыстық әкімдіктің, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКЫҰ), **Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы филиалының,** бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, еліміздің ұлттық мемлекеттік университеттерінің оқытушылары, қазақ тілін деңгейлік оқыту Стандартының, деңгейлік оқу бағдарламаларының авторлары, облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, облыстық біліктілік арттыру институттарының мамандары, Солтүстік Қазақстан облыстық білім беруді басқару органдарының басшылары, тілші, әдебиетші ғалымдар, жалпы білім беретін ұйымдардың, республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

I. Конференцияның М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің базасында өткен пленарлық мәжілісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бас сарапшысы Р.Батталдың еліміздің жалпы білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиетін

оқытудың өзекті мәселелері туралы баяндамасы, сонымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары А.Дүйсенованың, «Өрлеу» Ұлттық орталығының Солтүстік Қазақстан облыстық БАИ директорының орынбасары, ф.ғ.к. М.Қуантаеваның, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, п.ғ.д. Ф.Оразбаеваның, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. С.Жұмағұловтың, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, п.ғ.к. А.Рауандинаның, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ доценті, ф.ғ.к. Ж.Таласбаеваның, Алматы қалалық ұйғыр тілінде оқытатын А.Розibaқиев атындағы №153 гимназияның мұғалімі Г.Мәсімованың, Қарағанды қалалық білім бөлімінің әдіскері Г.Аймағанбетованың, Батыс Қазақстан облысындағы Қ.Байсықов атындағы мектеп директоры Б.Ізбасарованың мемлекеттік тілді үздіксіз деңгейлеп оқыту жүйесі, қазақ тілі мен әдебиеттен сапалы білім беру, көптілді және билингвалдық білім берудің өзекті мәселелері жөніндегі баяндамалары тыңдалып талқыланды.

II. Конференция барысында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің республикалық және облыстық конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпазы Б.Әділов: «Көркем әдебиеттің бала тәрбиесіне тигізер әсері» тақырыбында шеберлік дәрісін жүргізді.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының сарапшысы А.Стоянова «Мемлекеттік тілді екінші тіл ретінде оқытуда *CLIL* әдістемесінің ерекшеліктері мен артықшылықтары» тақырыбында шетелдік тәжірибелер бойынша тренинг өткізді.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әдіскер – мұғалімі Д.Нұрсейітовтің «Қазақ тілін екі аптада үйренеміз» атты мемлекеттік тілді жедел оқыту әдістемелік жобасының тұсаукесері өткізілді.

Астана қалалық №5 гимназия директорының орынбасары, әдіскер-мұғалім Г.Қылышбаеваның «Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту - ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбындағы; Петропавл қалалық №26 орта мектеп-балабақша кешенінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Л.Милютинаның «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім беру ұйымдарында үздіксіз деңгейлеп оқыту тәжірибемнен» атты тәжірибелік тұсаукесерлері өткізілді.

III. Конференцияның екінші күні - 21-мамырда «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісіне озық технологиялар мен әдістемелерді енгізу және орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілін деңгейлеп оқыту тәжірибелері» атты секциялық мәжілісте Петропавл қаласындағы қазақ тілінде оқытатын мектеп-гимназияның, аралас тілде оқытатын №26 балабақша-мектебінің және аралас тілде оқытатын №1 лицейдің тәжірибелі мұғалімдерінің ашық сабақтары, сыныптан тыс түрлі шығармашылық шаралар, пікір алысулар жүргізілді.

IV. Конференция жұмысын қорытындылау мақсатында «Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін заман талабына сай оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылып, пленарлық және секциялық мәжілістердегі пікір алысулар мен талқылаулар негізінде қатысушылардың Ұсыныстары қабылданды.

Қатысушылар республикалық конференцияның ұйымдастырылуы мен өткізілуі теориялық және практикалық тұрғыда жоғары деңгейде өткенін атады.

*Ұйымдастыру комитеті.*



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.06.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2850.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2015 ж., 144 бет, Алматы.